

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

**Казахский язык и литература
в русской школе**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

12/2011 ЖЕЛТОҚСАН

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша
БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК,
Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия
ОРАЗБАЕВА, Күлнәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Ғылыми ойлар отауы

Баянғали ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ.	Мемлекеттік тілді өзге тілді топтарда жаңа заман талабына сай оқытудың кейбір мәселелері.....	3
Марал ӘДІЛХАНОВА.	Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың әдістемелік негіздері.....	9

Мұғалімдерге көмек

Сәулеш ӨЗІМХАНҚЫЗЫ.	Жаһандану жағдайында қазақ тілі сабақтарында жаңа технологияларды тиімді қолдану әдістері.....	21
Айгүл ҚАБДЫРАҚЫШЕВА.	Ақпараттық-коммуникативтік құзырет арқылы оқу әрекетін арттыру.....	27
Сәуле МЕДЕУОВА.	Тестілеу – білім мен біліктілікті педагогикалық бағалаудың жаңа инновациялық моделі.....	30
Светлана ДОСЖАНҚЫЗЫ.	Қазақ тілі сабағында оқушының ақпараттық-коммуникативтік қабілетін дамыту.....	35
Раушан ИЗГУТДИНОВА.	Қазақ тілін оқытудағы тіл дамыту жұмыстары.....	38

Тіл дамыту жолдары

Р.БАХТИЯРОВА.	Орыс сыныптарында оқитын оқушыға қазақ тілін үйретудің жолдары.....	45
Әсел ТЕМІРБЕКОВА.	Жоба технологиялары арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту.....	55

Тарихи тұлға

Амангүл ЖҰМАБЕКОВА.	Елдіктің, еркіндіктің туы – Абылай.....	58
Майпруза НҰҒМАНОВА.	Шығыстың аққан жұлдызы.....	63

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Әмина БАЛТАБЕКОВА.	Сөздік қоры мол суретші.....	74
Шынар БАҚТЫГЕРЕЕВА.	Фонетика тарауын қайталау.....	79
Гүлсін ӘСКЕРХАНҚЫЗЫ.	Ой дамытқан отбасы.....	83
Жұмабала ОМАРОВА.	Сөйлем талдаудағы салауатты өмір салты.....	87
Сандуғаш НӘБИЕВА.	Буын түрлерін оқыту.....	91
Ұлмекен ЖӘКЕЕВА.	Тіл байлығы – жыл мезгілінде.....	95
Анар ДАИРОВА.	Жаңа сөзді үй жануарлары.....	99
Әлия ЖҰМАБАЕВА.	Мәтінмен жұмыс – сурет көрмесінде.....	104
Ақмарал МЕЙІРМАНОВА.	Зат есім және қыс келбеті.....	107
Айгүл АБДУОВА.	Сөйлеу дағдысында – Балқаш көлі.....	112
Айгүл МЕДЕУЛОВА.	Сөйлем құрау сұрағы – нан дастарқанға қалай келеді?.....	117
Гүлия ҚАЗБАЕВА.	Етістіктің болымсыз түрі.....	122

В мире педагогики

Сейдин БИЗАКОВ.	Слова душевной расположенности.....	124
-----------------	-------------------------------------	-----

Сыныптан тыс тәлім

Ләйла САДЕНОВА.	Желтоқсан жаңғырығы.....	129
-----------------	--------------------------	-----

Ойын – ойдың өрісі

Құралай САТУБАЛДИНА.	Даярлық тобы және шағын ортада балаларға арналған психокоррекциялық ойын бағдарламасы.....	132
----------------------	--	-----

Мұғалім мінбесі

Әлия КӘКІМҚЫЗЫ.	Сын тұрғысынан ойлау.....	141
-----------------	---------------------------	-----

Баянғали ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ,

Астана қаласындағы

Білім беру жүйесіндегі кадрлар біліктілігін
арттыру және қайта даярлау институтының
гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқыту
әдістемесі кафедрасының меңгерушісі,
филология магистрі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ӨЗГЕ ТІЛДІ ТОПТАРДА ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Өркениетті әлем Қазақстанды экономикалық қор-
қуаты мол, болашағы зор, саясаты сенімді, бағыты байыпты
мемлекет ретінде таныды. Алайда ХХІ ғасырда осынау
дүбірлі дүниеде өзінді мойындатудың тағы бір жолы
бар. Ол – жалпыға тағылымды тарихыңды таныту, өрелі
мәдениетіңді өрістету, озық ғылымыңды көрсету.

Қазақ – тілі мен әдебиетінің, өнерінің сан ғасырлық
өткені бар ұлт. Қара тасты жарып шыққан таудың кәусар
бұлағы қандай мөлдір болса, қазақтың тілі мен ділі де
сондай таза. Мәселе – оны көздің қарашығындай сақтай
білуде. Сақтап қана қоймай, қасиет тұта қастерлей де білу
керек. Елдің ертеңіне кепілдік болар жас буынның бойына
сіңіріп, ойына руханилықтың дәнін дер кезінде егу парыз», -
дейді Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев.

Қазақ тілінен қымбат, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Бұл тіл-
халықтың даналығы, танымы мен талғамын тауып айтатын,
шыншылдығын көрсететін, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан
ұрпаққа мирас болып келе жатқан асыл да баға жетпес

казына. Сол тіліміздің қадір-қасиетін жоғалтпай, мәртебесі мен беделін биікте ұстау – бізге міндет.

«Дүниедегі ең асыл тіл-араб тілі, одан кейін – түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі гауһары – қазақ тілі»,– дейді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Әдебиетіміздің төрінен орын алған ғұлама жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге болады, себебі ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады. Тегінде, қай мамандық саласында жүрген адам болса да, шын интеллигент дәрежесіне жету үшін әдебиетті білу – жалпыға ортақ шарт»,– дейді.

Дүние жүзінде шамамен 5651 тіл бар деп есептелсе, сөйлеушілерінің саны жағынан алғанда қазақ тілі осы тілдердің ішінде нешінші орында екенін айтып мақтануға әлі ерте.

Адамның өз ана тілі – жан дүниесінің айнасы. Олай болса, мемлекеттік тіліміздің аясын кеңейтуде атқарылар мәселелер өте көп. «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында көрсетілгендей, мемлекеттік тілді жетілдіру және қолдану аясын кеңейту мәселесінде атқарылар міндеттердің бірі – мектеп қабырғасынан мемлекеттік тілді заман талабына сай сапалы да мазмұнды оқыту және бұл тұста кадрлар мәселесіне қатаң талаппен қарайтын уақыт жетті.

Мемлекетіміздің тәуелсіздігіне 20 жыл толып, тіліміз мемлекеттік тілге айналған сәтінде өз ұлтымыздың, әлі де болса, тіл мәселесіне атүсті қарап келе жатқаны – шындық.

«Өзге ұлттан қорықпа, өз тілін өзі өгейсіретіп жүргендерден қорық»,– деген даналы сөз әлі өз тұғырында, өз заманында тұрғаны жасырын емес.

Мені қатты мазалайтын мәселе – өзге тілді топтардағы ұлты қазақ балаларының тағдыры. Олар қандай тілді

оқу орнында оқыса да, өз ана тілін терең меңгеру үшін жағдайдың қарастырылмай келгені – шындық. «Ұрпақ орыс тілді болып, өз ана тілін ұмытып қалды», - деп қанша айтқанмен, уақытында есемізді жіберіп алып, бармағымызды тістедік, сөйте тұра енді жаппай ағылшын тіліне жармасуды әдетке айналдырдық. Ұрпақтың көп тілді меңгергенінен ұтылмасымыз рас, бірақ ұлттық құндылықтардан тілінен, дінінен, ділінен ада қалған ұрпақтың ел көсегесін көгертетініне күмәнім бар.

Біз үнемі өз құндылықтарымызды ұрпақ бойына сіңіре алмай отырып, өзгенің таңсығына бүйрегіміздің бұрып тұратыны жаныма батады. Осылай ел асырып, жер асырып, өз елінің табиғатынан, ауасынан, рухынан тамыр үздіре отырып, олардың бойынан патриоттық қасиетті іздейміз.

Қазақстанда тұратын өзге ұлт балаларына тіл үйрету оңай шаруа емес, бірақ оны ұстаздарымыз мойымай, шаршамай, талмай көтеріп келеді. Ал, өзге тілді оқу орындарында оқитын ұлты қазақ жастардың қазақ тілі пәні бойынша білім деңгейлері айтарлықтай емес, себебі, бір топтағы әр түрлі деңгейлі, яғни, өзге ұлт пен қазақ балаларына бірдей жұмыс жүргізу нәтижелі болмайды. Сол үшін де өзге тілді топтардағы ұлты қазақ балалары заман талабынан қалыс қалмауы үшін төмендегі жайттар қарастырылуы керек.

I. Барлық топтарды екіге бөлген кезде тең бөліп, білім алушының тілді меңгеруін ескере отырып, өзге ұлт өкілдерін 1-топқа, таза қазақ балаларын 2-топқа топтастыру керек. Ал, өзге ұлттың ішінде қазақ тілін жетік білетіндер 2-топқа кіре берсін (шетел тілін оқытқанда оларды жаңадан үйренушілер, дамыта оқыту тобы, т.б. деп бөледі, бұл - өте тиімді әдіс). Бұл жерде біздің ұтатынымыз – өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік стандартқа сай білім берсек, қазақ балаларына өз ұлтының тілін тереңірек білуіне жағдай жасалар еді. Олар тілді тереңірек, жетік білуге мүмкіндік алады, себебі

олардың ол – ана тілі. Сонымен қатар, қазақ баласы өзін өзге ұлтпен емес, білім деңгейі өзіндей қазақ баласымен салыстырар еді.

II. 2-топтағы тілді жақсы меңгерген білім алушылармен тереңірек шығармашылық жұмыстар жасалу керек. Тілді, әдебиетті, тарихты, мәдениетті, дінді, ділді, Отанын сүюге, өз ұлтының қадір-қасиетін, дәстүріміздің құндылығын терең ұғынатындай білім алуына жағдай туғызуы – міндет.

Екі топтың оқулығы бір болғанмен, тапсырманы түрліше беруге болады. Мысалы, 2-топқа мынадай күрделі тапсырмаларды жиі орындату арқылы оларды дамытуға болады деп есептеймін:

1. Қазақ тілі грамматикасын жетік білуге, сауатты жазуға үйрететін жұмыс түрлері.

2. Құрмалас сөйлемдерге фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік талдаулар жасай білуге арналған жұмыстар.

3. Қазақ ауыз әдебиетін негізге ала отырып, аңыз, ертегі құрастыра білуге арналған жұмыстар.

4. Өтірік өлең, сөзжұмбақ, жаңылтпаштар құрастыра білуге арналған жұмыстар.

5. Аллитерацияға құрылған өлеңдер, әңгімелер, жұмбақтар, т.б. жаза білуге арналған жұмыстар.

6. Мақал-мәтелдердің мағынасын толық түсінуге арналған жұмыстар.

7. Шешендік сөздердің мәні мен қанатты сөздердің мағынасын түсінуге, жақсы сөздерді оқушының лексикасына енгізуге арналған жұмыс түрлері.

8. Түрлі еркін тақырыптарға шығарма жаза білуге үйрету жұмыстары.

9. Өз бетімен оқыған көркем әдебиеттен кейінгі ойларын айта білуге үйрету жұмыстары.

10. Оқыған шығармалардағы кейбір оқиғаларды, кейіп-

керлерді суретте бейнелеу жұмыстары.

11. Өлең, көркем сөзді мәнерлеп оқудың қыр-сырын үйретуге арналған жұмыстар.

12. Білім алушының тілі мен ойын дамытатын ойын түрлері, т.б.

13. Білім алушының ұлттық танымын қалыптастыруға арналған өлең, жыр, дастандарды жатқа оқи білуге арналған жұмыстар.

14. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды білуге арналған жұмыстар, т.б.

15. Әр түрлі пән қызығушылығын арттыратын ойын түрлері мен жаңа педагогикалық технологияларды сабақта пайдалана отырып, білім сапасын арттыруға арналған жұмыстар.

III. Өзге тілді оқу орындарына қатысты бір мәселе. Өзге тілді оқу орынындағы ұлты қазақ балалар пәндік, яғни, қазақ тілінен олимпиадаларға қатыстырылған емес. Бұл өте үлкен қате деп есептеймін. Өзге тілді оқу орындарында оқыған қазақ баласынан жазушы, ақын, тілші, аудармашы шықпайды деп кім кепілдік бере алады?

Сондықтан қазақ балалары үшін ұлты өзгелерден бөлек олимпиада ұйымдастырылуы керек. Ол қазақ баласының өз тілін терең үйренуіне көмегін тигізеді деп сенемін. Бұл жерде айтпағым, жаңа ғасыр, мың жылдықта өзге ұлт мектептеріндегі, колледж, университеттердегі ұлты қазақ балаларының тағдыры тәлкекке түспесе екен.

Қазақ тілін өзге тілді топтарда оқытудың түйінді мәселелерін зерттей жүріп, әдістемеміздің әлі де болса, көп мәселелер бойынша кенже қалып жатқанын аңғару қиын емес. Оның өзінен біз шынайы өкініш тауып, қалай болғанда да қазақ тілін өзге тілді топтарда оқытуды биік деңгейлерге көтере аламыз деген ой тұңғиығына батып, солардан тапқан шын асылымызды әкелгіміз келеді.

Қазір мектепте, колледжде, университетте жүрген, ертең-ақ ер жетіп, әлемге танылатын, болашақтың тізгін ұстарларының санасын, ақыл-ойын, интеллектісін қазақ тілі негізінде қалыптастырып, сол арқылы басқа рухани бастаулардан сусындай алатын дәрежеге жеткізу-оңай міндет емес. Осы реттегі басты міндет – өзге тілді топтардағы қазақ тілін оқыту жайына жаңа леп әкелу, ондағы жас ұрпақтың санасын ғана емес, жанын тәрбиелеудің міндеттерінің бір ұшын қазақ тілін оқыту әдістемесіне жүктеу. Сонымен қатар, барлығымен тең дәрежеде тұра алатын, игерген білімімен тәрбиелік қазынасын ұлтымыздың, жалпы адамзаттың игілігіне жұмсауға санасы жететін азаматты тәрбиелеуге қазақ тілін оқыту процесі үлкен үлес қоса алуы тиіс.

Әрбір адамның мектеп жасынан мемлекеттік тілді үлкен жауапкершілікпен оқуға негіздеп, болашақ таңы мемлекеттік тілде екенін түсіндіре және мойындата алсақ, мемлекеттік тіл мәселесін жан-жақты қадағалап, мәртебесін арттыруға күш-жігерін аямаса, мемлекеттік тілдің дамуы мен қолдану аясының кеңеюіне күмән келтірмеуімізге болады.

Жалпы, қорытындылай келе, өзгеден бұрын өз ұлтымыздың балаларының өзге тілдің жетегінде кетпей, өз ана тілін жетік меңгеруін басты назарда ұстауымыз шарт деп есептеймін. «Өгіз де өз тілінде мөңірейді, қорсылдаған құлынды көрген жоқпын», – демекші, өз ұлтымыздың балаларының тілін шұбарламауына, жетік білуіне алдына ала қандай да бір қызметтер істеу – біздің парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Ана тілі» газеті. №4, 2010 ж.
2. «Қазақстан мектебі» журналы. №7, 2008 ж.
3. «Білім» журналы. №6, 2010 ж.

Резюме

В этой статье рассматривается проблема изучения государственного языка в школе с неказахским языком обучения в соответствии с требованиями времени.

Resume

The problem of learning state language in non-kazakh schools is considered in this article.



Марал ӘДІЛХАНОВА,
Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе мемлекеттік
университетінің магистранты.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Үздіксіз білім беру моделі арқылы қазақ тілін оқытудың стандарты негізінде шығармашылық педагогикалық ізденістің және оқытудың жаңа әдістемелерін әзірлеудің тұрақты процесі қажеттілікке айналатын болады», [1]- деп атап көрсетеді. Бағдарламада бұл үшін қажетті ғылыми-әдістемелік, материалдық-техникалық және кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету, тілдің қоғамдық өмірдегі қызмет аясын кеңейту шараларымен қатар оқу орындарында тілді оқыту мен үйрету әдістемелерінің сапасын жақсарту,

мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымын дамыту мен жаңа технологияларын әзірлеу мәселелеріне айырықша назар аударылған. Бұл мақсаттарда қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту мәселесіне үлкен мән берілген. Тілді оқытудың, үйретудің нақты міндеттері көрсетілген.

Осыған орай, еліміздің білім беру жүйесі мемлекеттік тілді оқытып, үйретуді дүниежүзілік стандарттық үлгілерге жақындастыруды және оларды жүзеге асырудың тиімді жолдарын іздестіруді міндеттейді.

Академик Ә.Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда атқаратын өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни, қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсіну үшін қажетті қызметі; екіншісі – көркем шығарма тіліне тән адам баласына образ арқылы әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі; үшіншісі – ғылыми терминмен айтқанда, кумулятивтік қызметі, яғни, ол тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті», – деп, тілді рухани құндылық ретінде бағалайды [2]. Бұл – қатысымдағы сөздің, сөздер жиынтығы арқылы қызмет ететін тілдің басты бағыттарын айқындайды.

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілінің бірі Қ.Жұбанов тілдің өзіндік ерекшелігі ретінде номинация және коммуникацияны атап көрсеткен. Ғалым олардың айырмашылықтарын былайша түсіндіреді: «Әр нәрсенің өзін жеке көрсету, даралап айту қасиетіне ие болған сөз – зат, сипат, құбылыс аттары болып қалыптасқан. Бұл аталғандар – тілдің негізгі өзгешеліктері. Тілдегі осы айтылған ат қою мүмкіншілігін номинация дейміз. Тілдің бұдан басқа тағы бір қызметі – хабар беру. Оның бұл өзгешелігін коммуникация дейміз», – дей келе ғалым тілдің бұл қызметтерінің

ерекшелігін мысалдармен дәлелдеп, мынадай қорытынды жасайды: «...сөз белгілі тәртіппен тізіліп барып, хабар болады, сөздер жеке-жеке жүреді, бірақ олар жекелік үшін жасалған емес, басқаға жанасым тауып, үйлесерлік болып жасалған. Өз басы атау болуға жаралған сөзді бүтін дейміз. Бүтін, әрине, бөлшек емес. Сөйте тұра олар құрамды бөлшек болып барып, материал болып, тұтас ой туғызатындықтан, жеке сөздерді үйлесім табушылар тобының бір бөлшегі дейміз» [3]. Ғалымның пікіріне сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: Сөздің аталған екі қызметі ажырамас бірлікте жүреді. Сөздің атауыштық қасиеті арқылы аталымдық қызметі көрініс берсе, бір нәрсе жайлы хабар беру, қарым-қатынас құралы болу арқылы сөз коммуникативтік қызметке ие.

К.Аханов: «Тіл – тек қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ойлаудың, ойдың жарыққа шығуының да құралы. Адамның тілі ой арқылы, тілдегі сөйлемдер мен сөздер арқылы айтылып, белгі бола алады. Ой және оның мазмұны тіл арқылы көрініп, сол арқылы ұғынылады. Адам өз ойын басқаларға тіл арқылы айтып, не жазып жеткізеді», – деген [4, 68 б.]. Ғалым пікірінен тіл мен ойлаудың ажырамас бірлікте екеніне және ойлаудың тіл арқылы жүзеге асатынына көз жеткізуге болады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі – ғылым саласы болып қалыптасқаннан бергі жинақталған мол мұраны танып-білу ісі жалғасты бола бермек. Қазақ тілінің ана тілі ретінде оқытылуы, екінші тіл ретінде оқытылуы, шет тілі ретінде оқытылуы деген ішкі салаларына байланысты да әдіскер-ғалымдардың қаламынан қалған мол мұра бар.

Екінші тілді оқыту мәселесіне негіз болатын елімізде қалыптасқан қостілділік жағдайы екендігін айта келе, Б.Хасанов екінші тілді білуді былай көрсетеді: «екінші тілді меңгеру дегеніміз тілді, оны туғызатын халықты, оның

отаншылдық ұстанымдарды орнықтыруға апарып саяды» [5]. Қазақстанның көптілді және көпұлтты жағдайында қазақ тілі өзге ұлттардың ана тілдерінен кейінгі екінші тіл ретінде қызмет атқаруы тиіс. Осыған байланысты қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесін алғаш сөз еткен Қ.Қадашева оның ерекшеліктерін жіктеп көрсеткен. Соның ішінде «қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту дегеніміз тіл үйренушіге білім берумен қатар сөйлеу іс-әрекет түрлерінің негізінде дағды мен біліктілікті қалыптастыру міндетін қарастырылатынын және өз елінде мемлекеттік тіл ретінде оқытылатын практикалық пән», - [6,17-20] деп анықтайды.

Ғалым Ф.Оразбаева: «Қазақ тілін оқытуда әр түрлі амалдар мен жолдар қолданылғанымен, әр оқытушы үшін ең ұтымды, ең пайдалысы – оқушының қоғамдық ортада пікір алмасуын, адамдардың түсінісу қажеттілігін өтейтін, басқа ұлт өкілдері үшін, қазақ тілінде сөйлесе білуді қамтамасыз ететін түрі. Бұл саладағы еңбектің ең әділ таразысы – оқытылған сабақтың, үйретілген тілдің нәтижесі», - деп жазады [7].

Қазіргі таңда әлеуметтік сұраныс орта кәсіптік оқу орындарының студенттеріне мемлекеттік тілді оқытып-үйретудің кәсіби бағдарлы, қатысымдық жағын күшейту, сөйтіп оны ұлтаралық қатысым құралына айналдыру талабын қойып отыр. Мемлекеттік тілдің қоғамдағы қатысымдық қызметінің деңгейін көтеру үшін оны студенттерге кәсіби бағытта оқытып-үйрету қырынан жандандыру қажет. Бұл жағдай аталған іске жаңаша қырынан келу керектігін айқындайды. Атап айтқанда, орта кәсіптік оқу орындарының студенттеріне мемлекеттік тілді оқытып-үйретуді білім берудің кредиттік жүйесіне негіздеп, өмірмен, осы өмір шындығын танытатын басқа пәндермен және маманның болашақ кәсібімен тығыз байланыстыра жүзеге асыру.

Осыған орай, орта кәсіптік оқу орындарының студенттеріне кәсіби қазақ тілді екінші тіл ретінде кредиттік технология арқылы меңгерту – бүгінгі күн талабынан туындап отырған мәселенің бірі. Бұл мәселе жұмыстың өзектілігін дәлелдейді.

Тіл үйрету жұмысы – өте күрделі процесс. Сондықтан оқыту барысында жүргізілетін жұмыстардың барлығы бір-біріне байланысты, жеңілден ауырға қарай, сатылап жүргізілуі қажет. Студенттер қазақ тілі сабағында тек тіл үйреніп қана қоймайды, олардың сабақ барысында қазақша ойлау дағдылары қалыптасып, өмірге өзіндік көзқарасы айқындалып, ұғым-түсінігі кеңейеді. Оқытушы әр студенттің қабілетін, қазақ тіліне деген көзқарасын білуі қажет.

Тілдік және қатысымдық тұлғалар ойлау жүйесінің нәтижесінде дұрыс қолданылып, тілдегі сөйлесім әрекеті арқылы жүзеге асады. Сондықтан тілді үйрету барысында әрбір студенттің жеке қабілеті, саналығы еске алынып, жан-дүниесі ескеріледі.

Қазақ тілі сабағында студенттер болашақ мамандығы бойынша ғылым негіздерімен танысып, білімді игеруде түрліше оқу іс-әрекеттерін орындай отырып, өзінің шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді.

Мемлекеттік тілді орта кәсіптік оқу орындарында екінші тіл ретінде оқытудағы мақсат – студентті қазақ тілінде дұрыс оқуға, сауатты жазуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға (тыңдау, түсіну, оқу, жазу, сөйлеу) үйрету. Ойлау қабілетін тәрбиелеу студентті жан-жақты дамытумен тығыз ұштасып жатады. Бұл оның білуге құмарлығын, көзқарасы мен сенімін тәрбиелеумен қоса жүргізілуі тиіс.

Орта кәсіптік оқу орындарында қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда болашақ мамандарды мемлекеттік тілде іс жүргізу мен қызметтік қарым-қатынас жасай білуге дағдыландыру ғана емес, оларды халқымыздың салт-дәстүрін танып-білуге, құрметтеуге баулу да негізгі

мақсаттың біріне саналуы тиіс. Өйткені қазақ тілін оқытудың ұлттық дәстүрмен сабақтастығы тіл үйренушінің өз мемлекетін сүйеге, оның салт-дәстүрін құрметтей білуге игі ықпал жасайды.

Орта кәсіптік оқу орындарында қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың әр түрлі жолдары мен технологиялары тәжірибеге енгізілген.

Оқыту әдістері – оқу - тәрбие мақсаттарына жетуге бағытталған мұғалім мен студенттердің өзара байланысты іс - әрекеттерінің тәсілдері.

Кәсіби оқыту әдістері – бұл жүйелі және логикалық бірлігімен іс-әрекет жасайтын педагог пен студенттің бірлескен қимылы. Осы арқылы студенттер кәсіптік білім негіздерін меңгеріп, білік пен дағды, шығармашылық қабілеттіліктерін дамытып, кәсіби шеберлік қыр-сырын үйреніп, оның негіздерін қалыптастырады.

Әдістерді іштей жіктеуде әр түрлі негіздер аталады. Мысалы, А.Н.Щукин екінші тілді үйретуде әдістерді жіктеуде басты белгі ретінде тілді игертуде қай тұрғыдан келу (подходы к обучению языку) маңызды дейді [8]. Атап айтқанда, әдіс тілді саналы түрде игеруге бағыттала ма, өз ана тілінің ерекшелігі ескеріле ме, сөйлесім әрекеті бір-бірімен байланыстырыла ма деген тұрғыдан қарастырады. Яғни, тілді игертудегі саналы әрекеттерге негіздей отырып, әдістерді: интуитивті (тікелей әдіс), саналы, аралас және интенсивті деп саралайды. Әрқайсысын іштей бірнеше әдістерге бөледі. Аралас әдісте табиғи (тікелей) әдістің де, саналылық әдісінің де белгілері болады. Аралас әдіс: оқылым әдісі және қатысым әдісі болып бөлінеді. Оқылым әдісінің (метод чтения) негізін салған ғалым – М.Уэст. Оның мақсаты – оқушылардың шет тілін оқи білу іскерлігін қалыптастыру, яғни, ғалым «сөйлей отырып сөйлеуге, оқи отырып оқуға үйретуді» өзіне мақсат етеді. Ғалым оқудың

екі түрін: жекелеген сөзді оқу (пословно), яғни, әр сөзге көзді тоқтатып оқу және жүгіртіп оқу, яғни, оқушы мәтіннен қажетті ойды іздеу мақсатында оқу. Аралас әдістің екінші түрі – қатысымдық әдіс. Қатысымдық әдіске арнайы тоқталған ғалым Ф.Оразбаева оны тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын негізгі әдістің түрі ретінде сипаттайды [9,148 б.]. Сонымен, өзге тілді студенттерге қазақ тілін үйретуде ең тиімді әдіс – қатысымдық әдіс деп айтуға болады. Өйткені, қазақ тілі пәнінің де мақсаты – студенттердің тілді бір-бірімен қарым-қатынас құралы ретінде игеруі.

Оқытудың әдістемесін, оның қағидалары мен сипаттамаларын төмендегідей атап көрсетуге болады:

Хабарламалық-дамытушы әдістер: дәріс, әңгіме, түсіндіру, оқу фильмдерін көрсету, педагогикалық әдебиеттермен өз бетіндік жұмыс, білім беру бағдарламаларымен өз бетімен жұмыс.

Проблемалық ізденіс әдістері: оқу материалын проблемалы баяндау, эвристикалық әңгіме, пікірталас, зерттеу жұмысы, кіші топтардағы студенттердің ұжымдық ойлау іс-әрекеті, лабораториялық ізденіс жұмыстары.

Репродуктивті әдістер: оқу материалын мазмұндау (пересказ), үлгіге байланысты тапсырмаларды орындау.

Шығармашылық-репродуктивті әдістер: педагогикалық тақырыптарға шығарма жазу, сөзжұмбақтар құрастыру, педагогикалық жағдайларды талдау, іскерлік ойындар, педагогикалық міндеттерді шешу.

Студенттердің өз бетіндік жұмыстарының формалары: педагогикалық сөздік жүргізу, түпдеректерді конспектілеу, аннотациялау, педагогикалық әдебиеттерді рецензиялау.

Дәстүрлі оқыту формалары үшін әдіс-тәсілдер ойластырылған; кеңінен қолданылып жүргендердің ішінде ерекше орын алатыны – оқытудың белсенді (активті) және аралық белсенді (интерактивті) әдістері.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде және қазақ тілін шетелдік тілі ретінде оқыту әдістемесіндегі негізгі бағыт, ол – интерактивтілік. Бұл – біздің қарым-қатынастар орнату мен оларды қолдау үшін қолданатын тіліміз. Бұл, әдетте, мазмұны хабардан тұратын іскерлік тілмен салыстырғанда, мақсатқа жету тілі болып табылады. Өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін сөз сөйлеуші интерактивті стратегияларды қолданады.

Интерактивті сөз – өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлдекіммен сұхбаттасу түрінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен студенттің өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.

Интерактивті әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі.

Интерактивті оқыту интенсивті оқытуда да кеңінен қолданылады.

Бұл әдістерді игеру және қолдану үшін оқытушыға топтық өзара әрекеттердің әр түрлі әдістемелерін білу қажет. Интерактивті оқыту өзара түсінікті, өзара әрекеттестікті, өзара байытуды қамтамасыз етеді.

Интерактивті әдістер ешқандай жағдайда да дәрістік материалдардың орынын ауыстырмайды, бірақ оны жақсы меңгеруге септігін тигізеді және ең маңыздысы: пікірді, қатынастарды, мінез-құлық машығын қалыптастырады.

Интерактивті әдістерді пайдалану кезінде студенттер түсіну процесіне толыққанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу-танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ студенттерді өз бетімен ізденуге үйретеді.

Интерактивті оқыту әдістеріне білім алу және оны дамыту процесіне белсенді ат салысуға тарту жатады: «Ми шабуылы», топтардағы жұмыс, рөлдік ойын, ойын жаттығулары, жобаны әзірлеу, жағдайлық тапсырмаларды шешу және т. б.

«Ми шабуылы» («дельфи» әдісі) – берілген сұраққа кез келген студент жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Ми шабуылы» қажеттілігіне қарай тиімді әдіс болып табылады: мәселелерді талқылау, талқылауға қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру, қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау.

Топтағы жұмыстың пайдасы:

- Студент жалпы жұмысқа қосатын үлесін өзі анықтайды, сондықтан сабаққа бар ықыласымен кіріседі.
- Белгілі бір жүйеден шықпай, қатып қалған оқу тәсілі өзгереді.
- Студенттердің өздеріне деген сенімі нығаяды.
- Бірлесе жұмыс істеу балалардың арасында ынтымақ-бірлікті, әдептілік қасиеттерін қалыптастырады.

Әр топтың жұмыс нәтижесін бағалайтын нақты бір жүйе дайындап алу шарт. Студенттер жолдастарының жұмыстарын талдай отырып, ойларын ашық айтуға үйренеді.

Студенттердің біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара қосатын үлесі – ойын жаттығулары. Студенттерге жаңа оқу материалын түсіндірудің тиімді амалдарын ұйымдастыруда «Кейпін тап» жаттығуын жүргізуге болады. Көбінесе мұғалімдер жаңа материалды түсіндіргенде көп қиындықтармен кездеседі. Өйткені, кейбір балалар

материалды тез және дұрыс қабылдайды да, ал кейбіреулері баяу қабылдайды және қайта түсіндіргенді қажет етеді. Бұл жерде мұғалім студенттерге оқу бағдарлама материалын ұғындыруды ұйымдастырудың әр түрлі амалдарын қолдана отырып бірнеше рет қайталап түсіндіруге мәжбүр болады. Топ шеңбер құрып отырады. Топ қатысушыларына кез келген оқу материалдарының тақырыптық бірлігіне анықтама беруді ұсынады. Мысалы, мына тақырыптарға образды ұғындыру қажет: «Үндестік заңы», «Етістік», «Құрмалас сөйлем» және т.с.с. Таңдалған тақырып бойынша әрбір оқушы түсіндірме береді. Студенттер шеңбер бойынша жауап береді. Алдында айтылған қатысушының материалын қайталауға рұқсат етілмейді. Нәтижесінде талқыланған тақырыптар бойынша «анықтаулар банкі» пайда болады.

Оқытудың интерактивті әдістерінің артықшылығы қандай?

Ең алдымен, интерактивті әдістер:

- студенттердің қызығушылығын туғызады;
- әрқайсысының оқу процесіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- студенттерге көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
- кері байланысты жүзеге асырады;
- студенттердің пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;

өмірлік машықтарды қалыптастырады.

Интерактивті оқуды ұйымдастырудың міндетті шарттары:

- студенттер мен оқытушылардың арасында қарым-қатынас жасау процесінде өзара ынтымақтастық болуы;
- оқытушылардың жеке («педагогикалық») тәжірибесі, оқу процесіне ашық үлгілерді, фактілерді, образдарды

енгізу;

- ақпарат беретін нысандар мен әдістердің көптүрлілігі, оқытындардың іс-әрекет нысандары, олардың ұтқырлығы [10].

Жаңашылдық – білім беру саласының алдында тұрған жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі шарттарының бірі болып саналады. Сондықтан, жаңашыл орта:

- Оқу үрдісі студентке бағытталған;
- Қабылдаудың бірнеше модальділігін белсенділендіру;
- Жеке тұлғаның ерекше сұраныстарына арналған білім беру траекториясы;
- Мультимедиа объектілерімен жұмыс;
- Оқытушы-студенттердің бірлескен жұмысы;
- Іздену-зерттеушілік тұрғыдағы белсенді оқу;
- Сыни ойлауды және ойлаудың сан алуан түрлерін дамыту және дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрету болып табылады.

Оқу үдерісінің нәтижелі болуы бірнеше факторға, шарттарға байланысты, оның ішінде: оқу бағдарламасына, оқулықтарға, материалдық-техникалық базаға, студенттің ынтасына, т.б. Көбіне оқу үдерісінің нәтижелілігі мұғалімнің белгілі пән бойынша білімі мен пәнді оқыту бойынша кәсіби даярлығына байланысты болады.

Қазақ тілін оқыту мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, формасын педагогикалық талап негізінде таңдау, педагогикалық қызметті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру, педагогикалық іс-әрекеттегі таным құралдарын (теледидар жүйесін, компьютерді, т.б.) қолдану, теориялық білімдерді практикалық іс-әрекеттермен ұштастыру, оқу пәндерімен байланысты жүзеге асыру арқылы болашақ мамандардың пәнді оқытудағы практикалық бағыты бойынша білімдері мен іскерліктері анықталады.

Бүгінгі күні мемлекеттік тіл – білікті мамандық иелерін қалыптастыратын, мемлекеттік және ұлттық мүдде ұстанымдарын басшылыққа алар ұрпақ тәрбиелеуге мүмкіндік беретін саяси бағыттардың бірі болып табылатындықтан, оның ішкі және сыртқы құрамдас бірліктеріне ерекше зейін қою қажеттігі дау тудырмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2011 ж.
2. Ә.Т.Қайдар. Этнолингвистика. Білім және еңбек. 1985. №10.
3. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөнінде зерттеулер. А., «Ғылым», 1999, 581-б.
4. К.Аханов. Тіл білімінің негіздері. А., «Санат», 2002, 664-б.
5. Б.Хасанов. Тілдік қатынас негіздері. А., 2006.
6. Қ.Қадашева. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., «Мұрагер», 2005.
7. Ф.Оразбаева. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. А., 2000.
8. А.Н.Щукин. Методика преподавания русского языка как иностранного. Учеб.пособие для вузов. М., Высшая школа, 2003. 334-с.
9. Ф.Оразбаева. Тілдік қатынас. Оқулық. А., Сөздік-словарь, 2005. 272-б.
10. А.Р.Соловьева. Интерактивность в условиях системного подхода к обучению как дидактическое средство достижения его целей. Астана, 2008.



Сәулеш ӨЗІМХАНҚЫЗЫ,
Шығыс Қазақстан облысының
Семей қаласындағы
№9 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ЖАҒАҢДАҢУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАҢУ ӘДІСТЕРІ

Мақсаты: Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің жоғары сыныптарында жаңа технологияларды қолдану арқылы әрбір оқушының ойлау қабілетінің дамуына, қазақша сөйлеуіне, еркін сөйлеу әрекеттерін жандандырып, сауатты жазуына толығымен мүмкіндік туғызу және қойылған мақсатты іске асыру. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру. Өзге ұлт өкілдерін қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарымен таныстыру. Оқушылардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, өзге ұлт өкілдеріне қазақ халқының ұлылығын дәлелдеу.

Міндеттері:

1. Жаңа оқыту технологияларына қатысты әдебиетті зерттеу.
2. Тәжірибеге енгізу.
3. Мұғалімдер қауымына тәжірибеден кейінгі қорытындыларын ұсыну.

«Тәуелсіз мемлекетіміздің гүлденуі үшін білімді азаматтар керек!» деп Елбасы өзінің жыл сайынғы Жолдауында баса атап өтуде. Тәуелсіз мемлекетіміздің бүгіні мен болашағы —

жақтардың еншісінде. Олай болса, ХХІ ғасырдың жастары жан-жақты білімді, саяси-экономикалық сауатты, яғни, интеллектуалды деңгейі жоғары болуын талап етеді. Бұл мәселелерді шешуде басқа ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді оқытудың маңызы зор. Бүгінгі таңда білім беру саласында негізгі бағыт, «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» көрсетілгендей, білім берудің мазмұнын орталық білімнен біліктілік мазмұнына қарай өзгерту болып табылады. Нәтижеге бағдарланған білім берудің негізі оқушының дара тұлғалық қабілеттерін дамытумен анықталады. Дара тұлға қалыптастыруға бағытталған білім оқушы бойында тұлғалық сапалардың қалыптасуы мен көрінуіне, белсенді, инициативті тұлға қалыптасуына, оқушылардың танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға; олардың ой-қабілетін, әлеуметтік және коммуникативтік қабілеттерін дамытып, өз бетінше білім алуға бағытталған.

Ұстаздарға қойылатын талап та өте жоғары. Жан-жақты білімді, сауатты, бәсекелестікке қабілетті, ынталы, адамгершілігі мол азаматты тәрбиелеу – әр ұстаздың мақсаты. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу».

Өмір талабы, қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мемлекеттік тілді оқытып-үйретудің жаңа жолдарын іздеу мәселелерін талап етіп отыр.

Оқытудың қазіргі технологиялары.

Еліміз егемендік алып, Республикамызда білім берудің

жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуға. Білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда:

1) білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде.

2) ақпараттық дәстүрлі әдістері – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде.

3) баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлуде.

4) оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту. Осы мәселелерге орай оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енуде. Мысалы, академик В.И.Монаховтың технологиясы, М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», профессор Ж.А.Қараевтың «Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы».

Жаңа педагогикалық технологияның түрлері.

Саралап оқыту.

Бұл үрдіс Америкада өткен ғасырдың 30-жылдарында білім беру саласында қолданылған. Енді бұл үрдіс Қазақстан мектептерінде қолданыла бастады. Білімді даралап, саралап берудің басты бір бағыттарының бірі – дарынды, талантты оқушыларды оқыту. Соңғы кезде мұндай өзекті мәселеге әлемдік педагогикалық қызығушылықтар байқалады.

Мұндай оқытудың басты мақсаты – дарынды балаларды зерттеу, қолдау және мадақтау. Мысалы: «Болашақ бағдарламасы». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Біздің балаларымыз біліктілігі жоғары мамандар болады, оларға жағдай жасау керек» делінген.

Мектепте саралап оқытуда елеулі жетістіктерге жету үшін мынадай мақсаттар қою керек:

1) нақтылы бағдарлама жасау.

2) материалдық базаның жеткілікті болуы.

Модульдік оқыту технологиясы.

Модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Ол: ақпараттардың аяқталған блогынан, оқушы іс-әрекеті бағдарламасынан, мұғалімнің нұсқауларынан тұрады. Модульдік оқыту – бұл оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі.

Модульдік оқытудың ерекшеліктері:

1) Модульдік оқытудың мақсаты – оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту.

2) Оқушының кейде ғана емес, жүйелі түрде белсенді іс-әрекеті болғанда ғана бөлім мазмұны меңгеріледі. Оқушының қабылдау немесе меңгеруіне қарай тапсырмалар дайындалады.

3) Дамыта оқу идеясы негізделген.

4) Мемлекеттік технология негізінде бағдарламаны оқыту алынған.

Дамыта оқыту.

Дамыта оқыту – күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көзделген мақсатында, мәтінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторында, мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде, әдіс-тәсілдерінде, оқушының белсенділігінде. Дамыта оқыту үрдісінде білім дайын берілмеуі тиіс, оқушы білім тереңіне қарқынды ой еңбегін қажет ететін тапсырманы орындау арқасында жетуі керек.

Дамыта оқыту принциптеріне негізделген «Сыни тұрғыдан ойлау» – американдық ғалымдардың идеялары негізінде құрылған жоба.

«Сыни тұрғыдан ойлау» жобасының философиясы – баланы өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, барлық баланы жеке зерттеу және бақылау болып табылады.

Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы 60-тан аса әдістерді ұсынады. Сыни тұрғыдан ойлаудың нақты әдістері: топтастыру, көрнекілік, ой қозғау, болжау, «оқушыларды жетектейтін карта», «семинарлық карта», «кубизм», «Венн диаграммасы», «Бес жол өлең», «Білгеніміз, білгіңіз келетіні, үйренгеніңіз» «Пікір сайыс», «Жұптасып ойлау», т.б.

Әрбір оқушыға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы да тиімді оқыту технологияларының бірі – Ж.Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясы.

Оқыту маңыздылығы: 1) Сынып оқушыларының бәрі түгелдей жұмыс істейді. 2) Бос отырған оқушы болмайды. 3) Әркім өзінің білім деңгейінің мүмкіндігін, іскерлігін біліп қана қоймай, оны дамытады. 4) Қиындықты жеңеді, пәнге деген қызығушылықтары қалыптасады. 5) Шығармашылық қабілеті дамиды.

Нәтижесі:

- 1) Қойған мақсатына жете алатын оқушы тәрбиелеу.
- 2) Білім деңгейін дамытады.
- 3) Шығармашылық тұлға тәрбиелеу.

Ерекшелігі:

- 1) Дарындылар өзінің қабілетін одан әрі бекіте түседі. Өлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.
- 2) Оқушының оқуға деген ынтасы артады.
- 3) Білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту жеңілдейді.

Интерактивті әдіс.

Интерактивтік деген сөз, энциклопедияда көрсетілгендей, «интеракция» деген ұғымнан шығады. Ал, интеракция жеке индивидтердің, топтың, жұптың өзара біріккен әрекетке, бір-біріне алма-кезек әсер етуі.

Ғалым Т.Левандовский интеракцияны қарым-қатынас жасау үрдісінің синонимі ретінде сипаттайды. Бұл әдіс, әсіресе, сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін

арттырады. Бірігіп жұмыс істеуге үйретеді.

Бүгінгі таңда жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер топтамасына енген интерактивтік әдіс ұстаздар назарын өзіне барынша аударып отыр. Себебі, бұл әдіс оқушылардың бойына төмендегідей әдет-дағдыларды қалыптастырады:

1. Оқушы өзін-өзі еркін, батыл сезінеді. Үйретіп жатқан тілге деген қызығушылығы артады.

2. Оқушылар топ болып, жұп болып әрекет етуге үйренеді.

3. Білімі төмен оқушылар озат оқушылардан кей жерлерде көмек алады. Ал, озат оқушылар өз сыныптастарына қамқорлықпен қарауға үйренеді.

Осылайша интерактивтік әдіс оқушыларды мәселені бірігіп шешуге үйретеді. Бірігіп жұмыс істеу – әрі жеңіл, әрі қызық, әрі тиімді.

Интерактивтік әдіс барысында оқушылар бірлесу, бірігу, ұйымдасуға бейімделе отырып, оқып-үйренуге тырысады, ал оқытушы ұйымдастырушы, бақылаушы деңгейінде қатысады. Мұғалім жұмысқа тікелей қатысқанымен, ол өз мүмкіндігін шектеп, оқушылардың арасындағы интеракцияны қалыптастыруға жағдай жасайды.

Жаңа ХХІ ғасыр ғылым мен техниканың қарыштап дамуына жол ашып, адамзат қоғамын ақпарат тасқыны дәуіріне бастап әкелді. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану – қазіргі кезде ең тиімді оқытудың қайнар көзі. Жаңа технологияларды қолдану барысында оқушылардың пәнге ынтасы, белсенділігі артып, білім сапасы тереңдейді. Ізденімпаздық, дербес ойлау, өзіндік қорытындылау қабілеттері дамиды. Оқушылардың қазақ тілінде сөйлеу, дұрыс сұрақ қойып, өз ойын сауатты, толық жеткізу дағдылары одан әрі қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы», 2007 жыл».
2. Қазақстан Республикасының «Білім беруді дамыту 2004-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы», 2004 ж.
3. «Мектептегі ғылыми жұмыс». Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. 2009 ж., №2, №3, №6.
4. Ш.Т.Таубаева. «Оқытудың қазіргі технологиялары». Бастауыш мектеп. 2005 ж., №3.



Айгүл ҚАБДЫРАҚЫШЕВА,
Павлодар қаласындағы
№16 лицей-мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТ АРҚЫЛЫ ОҚУ ӘРЕКЕТІН АРТТЫРУ

Ақпараттық ресурстар бойынша физика-математика ғылымдарының кандидаты Ахмади Есжановтың «Ақпараттық ресурстар оқу процесінің қарқынын күшейту, оқытуды тұлғаландыру және мектеп оқушыларының білімдерін тексеру мен бағалау, есепке алу сияқты және тағы басқа мұғалімдердің көп уақытын алатын жұмыстарын ішінара автоматтандыру құралы ретінде пайдаланылады» деген пікірі өзекті. «Ақпарат» дегеніміз не? «Ақпарат» сөзі латынның түсіндіру, баяндау, мәлімет деген ұғымдарды

билдіретін informatio сөзінен шыққан.

Ақпараттық процестерді жүзеге асыратын негізгі құрал компьютер екені барлық оқушыларға мәлім. Ақпараттың түрлері және олардың оқулық әдебиеттердегі көрінісі. 1-кесте.

Ақпараттың түрлері	Оқулық әдебиеттердегі көрінісі
Мәтіндік ақпарат	Оқулықтағы мәтін, дәптердегі шығарма, күн райының болжамы, жарнамалар және т.б.
Сандық ақпарат	Көбейту кестесі, арифметикалық мысал, хоккей матчының есебі және т.б.
Графикалық ақпарат	Суреттер, схемалар, сызбалар, фотография және т.б.
Музыкалық ақпарат	Дыбыстар, әуен, сөз.
Бейнеақпарат	Түрлі-түсті графика, дыбыстық фильмдер, екі және үш өлшемді қозғалыстағы объектілер.

Ақпараттық мазмұнының құрауыштары және оларды тіркеу тәсілі үш түрден тұрады. 2-кесте.

ОӘ-дің ақпараттық мазмұнының құрауыштары	ОӘ ақпараттық мазмұнын тіркеу тәсілдері
1. Негізгі ақпараттар.	Ақпараттың мәтіндік мазмұны, тұжырымдар, қорытындылар, суреттер, кестелер, схемалар, фотографиялар және т.б.
2. Оқушылардың оқулықтың ақпараттық мазмұнын меңгерудегі іс-әрекеттерін ұйымдастыру аппараттары.	Ақпараттың мәтіндік мазмұнында, шығармашылық жаттығуларда, танымдық ойындарда және тағы басқаларында оқыту процесін ұйымдастыру мәселелерінің қойылысы.
3. Оқушылардың пәнге мүдделілігі мен қызығушылығын қалыптастыру элементтері.	Ақпараттың мәтіндік мазмұнының баяндалу тілі, оның мазмұнының қызықты болуы, формулалар мен құбылыстардың ұғынықтылығы, ғылым мен пән рөлінің ашылуы, т.б.

Осы екі кестедегі келтірілген ақпараттар мен оқулық әдебиеттер туралы мәліметтерге жасалған талдау олардың өзара ұқсастығын көрсетіп отырғандықтан және оқулық әдебиеттер де тәлім-тәрбие мен білім алуда ақпараттар көзіне жататындықтан, олар да тек қана **ақпараттық дүниетанымдық қызмет** атқарады деген қорытынды жасап отырмыз.

Сондай-ақ, жоғарыда келтірілген мәліметтерді өзара салыстыра және ақпараттың атқаратын қызметін анықтай отырып, оқулық әдебиеттердің де ақпараттық-танымдық қызметі негізгі төрт құрауыштан тұрады деген пікірге тоқтадық.

Әлеуметтік-танымдық қызмет, мәдени танымдық қызмет, қоғамдық-танымдық қызмет, ғылыми-әлемдік танымдық қызмет.

Қазақ тілі сабақтарында осы технология оқушылардың дүниетанымдық қабілеттерін дамытып ынталандырады, қызығушылығын арттырады, ізденімпаздық және шығармашылық қабілеттерін өркендетеді.

Сонымен, бүгінгі оқытушы озық технологияларды меңгеріп, іскерлігін жетілдіріп, өз жұмысын жүйелеп алға тартады.



МАҚАЛ – СӨЗДІҢ МӘЙЕГІ

- Кісі елінде күркірегенше,
Өз жерінде дүркіре.
- Бақа көлінде,
Балық суында,
Жігіт елінде – патша!

(Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. А., 1959 ж., 11-бет.)

ТЕСТІЛЕУ – БІЛІМ МЕН БІЛІКТІЛІКТІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ МОДЕЛІ

1. Тест мақсаты.

Тест жұмысының басты мақсаты оқушылардың алған білім-білік дағдыларын, 10-сынып бойынша қазақ тілі пәнінен мемлекеттік білім беру стандартының орындалуына сәйкес дұрыс бағалау болып табылады.

2. Тест тапсырмаларының мазмұнын анықтайтын құжаттар.

- Қазақстан Республикасының бастауыш, негізі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР МЖМБС 2.3.4.01-2010.
- Бағдарлама. Оқыту қазақ тілді емес жалпы орта білім беретін 5-9-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 09.07.2010 жылғы №367 бұйрығымен бекітілген.
- Оқулық. Қазақ тілі. Т.Артықова, Б.Немеренова. А., «Атамұра», 2010.

3. Тестіні жоспарлау.

10-сыныптың қазақ тілі пәні бойынша білім-білік дағдыларын тексеру мақсатында алғашқы бақылау үзігіне тест тапсырмалары алынды. Тест 20 сұрақтан тұрады.

Олар екі блокқа бөлініп, жеңілден ауырға қарай ұстанымымен құрылған. А блогында 15 тапсырма бар, олардың әрқайсысына жауап нұсқалары берілген. Тапсырманы орындау барысында тиісті жауабын таңдау керек. Б блогында 5 тапсырма берілген. Олар негізгі білім мен қосымша ақпараттарды бақылауға құрылған.

4. Нұсқаулық.

Тест орындау уақыты - 60 минут. Дұрыс жауаптың ретін шеңберле, боя, жеке қағазға жаз. Сөздікті қолдануға болады немесе болмайды, т.с.с.

5. Тест құрылысын талдау.

Лексика бөліміне 6 сұрақ берілген, онда балалар «Менің отбасым» тақырыбы бойынша өз білімдерін тексереді, сөздердегі қосымшаларды анықтайды.

Стильдердің түрлеріне 3 сұрақ берілген, онда оқушылар білім, білік дағдыларын тақырып бойынша тексереді.

Морфология бөліміне 7 тапсырма берілген, тапсырмалар сөз таптарының түрін және олардың жасалу жолдарын анықтауға арналған.

«Фонетика» бөліміне 4 тапсырма берілген, оқушылардың дауысты, дауыссыз дыбыстардың жіктелісін тексеруге бағытталған.

6. Тапсырмалардың мазмұндылығы мен оқу- танымдық әрекетіне талдау.

(Әр нұсқа жеке толтырылады).

Мазмұны	Білімді қабылдау	Білімді қолдану	Білімді интегралдау	Тестідегі қатысымдық пайыз
Фонетика	2	1	1	
Лексика	2	3	1	
Стильдердің түрлері	2	1		
Морфология	3	3	1	
Тестідегі қатысымдық пайыз				

7. Тест спецификасына талдау.

Тест реттемесі

Тапсырма №		Тексерілетін элемент
1	Ф	Қазақ тілінің тән дыбыстары.
2	Ф	Үндестік заңы.
3	Ф	«ә» дыбысын дұрыс қолдану.
4	Ф	Дұрыс жазылған сөз.
5	Л	Отбасы.
6	Л	Туыстық атаулар.
7	Л	Экономика.
8	Л	Ұлттық валюта.
9	Л	Ұлттық тағамдар.
10	Л	Отбасы туралы мақал-мәтелдер.
11	Ст	Стильдердің түрлері.
12	Ст	Жалпылама лексика.
13	Ст	Ғылыми стиль.
14	М	Біріккен сөздер.
15	М	Зат есім.
16	Л	Сөйлемдер ретін дұрыс орналастыр.
17	Д	Диалогты қалпына келтір.

Белгілері. Ф - фонетика, Л – лексикадан алған білімдері,

Ст – стильдер түрлері, М - морфология.

8. Тест тапсырмаларының ретке сәйкес келуін тексеру.

А блогы.

1. Қазақ тіліне тән дыбыстардың санын көрсетіңіз:

а) 8; ә) 10; б) 9.

2. Буынның жуан, жіңішкелігіне қарай болатын үндестікті көрсетіңіз:

а) Үндестік заңы; ә) буын үндестігі; б) дыбыс үндестігі.

3. «ә» дыбысы қай сөзде жазылады?

а) ... же; ә)та; б) ...па.

4. Орфография бойынша дұрыс жазылғанын табыңыз.

а) байиды; ә) байады; б) байыйды.

5. «Қара шаңырақ» иесін көрсетіңіз:

а) тұңғыш бала; ә) қыз бала; б) кенже бала.

6. Жеңге деп кімді атаймыз, көрсетіңіз:

а) ағамның жұбайын; ә) әпкенің күйеуін;
б) анамның туысқанын.

7. Мағынасы ұқсас ұғымды тап.

Экономика –

- а) тұрмысты үнемдеу;
- ә) шаруашылықты басқару;
- б) тұрмысты жою.

8. Ақшаның атқаратын қызметін көрсетіңіз:

- а) төлем, сатып алу, сату құралы;
- ә) өңдеу, нығайту құралы;
- б) тұрмысқа байланысты құрал.

9. Неге қымызды пайдалы тағам дейді?

- а) денсаулыққа пайдалы;
- ә) адамның көңілін көтереді;
- б) адамның шөлін қандырады.

10. Мақалды толықтырыңыз: жақсы бала – сүйік, жасаман бала –

- а) сасық; ә) күйік; б) суық.

11. Стильдің қанша түрі бар?

- а) 5; ә) 3; б) 7.

12. Адамдардың бір-бірімен күнделікті қатынасында пайдаланатын стиль:

- а) ресми; ә) сөйлеу; б) публицистикалық.

13. Әр салада жазылған, ғалымдар жазған шығармалар қай стильге жатады?

- а) көркем әдебиет; ә) ғылыми; б) публицистикалық.

14. Біріккен сөзді табыңыз:

- а) тасбақа; ә) жаз бойы; б) қысы-жазы.

15. Туынды зат есімді табыңыз.

- а) мамандар; ә) өнерлі; б) оқулық.

Б блогы.

1. Сөйлемді аяқта:

Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалатын сөзді
.....

2. Мына сөздерге жалғау жалғап, сөйлем құраңыз:

бата, сөз, бер, айт, біреу.

3. Дұрыс жауапты белгілеңіз.

Мен... бара жатырмын. А) базарға.

Сен... келе жатырсың. Ә) дүкеннен.

Сіз... нан әкеле жатырсыз. Б) университеттен.

4. Сөйлемдер ретін дұрыс орналастыр:

(а) Балалар әке-шешесін сыйлап, олардың ақыл-кеңесін орындап отырған.

(б) Қазақ халқы отбасына ерекше көңіл бөлген.

(в) Отбасының берік болуына қазақ дәстүрі алғашқы күннен бастап ерекше әсер етеді.

(г) «Баланы – жастан, әйелді – бастан» деген мақал бұған дәлел.

(д) Немерені бесікке салу, қырқынан шығару, тұсауын кесу рәсімін үлкен әжелер жасайды, әкесі ұл балаға атқа мініуді, ағаш жонуды үйретсе, шешесі қыздарға кесте, киім тігуді үйреткен.

(е) Үлкен адамның сөзін бөлмеу, қарт кісінің жолын кесіп өтпеу – бірінші қағида.

5. Диалогты қалпына келтір:

- Менің жүріп өткен маршрутыммен жүруге кеңес беремін.

- Келіп қалдың ба? Келуіңмен ! Жақсы демалдың ба?

- Тұрмыстық, мәдени жасаған жағдайлары керемет! Өкінбейсің.

- Бәрінен бұрын несі ұнады?

- Әрине, тамаша әсерде қалдым!

- Білмеймін, жазда қайда барып демалсам екен?

- Он күн бойы теңізбен жүзу... Иш пыстырады екен ...

- Мен көп қызыққа кенелдім. Әдемі қалалар, табиғат қандай! Халықтық мерекелерді тамашаладым.

9. Тест тексеру бағасын толтыратын қағаз.

Тест тапсырмаларының әр нұсқасына тексеру қағаздары жеке толтырылады.

«__» _____ 20 ж.

Тексеруші аты- жөні _____

Сынып _____

Пән _____

Тест нұсқасы _____

Шешім _____

Қолы _____

10. Тексеру хаттамасы.



Светлана ДОСЖАНҚЫЗЫ,

Павлодар қаласының

№16 лицей-мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Тілдерді үйрету әдісі үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады. Қазақ тілін меңгертудегі негізгі әрекет – қарым-қатынас үрдісі, сөйлеу қатынасы, ақпаратты қалай танып-білу бүгінгі күнде бұлтартпас ақиқат екендігі белгілі.

Тілді зерттеуші ғалымдар тілдік қатынас құбылысына байланысты үш кезеңді атап өтеді: 1. Хабардың дұрыс айтылуы, шығыс /синтаксистік, грамматикалық заңдылықтар/. 2. Айтылуға тиісті мағынаның дұрыс жеткі-

зіліуі /семантикалық заңдылықтар/. 3. Әңгімелесуші – екінші адамның хабарды дұрыс қабылдауы. Лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде сөйлесім әрекетін 4 түрге бөліп қарастыру тұрақты орын алған /сөйлесу, оқу, жазу, түсіну/.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытудағы мақсат тұлғаның ақпараттық-коммуникативтік қабілеттерін, яғни, сөйлеу, жазу, оқу, түсіну мәдениетін дамытып, ақпараттық-коммуникативтік ұстанымдарын ұштастыру.

Коммуникативтік ұстанымдар: Тілдік бағыттар. Оқу материалдары сабақтардың неліктен сол туралы өткізіліп жатқандығының нақты қарым-қатынасын елестету керек.

Функционалдық. Сөйлесу іс-әрекетінің лексикалық, грамматикалық және фонетикалық жақтары үзіліссіз өзара сөйлеу үрдісінде жүзеге асады. Сабақта тілдік бірліктер меңгерілуі керек.

Оқиғалық. Оқу материалын оқушылардың қызықтыратын, оқиғалық және қарым-қатынас мәселесі негізінде іріктеу және ұйымдастыру.

Жаңашылдық. Оқу материалы сабақта өзіндік жаңалығы бар және оқушылар үшін қызықты болуы керек. Оқу материалымен жұмыс, тілдік оқиғалардың нысанын және жұмыс тәсілдерінің әр түрлілігі,

сабақты ұйымдастырудың жаңалығын көздейді. **Қарым-қатынасының дербестік бағыттары.** Әр оқушының жекелеген тілдік ерекшеліктерін, эмоционалдық бағытын,

сынып ұжымындағы оның статусын және т.б. есепке алу.

Ұжымдық өзара қарым-қатынас. Оқушылардың өзара белсенді қарым-қатынасы, олардың оқудағы жетістіктерінің өзара байланысы. **Үлгілеу.** Тілдің мазмұндық жақтарын тақырыптар емес, мәселелер таныстыру керек.

Коммуникативтік әдісі. Қолдану жолдары. Сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалыппен іске асырылады:

жұптық, топтық, ұжымдық. Жұптық қалып бойынша бүкіл тілдік материал диалогтың негізінде меңгеріледі.

Гілді топтық форма арқылы оқыту арнайы құрылған шағын топтарды қатысымдық әдістің қағидаларына бейімделудің нәтижесінде жүреді. Ұжымдық қалпы жұптық және топтық қалыптарды өзара біріктіреді.

Ақпараттық дегеніміз мәліметтерді тек әріптермен кітап беттері немесе адамның тілі ғана емес, күн сәулесінде, тау жоталарының қыртысы да, сарқыраманың шуылы да, шөптің сыбдыры да жеткізеді. Зерттеу жұмысының нәтижесінде ақпараттың атқаратын дүниетанымдық қызметі төрт көрсеткіштен тұратыны анықталды: әлемдік танымдық қызметі, қоғамдық танымдық қызметі, әлеуметтік танымдық қызметі, эмоцианалдық танымдық қызметі. Оқулықтар, электрондық оқулықтар, мультимедиялық және үйретуші бағдарламалар, жаттығулар жинағы, анықтамалар ақпарат тасуыштарға жатады.

Қазақ тілі сабақтарында технологияларды пайдалану кезінде ақпараттық-коммуникативтік технологияның оқушыларды ынталандыратыны байқалады. Сондай-ақ, аудио-бейнематериалдарды дайындау, қолдану ақпараттық ресурстар арқылы іске асады.



МАҚАЛ – СӨЗДІҢ МӘЙЕГІ

- Еңбек қылмай ер оңбас,
Бірлік қылмай ел оңбас.
- Қазсаң арықты –
Көрерсің жарықты.

(Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. А., 1959 ж., 16-бет.)

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ТІЛ ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫ

Қазақ тілін орыс топтарында оқыту әдістемесінің басты мақсаты – сөйлету, ойын еркін жеткізуге, басқаның сөйлеуін түсінуге, сөздік қорын молайтуға көмектесу, яғни, тіл дамыту – оқушыны тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, ойын басқа адамға толық жеткізуге дағдыландыру, басқа адамдардың сөзін жақсы түсінуге үйрету.

Бүгінгі таңда орыс сыныптарында қазақ тілін оқытудың түрлі жолдары қарастырылып жүзеге асырылуда. Оқытудың жаңа технологиялық үлгілері ұсынылуда. Жаңа буын оқулықтары сынақтан өтіп енгізілуде.

Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру – үйреншікті ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» [1] деген, яғни, оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделуі қажет. Олай болса, осы жұмыстарды ұйымдастырушы, міндеттерді орындаушы тұлғалардың бірі – мұғалім. Сондықтан мұғалімнің көтерер жүгі де, жауапкершілігі де шексіз. Орыс тілді топтарда қазақ тілі пәнін оқытуда әр мұғалімнің өзі қалаған әдісі, тәсілі, жинақтаған тәжірибесі болады. Мұғалім, қажет етсе, өзгеден үйрене алады, қолданады, жетілдіріп, жаңартады.

Қазақ тілін оқытудағы ең өзекті мәселе – тіл дамыту. Мұғалім тіл дамытуға байланысты жүргізілетін материалдарды дұрыс тандай біліп, оны дұрыс бере білуі қажет. Көздеген нәтижеге жету үшін сабақ жоспарлағанда

оқушылардың жас ерекшеліктерін және уақытты дұрыс пайдалану қажет.

Әдіскер ғалым Нұржамал Оралбаева тіл дамыту үшін төмендегідей жұмыс түрлерін көрсетеді: сөздік жұмысы, жаттығулар арқылы тіл дамыту, мәтін арқылы тіл дамыту, жазбаша тіл дамыту. Орыс аудиториясында сабақ жүргізетін оқытушылардың барлығы тіл дамытудың түрлерімен таныс, сабақ барысында үнемі қолданылады, бірақ әрбір оқытушы өз әдістемесіне байланысты әр түрлі жолмен келеді.

Сабағымды бастамас бұрын баланы және оның көңіл-күйін осы сабаққа аударамын. Оған керекті әдістің бірі — диалог. Диалог арқылы оқушымен тікелей сөйлесіп, арадағы үнсіздікті жоямын, оқушының тілін қазақша сөйлеуге жаттықтырамын. Диалог арқылы әр сабақта оқушымен сөйлескенде сұрақтар қоя отырып, бүкіл топты жұмылдырып, олардың зейінін өзіме бағыттаймын. Кейін үй тапсырмасын сұрастыра келіп, өтілетін жаңа тақырыппен байланыстыра қысқаша әңгіме өрбітуге болады. Бұл әдіс оқушы мен мұғалім, оқушы мен оқушы арасында күнделікті сабақ барысында жүргізілетіндіктен өзіндік нәтижесін беретіні анық.

Тіл дамытуда атқарылатын жұмыстың тағы бір түрі — сөздік жұмысын жүргізу. Сөздік жұмысын жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту көзделеді. Сөздік қоры бай адамның ойын анық жеткізу мүмкіндігі бар. Екінші бір тілді меңгеру сөз үйренуден басталады. Тіл үйрету дегеніміз — кез келген сөзді құрғақ жаттап алу емес, жаңа сөздің мағынасын түсініп, саналы түрде есте сақтау, жаттау, ауызша, жазбаша сөздерді дұрыс қолдана білу. Ал, оқушының жаңа сөздерді саналы түрде есте сақтауы үшін сабақта түрлі көрнекіліктер, кесте сөздердің орыс тіліндегі аудармасын айту, түсіндіру сияқты тәсілдер қолданылады. Жалпы, оқушылардың тілін дамытуда өткен сабақтарда үйренген сөздерді жаңа сабақпен

байланыстыра, сол сөздерді қайталап, жаңа сөздермен бірге ауызша, жазбаша сөйлем құраттыру аса маңызды. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде оқушыларға жаңа сөздерді үйретуде төмендегідей әдістемелік талаптар ескерілуі тиіс:

1. Жаңа сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздердің мағынасын түсініп есте сақтаумен бірге, дұрыс айтып үйренудің мәні зор.

2. Заттың өзін көрсету арқылы меңгерту. Затты нақты көрсеткенде оқушының көру қабілеті арқылы сөздің мағынасын түсініп, есте сақтау мүмкіндігі артады.

3. Жаңа сөзді аудару арқылы меңгерту. Жаңа сөздерді оқушылардың ана тіліне аудару сөздің дәл мағынасын ашатын бірден-бір тәсіл деуге болады.

Осындай сөздік жұмыстары арқылы тіл дамытуда мұғалім оқушыға жаңа сөздердің мағынасын меңгертіп, дұрыс айтуын қалыптастырумен бірге, жаңа сөздерді оқушының қазақша сөйлеуіндегі белсенді сөзге айналдыруды көздейді. Әсіресе, жоғарыда айтылып өткендей, жаңа сөздерді үйретіп есте сақтауда көрнекіліктердің маңызы ерекше. Көрнекілік құралдарға суреттер, альбомдар, техникалық құралдар, т.б. әр түрлі заттар жатады. Соның ішінде сурет бойынша жүргізілетін жұмыстың алатын орны ерекше. Оқушы суретті көріп қана қоймай, оның аты қазақ тілінде қалай жазылып, қалай аталады, соған көзін үйретіп, тілін жаттықтырады. Көргені, байқағаны бойынша өз жанынан сөз қосады. Сол арқылы оның логикалық ойы дамиды, тілі жетіледі.

Оқытушыларға тіл үйретуде жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының бірі – мәтінмен жұмыс. Мәтінді оқудың белгілі бірнеше түрі бар екені барлығымызға белгілі. Мәтінмен жұмыс істегенде әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Мәтінді оқытудағы түпкі мақсат оқушының түсініп оқуы. Оқушының мәтінді түсіну қабілетін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып анықтауға болады:

1. Оқыған мәтіннің мазмұнын айтып беру жолымен өз алдына дербес сөйлемдер құрастыру.
2. Мәтіндегі мұғалімнің сұрағына дайын жауап айту (оқу).
3. Берілген мәтіндегі ойды бірнеше сөйлеммен айтып беру.
4. Оқыған мәтінге тақырып қою.

Міне, осы сияқты жұмыс түрлерін өткізе отырып, мәтін арқылы тіл дамыту кезінде оқушылардың ой-өрісін дамытуға, білім алуларына мүмкіндік туады.

Сабақта ойын элементтерін қолдану оқушылардың белсенділігін арттырып, оларды ынталандырады. Ойын оқушының сабаққа қызығушылығын арттырса, екінші жағынан тапқырлыққа баулып, ойлау қабілетін дамытады. Әсіресе, рөлдік ойындар оқушылардың тілін дамытып, алған білімін күнделікті өмірде қарым - қатынас жасау барысында қолдана білуге машықтандырады.

Қазақ тілі сабағында мұғалімнің алдына қойған мақсатына жетуі үшін орындалатын әр түрлі жұмыс түрлері оның біліктілігі мен әдістемелік шеберлігіне байланысты. Осындай жұмыс түрлерін сабақ барысында пайдалана отырып, «Шет тілі» мамандығының 1-курс студенттерімен жүргізген сабақ жоспарын ұсынамын.

Сабақтың тақырыбы: Аяқ-киім жөндеу шеберханасында

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – студенттердің ауызекі сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту, тақырыпқа қатысты сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс құрастыруға, қолдануға, сұрақ қойып, жауап бере алуға үйрету; **дамытушылық** – түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сабаққа қызығушылығын ояту, компьютерлік технологиялардың негізінде танымдық қабілетін қалыптастыру, белсенділігін арттыру, диалог ұйымдастырып, сөйлету жолдарын іздестіру, өз бетімен, топпен жұмыс істеуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – мамандықтың кез келген түрін бағалау, адамның

еңбекқорлық қасиетін бойына сіңіру, адал еңбекке тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** түсіндірмелі, демонстрация, ой қозғау, рөлдік, сұхбат, топпен жұмыс, т.б.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, компьютер, слайдтар, дыбыстық файлды тыңдау үшін колонка.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Түгелдеу. Сабаққа дайын-
дау. **2. Үй тапсырмасын сұрау.**

Өткен сабақта халыққа қызмет көрсету орындарының бірі - «Шаштаразда» тақырыбын қарастырдық. Тақырып бойынша екі-үш студенттен бірігіп слайд дайындау, оны қорғау берілген. Кім айтады? (2-3 студент (7мин).

Сұрақ қойып, үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақ.

Жаңа тақырыпты бастамас бұрын қазір дыбыстық файлды қосу арқылы бір мәтін тыңдайық. Мәтінді екі рет тыңдаймыз, кейін мәтінде не туралы айтылғанын айтып мәтінге ат қоямыз.

Мынау – «Ивушка» дүкені. Дүкеннің сол жағында «Аяқ-киім жөндеу» шеберханасы орналасқан. Шеберхана үлкен емес, онда әр түрлі қызмет түрлері көрсетіледі. Оның жұмыс істеу уақыты сағат 9.00-ден кешкі 18.00- ге дейін. Шеберханада етікші жұмыс істейді, ол аяқ-киімдерді жөндейді. Етікші – қоғамға қажет мамандықтардың бірі. Өйткені адамдардың аяқ-киімдері жыртылса, оны жөндеу үшін шеберханаға барады. Әсіресе, көктем мен күз айларында оның жұмысы көп болады. Ол әрдайым халық үшін қызмет етеді (2мин).

Сұрақ қойып, мәтінді пысықтау:

Мәтінде не туралы айтылған?

Шеберханда кім жұмыс істейді?

Етікші қандай мамандық, ол не істейді?

Кім үшін қызмет етеді?

Аяқ киім жыртылса, біз қайда барамыз?(1мин)

Мәтінге қандай ат қоюға болады?

- Ендеше, бүгін біз сіздермен халыққа қызмет көрсету орындарының бірі – «Аяқ-киім жөндеу шеберханасында» деген жаңа тақырыпты бастаймыз. (Сабақтың мақсатын түсіндіру)

Слайд көмегімен етіктің суретін демонстрациялау арқылы етіктің құрылымымен, тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен және сөз тіркестерімен таныстыру (20 мин).

<i>өкше</i>	<i>ломаться</i>
<i>нәлі</i>	<i>прибить, вбивать</i>
<i>табан</i>	<i>клеить</i>
<i>ұлтан</i>	<i>сшивать</i>
<i>қоныш</i>	<i>сузить</i>
<i>қапсырма</i>	<i>поменять</i>
<i>ұлтарақ</i>	<i>класть</i>
<i>етік</i>	<i>ремонтировать</i>
<i>бәтеңке</i>	<i>прибивать гвоздями</i>

Жедел жөндеу, алдын ала төлеу, қашан дайын болады?

Жаңа сөздерді дауыстап хормен оқу. Екінші бағанда орыс тілінде берілген етістіктерді аударып, бірінші бағандағы зат есімдермен сөз тіркестерін құрастырамыз. Ол үшін орысша-қазақша сөздікті пайдаланамыз. Енді сөз тіркестерді пайдаланып, етістіктің бұйрық, шартты, қалау райларында сөйлем құрастырамыз. Тақтаға екі-үш студент шығады.

Сабақты бекіту. Тілді дамыту мақсатында студенттерді үш топқа бөліп, әр топқа белгілі бір жағдаят бойынша рөлдік тапсырма орындату. Рөлдік тапсырманы беру барысында студенттерге тірек сөздер беріледі.

1. Сіз туған күн кешіне келе жатырсыз. Жолда аяқ-киіміңіздің өкшесі сынып қалды, жақын арада аяқ-киім жөндеу шеберханасы бар ма, сол туралы сұрап біліңіз, аяқ-

киімніңді жөндетіңіз.

2. Сіз жарнама жасау агенттігінде жұмыс істейсіз. Сізге аяқ-киім жөндеу шеберханасы туралы жарнама жасау керек.

3. Сіз аяқ-киім жөндеу шеберханасына келдіңіз, шебер-хана жабық. Сіз не істейсіз? (7 мин)

Студенттерді тыңдау. (7мин)

Сабақты қорытындылау.

Аяқ-киім жөндеу шеберханасында қандай қызмет түрлері көрсетіледі?

Қандай жаңа сөздер мен сөз тіркестерін меңгердіңіздер?

Бұл тақырып арқылы не білдіңіздер?

Етікші қоғамға қажет мамандық па?

Кез келген адам етікші бола алады ма?(3 мин)

Бағалау.

Үйге тапсырма. (3 мин.)

1. Тақырыпқа қатысты берілген сөздер мен сөз тіркестерін жаттау.

2. Жағдаяттық сұхбатты ауызша тапсыру.

3. Берілген мақал-мәтелдерді аударып, мағынасын түсіндіріңіз.

- Шебердің қолы – көпке ортақ.
- Ұста пышаққа жарымас,
Етікші бізге жарымас
- Жаман етікші біз таңдайды.
- Ерінбеген етікші болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі: Жоғары оқу орындары студенттеріне арн.оқулық / Н.Оралбаева, К.Жақсылықова. А., «Ана тілі», 1996 ж., 208-бет.

2. Ж.Аймауытов. Қазақстан мектебі. №6, 1991, 72-бет.

3. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде. №4, 2008 жыл.

Р.Ж.БАХТИЯРОВА,
Батыс Қазақстан облыстық
педагог кадрлар біліктілігін арттыру және
қайта даярлау институтының әдіскері.

ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДА ОҚИТЫН ОҚУШЫҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Мемлекеттік тілді оқытудың мақсаты – оқу өзге тілде жүретін мектеп оқушыларының бастауыш мектепте қазақша қарым-қатынас тілінің негіздерін игеруіне, дұрыс оқып, дұрыс жазуға машықтануына, яғни, тілдің орфографиясы мен орфоэпиясының заңдылықтарын түсіндіруге бағытталады. Негізгі мектепте бала бастауышта алған білімін жалғастырып, білім мазмұнын «қоршаған орта» тақырыптары арқылы толықтырып, грамматикадан алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануға дағдыланады. Жоғары сыныптарда тілдік конструкцияларды сөйлеу әрекетінде еркін қолдану, тілдің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік құрылымын, стилистикалық ерекшеліктерін танып, оны теориялық жүйелеу мен өз бетінше сөздік қорын байыту әрекетін қамтамасыз етуі қарастырылады. Аталған мақсаттарды іске асыру үшін алға қойылатын міндеттер: оқушыларға сөйлесім әрекетінің түрлерін күнделікті қарым-қатынас деңгейінде меңгерту;

Мемлекеттік тілдің өз қызметін толық атқаруы үшін Қазақстанды мекендейтін халықтардың ол тілді үйренуі, білуі, оқуы, оны мейлінше сыйлауы – парыз. Еліміз көп диаспоралы мемлекет болғандықтан, басқа ұлттарға қазақ тілін үйрету үшін қазақ тілінің мамандары оларға үлкен

ыждағаттылықпен еңбек етуі тиіс. Қазақ тілін орыс сыныптарында оқытатын мектепте оқыту әдістемесі - қазақ тілін оқытудың тиімді жолдары мен тәсілдерін, қазақша дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдыларын қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін баяндайтын педагогикалық ғылым.

Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектепте қазақ тілін оқытын оқушы өзіне таныс емес тілдің дыбыстық құрамы, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстың заңдылықтарын, оның грамматикалық құрылысын игеруге, ойын еркін жеткізуге, басқаның сөйлеген сөзін түсінуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеруге тиісті және қазақша сөйлеуге жаттығып, қазақша қарым-қатынас жасай алуы қажет.

Қазақ тілі барлық басқа тілдер сияқты қоғамда адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Ол Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл болғандықтан, оны мекендейтін түрлі халықтардың бір-бірімен қатынас құралы болғаны көзделеді. Сондықтан қазақ тілін тек мектептерде ғана емес, оны үйрету, басқа да кәсіпорындар мен мекемелерде оқыту - бүгінгі күн талабы.

Қазақ тілі – сөздік қоры бай, өзіндік құрамы бар, сөзжасам жүйесі мен грамматикалық құрылысы бар тіл. Барлық ұлттарға қазақ тілін үйрету барысында дыбыс, грамматиканы оқыту бірінші жүзеге асырылуы тиіс. Жалпы барлық тіл білімінен мәлімет беруіміз керек. Бірақ оқушының оны қалай қабылдап алуына да мән беруіміз қажет. Қазақ тілінің дыбыстық құрамын оқытпай, қазақ тілін үйрету мүмкін емес. Қазақ тілінің дыбыстық құрамын оқытқанда қазақ тілінің дыбыстарының айтылуы, жазылуы үйретіледі. Осы жерде оқушы орыс тілінде дыбыстарды байқап көреді, олардың айтылуын үйренеді. Бұл- фонетика, емле саласын оқушының оқып үйренуі.

Психолог мамандар тіл үйренуде төмендегі қабілеттерді

ерекше атап айтады. Олар: көру, сезу, есту. Тіл үйренуде естудің, сөйлеуде қабылдаудың орыны ерекше. Өйткені, біздің байқауымызша, қай сыныпта болсын, оқушы ауызекі сөйлеуді тез меңгереді және өз қатарларымен тез тіл табысып сөйлеседі. Онда оқушылар дыбыстар мен сөздерді есту, сөйлеу арқылы қабылдап отырады. Бір-бірімен сөйлесу арқылы оқушы тілдің пайдалану жолын өздері-ақ меңгеріп кетуі мүмкін. Қазақ тіліндегі хабарлы сөйлем, лепті, сұраулы сөйлемдер екенін адамның сөйлеу мәнерінен, көңіл-күйінен білеміз. Мұны оқушы сөйлесу барысында, тілдің эмоциялық жағын, интонация ырғағын меңгеруі арқылы біледі.

Қазақ тілін оқытуда көрнекілік көп көмек беретінін атап айтқым келеді. Қай пәнді оқытуда да көрнекілік маңызды орын алатыны белгілі. Сол сияқты тілді оқытуда, оның ішінде, екінші тілді оқытуда көрнекіліктің берер көмегі өте зор.

Көрнекі құралдар оқушыны қызықтыру қызметін де атқарады, дегенмен, көру арқылы есте сақтау – тиімді және дәлелденген тәсілдердің бірі.

Оқыту үдерісінде қойылатын талаптардың бірі – оқытуды көрнекі етіп жүргізу. Оқу материалдарын сөз арқылы түсіндіру толық нәтижеге ие болмайды.

Бастауыш сыныптарда баланың ой-өрісі әлі қалыптаспағандықтан, көрнекіліктерді жиі қолдануды, нақты бейнелерге сүйенуді қажет етеді. Мысалы, сауат ашу кезінде А дыбысының айтылуы мен жазылуын жалаң күйде түсіндіргеннен гөрі, алманы көрсетіп тұрып, А дыбысының сөздің алдында және соңында келетінін түсіндірсе, балалар тез қабылдайды. Оқушының байқау, көру қабілеттерінің ерекшеліктерін ескеріп, тілді дамытудың бір түрі — көрнекілік.

Көрнекілік – оқытуда заттар мен құбылыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы

көзбен көріп, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық үрдіс. Оқушылар көрнекілікке назар сала, бақылай отырып, оның мазмұнын ашатын мағлұматтарды өз беттерінше жинақтайды. Мұғалімнің міндеті - бақылаған кезде неге мән беру керектігіне бағыт беріп отыру. Көрнекілікті пайдалануға қазақтың ұлы педагогы Ы.Алтынсарин да зор көңіл бөлген. “Қазақ жастары ғылым, өнерді кітап сөзі деп қарамай, заттай, көзімен көріп ажырата білулері керек”, - деген.

Мұғалімнің сабақ беруіндегі бір ерекшелік – ұғымдарды белгілі бір сызбалармен түсіндіріп, соны қолдана отырып, іскерлік жұмыстар жүргізеді. Мысалы, бір ғана ұғымды шағын көрнекілікпен жинақтап, баланың түсінуіне ыңғайлы етіп ұсынады.

Бастауыш сыныптарда көбірек қолданылып жүрген көрнекі құралдардың түрлері: сауат ашу кезеңінде қолданылатын көрнекі құралдар, оқу сабақтарында, грамматика сабақтарында қолданылатын көрнекі құралдар, таблицалық көрнекілік, схемалық көрнекілік, плакаттық көрнекілік, тақта көрнекілігі, кескінді әріптер мен буынға бөлінген сөздіктер көрнекілігі, кестелерді пайдалану көрнекілігі, табиғи көрнекілік.

Әріптерді естерінде жақсы сақтау үшін суретті алфавит қолданылады: онда әрбір әріптің суреті мен атауы және сол әріптен басталатын заттың суреті салынады. Қызыл, көк түсті төртбұрышты кеспелер жасалады. Қызыл түс — дауысты дыбыстарды, көк түс — дауыссыз дыбыстарды көрсетеді.

Қазақ тілі сабақтарында көрнекілікті қолдану мүмкіндігі орасан зор: айнала қоршаған дүниені бақылау, соған байланысты әңгіме құрастыру, оқушылардың жинаған заттары, түрлі картиналар, портреттер, оқулықтағы суреттер, т.б. мәтінді оқуда оқушының ойын, тілін дамытады.

Қазақ тілі сабақтарында қолданылатын көрнекі құралдар бақылампаздықты, ойлауды дамытады және балалардың бақылағандарын сөзбен дұрыс айтып беруге, одан логикалық қорытынды шығаруға дағдыландырады.

Көрнекі құралдарды пайдалану арқылы балалар өздері сөйлейді, жолдастарының сөйлегенін естіп қабылдайды. Көбіне қолданылатын көрнекіліктер таблицалық болады. Мысалы, й, и әріптерінің жазылуын түсіндіру үшін мұғалім мына сияқты сөздерді баған етіп жазады:

Киін – кейін;

Ки – қой;

Жина – жайна;

Сиыр – сойыл;

Биле – бейне;

Түйе – түйме, т.б.

Мұнда й, и әріптерін қызыл түспен жазуға болады. Негізгі әдіс — бірінші бағандағы сөздерді екінші бағандағы сөздермен салыстыру. Бұл сөздердің жазылуын салыстыраты отырып, балалар олардың арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды табады.

Таблицалық көрнекілік – бұл мектепте көп тараған және қазақ тілін оқытуда жиі қолданылатын өте пайдалы әдістемелік құралдың түрі (орфографиялық таблица, фонетикалық таблица, грамматикалық таблица).

Схемалық көрнекілік – бұл қазақ тіліндегі заңдылықтарды схема ретінде көрсететін көрнекіліктің түрі. Мысалы: сөз тудыру схемасы, сөз түрлендіру схемасы.

Плакаттық көрнекілік – оқушылардың сөздігін толықтыру мақсатында жасалған плакат, сөз мағыналарын байқату үшін жасалған плакат, жазу емлесі мен тыныс белгілеріне арналған плакат, т.б.

Тақта көрнекілігі – бұл қазақ тілін оқытуда ерекше көп қолданылатын көрнекіліктердің бірі. Тілден өтілетін

материалдар оны дәлелдейтін мысалдардың барлығы да тақта арқылы көрсетіледі.

Көрнекі құралдарды пайдалану барысында мұғалім көрсетілген зат пен құбылысты сөзбен сипаттап береді. Өйткені сөзсіз көрнекілік – мылқау.

Көрнекі құралдардың түрлері, әдіскерлік, педагогикалық тұрғыдан дұрыс жасалу үшін оған мынадай талаптар қойылады.

1. Көрнекі құралда берілген материалдардың мазмұны мектеп бағдарламасына негізделген, сөйлемдері ұзақ, мәтіндері ауыр болмауы керек.

2. Көрнекі құрал таза, әріптері анық, жазуы сыныпқа түгел көрінетіндей үлкен болуы керек.

3. Көрнекі құралды екі түрлі сиямен, өте қажетті болған жағдайда ғана үш түрлі сиямен жазуға болады. Материалдың негізгі белгілері қызыл сиямен жазылып, қалғандары көк сиямен жазылуы керек.

4. Көрнекі құралда шартты белгілерді орынсыз көп қоя беруге болмайды.

5. Оқушыларға тартымды және көрнекті болуы үшін оны көлемі кішкене қағазға жасауға болмайды.

Сабақта көрнекіліктерді үнемі көп көрсете беру нәтиже бермеуі мүмкін, сондықтан мұғалім оқу мазмұнын ауызша түсіндіру мен көрнекіліктерді ұштастырып, бірінен соң бірін алмастырып отырғаны дұрыс.

Қорыта айтқанда, көрнекі құралдар тіл дамыту сабақтарын жеңілдетуге ықпал етеді. Мол тәжірибе жинақтап, оны кеңейту мен тереңдету шеберлігін игеру арқылы бала қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды қабылдауға үйренеді және бұл тәжірибені өзінің әр түрлі практикалық ойлау әрекеттерінде пайдаланады.

Қазақ тілін оқытуда таныс емес сөздерді: жаңа сөздермен жұмыс, қиын сөздермен жұмыс, түсінік деп бөле жарып

айтып жатамыз. Мысалы: «Қазақтың ұлттық киімдері» деген тақырыпта оқушы бұрын естімеген сөздерді кездестіреді. Оны күнделікті өмірде біз де жиі қолданбаймыз. Мысалы, «Кимешек» сөзін бірнеше рет дауыстап айтып, жазып үйренеміз. Оны суреттен көрсетіп немесе сол кимешектің өзін көрсетсек, көру қабілетімен оны есте ұзақ сақтайтыны рас.

Мұғалім қазақ халқының әдет-ғұрпын, сән-салтанатын, мәдениетін, сөйлеу мәдениетін басқа халықтармен байланыстырып, салыстырып айта білсе, оқушы халқымыздың тілін, өнерін, мәдениетін сыйлауға, үйренуге талпынады. Осындай әдіс-тәсілдер арқылы қазақ халқының мәртебесін көтеріп, оны үйреніп қана қоймай, сыйлау сезімін оқушы бойында оятуымыз қажет.

Қазақ тілін ұлт мектептерінде оқытудың негізгі мақсаты — тіл үйрету, оқушыға қазақша ауызекі сөйлеуді, оның ішінде дұрыс сөйлеуді үйрету, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру.

Осы тұрғыда қазақ тілінің грамматикасын, сөйлем құрылысын меңгеру қажет екені бәрімізге белгілі. Енді осы жолда қандай әдіс-тәсілдер тиімді екенін іздеуіміз қажет.

Аударма әдісі де көп нәтиже беретіні белгілі. Өз ана тілін жақсы білген, оның грамматикасын жақсы меңгерген оқушы екінші тілді үйренуде қиыншылық көрмейді. Аударма тәсілінде екі тілдің грамматикалық - дыбыстың, әріптің ерекшеліктерін салыстыра отырып, қазақ тілін үйретуге болады. Ал осы аударма тәсілін көп пайдаланса, сабақты орыс тілінде сөйлеп, түсіндіру де көп қажет емес. Қазақ тілі сабағында мұғалім тек қазақ тілінде сөйлеуі қажет. Мұнда бала есту қабілеті арқылы сөйлеуге дағдыланады.

Мұғалім оқушыға білім беруші болғандықтан, ол оқушыға түрлі тақырыптан мәлімет беруі тиіс. Бұл жағдайда мұғалімнің баяндауы жүзеге асырылады. Сабақ түсінікті,

әрі қызғылықты болуы үшін тек қана кітапта берілген ресми мәліметтермен шектелмей, сабақты күнделікті өмірмен байланыстырып, ол тақырыптың басқа салалардағы маңызын, газет-журналдардан қосымша мәліметтер айтып, түрлі-түсті суреттерді көрсету арқылы өткен сабақ бәріне де тартымды, әрі қызғылықты болады деп ойлаймын.

Мұғалім сабақты түсіндіру, баяндау кезінде өзінің сөйлеу мәнеріне, сөйлеу мәдениетіне үлкен мән беруі керек. Мұғалім айқайламай, қоңыр дауысты бір сарында, артық дауыс, сөздер қоспай, асықпай оқушының көңілін, ынтасын өзіне аударып алуы тиіс. Өзінің айтатын ойын оқушыға жүйелі түрде жеткізе білсе, оқушы да ол сабақты ынта - жігерімен алға апарады.

Сабақты түсіндіріп, баяндап айтып жатқанда сұрақтар туындауы мүмкін, оған да мәдениеттілікпен жауап беріп, оқушының да қанағаттанарлық жауап алуына мүмкіндік жасау керек. Түсіндіріп, баяндап жатып сұрақ қою арқылы оқушыны ойландырып, жұмыс жасауға болады. Жалпы сыныпқа сұрақ қойып, оның жауабын ауызша немесе жазбаша алу арқылы әрбір оқушының білім дәрежесін тексеруге болады. Сұрақ - жауап әдісі де оқушылардың ойын тез айтуға, тыңғылықты, дәл жеткізуге жетелейді. Аз ғана уақытта сұрақ қою арқылы бірнеше оқушының білімін тексеруге болады. Мұнда оқушы шапшаң әрі тез сөйлеу дағдысын үйренеді. Мұғалімнің жүріс-тұрысы, сөйлесу мәнері оқушыға үлкен үлгі екені жаңалық нәрсе емес, ол - педагогикадағы бұлжымайтын заңдылық.

Қазақ тілін үйрететін негізгі тәсілдердің бірі – жаттығулар. Жаттығуларды ауызша және жазбаша орындауға болады. Жазбаша жаттығуларды орындау баланы көп нәрсеге үйретеді. Қазақ тілінің грамматикасын, жазылу дағдысын, сөйлем құрау, әңгіме жазу осыдан басталады. Жаттығулар жеңілден басталып, күрделене береді.

Содан кейінгі бір әдіс - оқушыға табиғат, қоршаған орта арқылы, суреттерді көрсетіп, туған елге, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыра отырып тіл үйрету. Мысалы: «Күз» тақырыбын өткенде мектепке жақын саябақ ішінде, табиғат аясында екі тілде әңгіме өткізу, оқушының есінде көпке дейін сақталып, сабақты тез меңгеруі мүмкін. Сабақ соңында бақта көргендерін сыныпта немесе үйде жазып келуге де болады. Мұны, әрине, үлкен түрлі-түсті суреттермен де түсіндіруге болады, ал көзбен көріп, табиғатпен тілдесу - бұл да тәрбие.

Оқушының сөздік қорын молайтып отыру – тіл үйренудегі басты мәселе. Күнделікті сабақта жаңа сөздермен танысу, оның күнделікті айтылу, жазылу дәрежесіне мән беру, оны түсініп қабылдау - үлкен жұмыс. Оқушының түсіндірме сөздік, сөздік дәптері- өзіне көмекші құрал. Мақал-мәтелдерді, зерделі, асыл сөздерді жазып отыру, жаттап алу - қазақ тілін үйренуге деген ұмтылыс. Жаңа сөздер арқылы сөйлем құрау, өлең, мақал жаттау сабақты бекіте түседі. Оқушыдан сөздік сұрау, оны күнделікті дәптеріне жазып отыруды дағдыға айналдыруын қадағаласа, оқушының сөздік қоры мол болып, сөздікті жаттау арқылы заттың екі тілде қалай айтылып, жазылатынын біліп үйренеді.

Табиғатқа, суреттерде берілген бейнелерге қарап, көрген білгендері туралы, отбасы туралы шағын әңгіме жазу баланы ойлануға, шығармашылықтың алғашқы сатысына жетелейді.

Сабақ өту кезінде сабақты қатаң ережемен өте бермей, бір мезгіл еркін тақырыпта, ойын, сұрақ-жауап арқылы өту балаларға еркін ойлауға, өз ойларын тартынбай айтуға, сөйлеу мәдениетін меңгеруге бағыттайды. Өз ойынан ойын ойлап табу, ұйқастар табу, жұмбақтар шешу, қарсы мәндес сөздерді тез айтып, үйренуге тәрбиелеу оқушыны сабақта ойсыз, бейқам отырудан сақтайды.

Қазіргі таңда еліміздегі өзге халықтардың қазақ тілін үйреніп, меңгеріп қана қоймай, сол арқылы Тәуелсіз Қазақстанды тануы, сыйлауы осыдан басталатынын білу — бүгінгі күннің талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев. Қазақстан халқына Жолдауынан. Астана, 2011 жыл.
2. “ҚР білім беруді дамытудың 2011-2012 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы”. Астана, 2010 жыл.
3. Б.Ысқақов. “Тіл дамытудың психалингвистикалық негіздері.” А., 1996 жыл.
4. А.Айғабылов. “Тіл ұстарту”, “Қазақстан мектебі”. 1995 жыл. №8.
5. Т.Әбдікәрімова. “Бастауыш сыныпта текст арқылы тіл дамыту”. А., 1993 жыл.
6. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова.”Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі”. А., 1996 жыл.
7. С.Рахметова. “Қазақ тілін оқыту әдістемесі”. А., 2003 жыл.



МАҚАЛ – СӨЗДІҢ МӘЙЕГІ

- Ұрыс ырысты қашырар,
Ынтымақ елді асырар.
- Саусақ бірікпей
Ине ілікпейді.
- Бірлігі жоқ ел тозады,
Бірлігі күшті ел озады.

(Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. А., 1959 ж., 19-бет.)

ЖОБА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

XXI ғасыр тұрғынының қажетті дағдылары: жеке тұлғаның өз жауапкершілігі мен бейімделуі; коммуникативті дағдылары, білімпаздық пен шығармашылық, сыншы және жүйелі ойлау, медиақұралдармен, ақпаратпен қолдану; мәселені қою, оны шешу, өзінің ойын сергіту, әлеуметтік жауапкершілікті болу. Жоба арқылы оқытудың артықтығы неде екен?

1. Оқушылар зерттегеніне қызығады, себебі оның бәрі өз өмірлерімен байланысты.
2. Оқушылар зерттегендерін түсінеді, себебі зерттеген салаларында керекті ұғымдарды қолданады.
3. Топтасып, жұптасып жұмыс құрғанда оқушылар маңызды дағдыларын табады, оларды ересек өмірінде пайдалануға қолданатын қажеттілігін түсінеді.
4. Оқушылар өзін-өзі басқару дағдыларын игереді, уақытын жоспарлайды, міндеттерінің орындау кезеңін бақылайды, өз-өзін бағалайды.

Жалпы, әр жоба мақсатын құрғанда, үміттенетін нәтижені де жоспарлауы қажет. Мысалы, оқу жобасын жоспарлағанда, негізгі міндеттерін және нәтижесін анықтау қажет. Егер де сұрақ-сауал құрғанда, оқушылардың терең түсінетінін жоспарласаң, нәтижесі өзі көзге шыға келеді: дидактикалық мақсаттарын анықтау, білім стандарттарын анықтау, тиімді әдістерін зерттеу, оқу жобаның

бағалау кестесін жасау.

Мен өз сабақтарымда да осы терең білім беру жобасын пайдаланамын.

Әр сабақтың басында тақырыптың мақсаттары мен міндеттерін анықтап, оқушыларыма жеткіземін. Сабақтың әр кезеңін бір-бірімен байланыстырып, оқушылардың түсінгендерін, сөйлеу дағдыларын, айтылым дағдыларын, ойлану дағдыларын бақылап отырамын.

Егер де грамматика арқылы қателер болса, орыс тілімен салыстырмалы ретінде түзетемін де, сөйлесудің дұрыс нұсқасына келтіремін. Ал мәтін жұмысы өте оңай емес. Ең алдымен, әр тақырыпқа кіріспе сөз құрамын. Кейде кіріспе сөз әңгімеге де айналады. Сөйтіп оқушыларды керекті жағдаятқа «батырамын». Сөздік жұмысы да терең болады.

Біріншіден, дұрыс айтылуына назар аударамын. Екіншіден, сөз тіркестерін немесе шағын сөйлем құруына көмек жасаймын. Үшіншіден, мәтіннің мазмұнын түсінгендерін тексеру үшін әр бөлікке сұрақ қойдырамын, бөлікті атауға мүмкіндік беремін.

Ең соңында оқушылар екінші рет мәтінді оқып шыққанда, басты мәселеге жауап тудырамын.

Оқушылардың қарама-қарсы байланысын жетілдіру үшін сөйлесу, пікірлесу дағдыларын зерттеу қажет. Бұл жерде өздерінің өз бетімен қосымша әдебиет пайдалануына, терең зерттеуге мүмкіндік беру керек. Және олардың әр нәтижесін, аз болса да, көп болса да бағалап, жақсы мотивациясын мақтан етуге бейімдеу қажет. Оқушылардың еркін сөйлем құруы, мәтінге сұрақ қойып, әр бөлікті атауы, сабақта мазмұнын айтуы – оқу жобасының терең зерттелгенінің дәлелі.

Меніңше, мұғалім сабақты жоспарлағанда оқушылардың сөйлеу дағдыларын меңгеруі тиіс.

Жоғары сынып оқушыларын жұп арқылы немесе топ арқылы әңгімелесе алу мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұл әр оқушыға сөйлеуге, өз ойын айтып беруге мүмкіндік береді. Лингафон кабинетіндегі жұмысты тәжірибеге енгізу қажет, әсіресе, диалогтар,

Монолог жазылған ұнтаспаларды тыңдауларын қадағалап отыру керек. Сөйлемес бұрын өз сөздерін ұнтаспаға жазуға, сосын оны оқып беруге рұқсат еткен ұтымды.

Содан соң, мәтінге қарамай айтып берулерін өтіну. Егер де қателік жіберсе, қалған оқушылар түзетеді. Ал диалогты қағазсыз, өздігінен айтуға дағдыландырған дұрыс. Монологтарды да жатқа айтқандары дұрыс. Айтылымды жоспарлағанда сөйлеу әрекетінің үш кезеңін – тілдік, сөйлей алушылық және қарым-қатынастық әрекетшеліктерін міндетті түрде сабақ үрдісіне енгізе отырып, еркін сөйлесуіне уақыт қалдыру қажет. Бұл жерде бейне жазбалардан көріністер көрсетсе, оқушылар әр түрлі мәселелерге байланысты қандай сөз таңдауға болатынына, қалай сөйлеу керектігіне үйренеді.

Оқушылар тілдесуді өздері өткізгені жөн, әсіресе, бұл тереңдетілген деңгейде қажет. Жалпы, әр топ өз тақырыбы бойынша сұрақтар, сөздіктер дайындап, пікірлесу өткізеді, ал мұғалім тек бағалайды да, өз пікірін алға салады. Айтылымға бақылау өткізу керек, сөйлеуге арналған тапсырмалар не монолог бойынша сөйлеу, пікірлеуге қатысу, т.б. болуы мүмкін. Бағалау оқушылардың оқылған тақырыптардан алған білімдерін сөйлеу кезінде білуіне, алынған жаңа сөздермен айтылыстарды орынды да тиімді пайдалана білуіне байланысты іске асады.

Әрбір сабақта айтылым дағдыларын қалыптастыру үшін кейбір лексикалық жағдаяттар өткізуге болады. Мысалы: өзің туралы әңгімелеп бер, үй-ішіндегілерге сабақта кіммен танысқаныңды айтып бер, дайындалған мәліметтерді ауызша баяндап бер, өзің армандайтын бөлменді суретте, т.б.

Оқу орнының барлық қызметі, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың стратегиялық міндеттерін жүзеге асырудың барлық жауапкершілігін түсіне отырып, оқушылардың білім деңгейін анықтап қана қоймай, оқушылардың бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз ету – бүгінгі күннің талабы, сондықтан да терең білім беру жобасына үлесімізді қосып, оқу ордасын өркендетуге, дамытуға мүмкіндігіміз жеткілікті.

Амангүл ЖҰМАБЕКОВА,
Е.Мұқашев атындағы
орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Павлодар облысы,
Май ауданы,
Көктөбе ауылы.

ЕЛДІКТІҢ, ЕРКІНДІКТІҢ ТУЫ – АБЫЛАЙ

Абылай хан – XVIII ғасырдың 30-шы жылдары ішінде Қазақ хандығын басқаруға келген мемлекет қайраткері, ерен батыр, соғыс жүргізуде шебер қолбасшы, халықаралық саясатта епті дипломат. Өз еркімен хан тағынан кеткенге дейін (1779) Қазақ елінің бостандығы мен тәуелсіздігіне атсалысқан көсем.

Қазақ тарихында өшпес із қалдырған Тәуке хан 1718 жылы дүние салған соң көсемінен айырылған қалың елді алауыздық жайлады. «Бас басына би болған өңкей қиқым» билікке таласып, дау-дамай елдің бірлігін іріте бастады. Ежелгі дұшпан – қалың жоңғар мұндай ұрымтал жағдайды қалай қапы жіберсін. 1723 жылы Сыбан Рабдан бастаған жер қайысқан қол Жетісу жеріне баса-көктеп кірді.

Осы қысылтаяң кезеңде тарих сахнасында Шақшақ ұлы Жәнібек, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай сияқты аруақты батырлар, Төле мен Қазыбек сынды кемеңгер билер шығып еді.

Академик Манаш Қозыбаев келтірген дерек бойынша, 1733 жылғы Ереймен қақтығысында Абылай Сарыманжананы (Шарыш) жекпе-жекте өлтіріп, аты шығады. Сары-

манжа сол соғыстың алдында қазақтың үш батырын мерт қылады. Жекпе-жекте жеңіле беру кімнің мысын баспасын, Әбілмәмбет хан, Бөгенбай, Қабанбай, басқа баһадүрлердің еңсесі түседі. Сол кезде батырларға лайық айбыны бар, көзі шоқтай жайнаған, ызасы бұрқ-сарқ қайнаған бір жас жігіт топтан суырылып шығады. Әбілмәмбеттен бата сұрап, Сарыманжаға ат ойнатып, қарсы барады. Ежелгі дәстүр бойынша алғашқы кезекті жасы үлкен Сарыманжа алады. Сілтеген найзасы да, қылышы да дарымайды. Өз кезегінде жүректі жігіт қолындағы наркескенмен жоңғар батырының басын қағып түсіреді. «Абылайлап» шауып, жау шебіне үш кіріп, үш шыққанда дұшпан әскері ыдырауға айналады. Қазақ қолы ду етіп, лап қояды. Жоңғарлардың беті бір қайтқан соң, қатары сөгіліп, бас сауғалауға айналады. Ұрыс сәтті аяқталған соң Әбілмәмбет шайқаста ерлік танытқан жігітті шақыртады. Тегін, жауға «Абылайлап» шабуының мәнін сұрайды.

-«Шырағым, неге шаптың «Абылайлап»?

Босады жүйкем қатты ағамды ойлап

Әкең кім? Ел-жұртың кім? Туғаның кім?

Жөніңді бастан-аяқ айтшы жайлап.

Бала айтты: – «Қазақ-қалмақ ерегесі,

Мұндайда ердің қозар делебесі.

Қысылған соң аузыма түсіп кетті,

Атам – Абылай, мен болам – немересі».

Әбілмәмбет: - «Абылай, ағам нәсілінен бір ұрпақ бар деуші еді. Сен бе едің. Уәлібақаның жалғызымын деші», - деп құшақ жаяды.

Оның былай емірену себебі – екеуінің қаны бір. Шыңғыс ханнан жалғасып келе жатқан текті тұқымның бір бұтағы – Абылай кезінде ағайынның кесірінен Үргеніш жаққа ауған, сонда нағашысы – Қайып ханды сағалаған. Әбілмансұрдың атасы Абылай – Әбілмәмбеттің ағасы.

Әбілмәмбет хан осыдан бастап Әбілмансұрды көзінен таса етпейді, «Абылай» деп ат қойып, сұлтандық лауазым береді.

Ел ауызындағы әңгімелер бойынша Бөгенбай батыр бір шапқыншылық алдында ақыл қосу үшін үйсін Төле биге барады. Сонда бидің қолындағы Сабалақ есімді жас жігітке көзі түсіп:

- Шырағым, көзің оттай бала екенсің,

Мінезің – қазақтағы хан екенсің.

Жазғы салым қалмаққа аттанамыз,

Соған да керек болар жан екенсің,- деп назар аударыпты.

Астындағы нарқызыл атын беріп, қалмақ жақты барлап қайтуға бірге ала жүріпті.

Екінші әңгімеде Сабалақ Төле биге жүгініп, жорыққа аттануға бел байлағанын айтып, батасын сұрайды.

Төле: - «Балам, саған соғыс жақсы ма, жоқ, жылқы баққан жақсы ма?»- деп сұрайды.

Сабалақ: - Желкілдеген тудан, жер қайысқан қолдан шет қалғанша – азаматтың өлгені дұрыс та,- деп тура жауап береді.

Сол кездегі Абылай туралы:

Жиырма жасың толғанда,

Қалмақпен соғыс болғанда,

Алғашқы бақты тапқанда,

Шарыштың басын қаққанда,

Қанжығаңа бас байлап,

Жау қашты деп айғайлап,

«Абылайлап» шапқанда,- деген Үмбетей жыраудан қалған жолдар да негізсіз айтылмағаны белгілі.

1771 жылы Орта жүздің ханы – Әбілмәмбет қайтыс болып, сол жылы Түркістанда Қожа Ахмет Иассауи ғимаратында үш жүздің игі жақсылары Абылайды ақ киізге көтеріп, хан сайлады.

Абылай хандық құрмай тұрып-ақ Орта жүздің ардагері болған. Арқаның бас көтерерлері оны Көкшетауға орнықтырады. Сексен көл қоршаған Бурабайды еншісіне беріп, Атығай – қарауылдың алты аруын Абылайдың алты отауына енгізеді.

Айбаты да, ақылы да асқан Абылай шынында үш жүзді биледі. Оның тұсында қазақ даласының хандық деңгейінде қаралатын істерінің дені алдымен соның кеңесіне салынды. Қаталдығы – сырттағы жау мен іштегі дауды басты, кемеңгерлігі – қазақтың екі қапталынан қауіп төндірген Ресей мен Қытайдың тізгінін тартып отыруына кепіл болды. Оның үстіне Қытай империясы қазақтың бай даласына көз тастауын қоймады. 1736 жылы 90 мың қытай әскерімен Жоңғарларды қанға бояп, мүлдем жойып жіберді. Ендігі кезек қазақтыкі болуы әбден мүмкін еді. 1758-60 жылдары олар Орта жүздің жеріне шым-шымдап басып ене бастады, Самарқанды, Жетісуды басып алуды көздеді.

Шыдамаған Абылай қайтадан атқа қонды. Қанжығалы қарт Бөгенбайды бас етіп, қол жиді. Шығыс Түркістанның Талқы деген жерінде қара қытайды қарумен қарсы алды. Қазақ батырлары ентелеген жауды кері қуып отырып, Тұрпан асырды. Осыдан кейін Шығыстағы дұшпан қайтіп ереуілдеген жоқ.

1740 жылы Абылай Ресейге адалдығы жөнінде ант берді. Сол күндерде болған істің басында жүрген князь В.Урусов былай деп жазады: Абылай сұлтан тұрып: «Біздің хан болып өткен бабаларымыз жүрегі таза, атақты, абыройлы адамдар болған, олар жақсы адамдармен достаса білген, біз неге солардың жолын қумаймыз» деп генерал – лейтенантқа адалдықпен сыйласуды өтінеді.

Абылай ханның Ресей мен қытайдай екі содырдың кесір-кесапатынан аман отыруы сүйсінерлік кемеңгерлік. Цинь

Империясы оған «ван» (князь) атағын берсе, орыс патшасы жылына 200 сом ақы төлеп тұрды. Қазақтар Ресейді Қытайдан қорғайтын мықты қалқан болғаны – тарихи шындық. Ол Қытайға да сондай қызмет атқарған.

1741 жылы Абылай қапыда қалмақтардың қолына түсіп қалады. Қалдан-Серен тұтқындағы Абылайды алдына әкелгенде тұтқынға бірге түскен Өтеген батыр: «Қазақтың айбарлы ханы, төмендеме, мыналардан жоғары отыршы», - деп төрттағандап тұра қалыпты.

Қазақтың береке-құты болған ардақты ханның қателігі де болған. Жасы ұлғайғанда Көкшені балаларына беріп, өзі Түркістанға орнығады. Бұл кез қаумалаған жаудың әлсіреп, заманның тыншығандай шағы еді. Абылай қалың әскерді жанында ұстауды ретсіз деп біліп, таратып жібереді. Мұны қоқандықтар біліп қойып, Абылайды қоршауға алады. Түркістанға тізесін батырады. Өкініш өзегін өртеген хан: «Қайран Арқаның батырлары-ай, жанымда сендер болсаңдар, мен қапыда қалар ма едім?!»- деп аһ ұрған екен.

Абылай жетпіс жасында дүние салған. Сүйегі Қожа Ахмет Иассауи ғимаратының іргесінде. Қазақ еліне пана болған қасиетті хан туған топырығының айбыны болып, тарихтың төрінен орын алды.

Абылай заманындағы жақсы дәуірді қазақ баласы Абылайдан кейін көрген емес дейді ата-бабаларымыз.

«Батыр болса Жәнібектей, хан болса Абылайдан болсын» деген сөз бар.



ШЫҒЫСТЫҢ АҚҚАН ЖҰЛДЫЗЫ

Шараның мақсаты: 1. Тұңғыш зерттеуші Шоқан Уәлиханов туралы білімдерін жинақтау, топтау, қорыту; 2. Оқушылардың іздену дағдысына сүйене отырып, олардың ойлау, есте сақтау қабілетін жетілдіре түсу, өздігінен білім алуға, ой қорытып, оны жеткізе білуге дағдыландыру; 3. Ғалым еңбегін бағалай білуге, құрметтеуге, мақтан етуге, отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, білімге, өнерге, ізденімпаздыққа жетелеу, туған өлкесіне сүйіспеншілігін арттыру.

Әдіс-тәсілдері: әңгімелеу, түсіндіру, баяндау, ойландыру, іздендіру. *Көрнекілігі:* Шоқан портреті, Шоқан суреттері; Ұлы ғалым туралы жазылған келесі ой-пікірлер:

«Корпустың оқушылары Шоқанды болашақ зерттеуші, тіпті, ғалым болуы да ықтимал деп жүрген кезде Шоқан небары он төрт- он бес жаста ғана болатын» (Г.Н.Потанин).

«Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану ғылымында аққан жұлдыздай жарқ етті де, жоқ болды» (академик И.Н.Веселовский).

«Шоқаны бар ел- шоқтығы биік ел!» (Ғ.Мүсірепов).

*«Чужая жизнь –безжалстней моей-
Зовет меня.. И что мне делать с ней?
Ведь можно лишь рукою великана
В лазоревой высокогорной мгле*

Шараның жоспары:

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі.

2. Шоқанның өмір жолдары:

а) арғы тегі, туып-өскен ортасы;

ә) балалық шағы;

б) білім алу кезеңі (Омбыда оқуда болған жылдары).

3. Шоқанның ғылыми қызметі:

а) Шоқан – саяхатшы, тарихшы;

ә) Шоқан – әдебиет зерттеуші;

б) Шоқан – суретші;

в) Шоқан және музыка;

г) Шоқан – этнограф;

Шоқанның өмірінің соңғы кезеңдері.

4. Шоқанның еңбектерінен үзінділер:

а) «Киіз үй»;

ә) «Ыстықкөл сапарының күнделіктері»;

б) «Достоевскийдің Шоқанға жазған хаттары»;

в) «Егіншілік туралы».

5. Шоқан бейнесі көркем әдебиет шығармаларында:

а) С.Бегалин. «Шоқан асулары» повесінен үзінді;

ә) Ә.Марғұлан. «Шоқан»;

б) С.Мұқанов. «Шоқан Уәлиханов»;

в) «Балдәурендіктердің » Шоқан туралы өлеңдері.

Шараның барысы:

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- XIX ғасырдың өзінде орыс ғалымдарынан жоғары бағасын алып, «шығысты зерттеу әлемінің аспанынан аққан жұлдыздай өте шыққан» Шоқан XXI ғасырда да ғылым үшін маңыздылығын мысқалдай да кеміткен жоқ. Өз халқы үшін оның ағартушылығы мен этнографтығы, ауыз әдебиетін жинаған еңбегі – тағы бір төбе. Қамшының сабындай аз ғана

ғұмырында халқына мол мұра қалдырды.

Ол адам қабілетінің ғажайып мүмкіндіктерін, гуманизмнің биік өрісін, ұлтжандықтың жалтақсыз үлгісін, ғылыми қабілет пен алғырлықтың қайран қаларлық өнегесін барша болмысымен, нақтылы іс-әрекетімен дәлелдеп үлгерді. Шоқан – терең энциклопедиялық білімі бар, өз заманында ғылымда бірқатар мәселелерді жаңаша көтерген ірі ғалым. «Шоқан тұлғасы сырға бай, ғажайып тұлға ғой. Кейде өзіңмен өзің болып ой кешіп отырғанда, Шоқан өмірде рас болды дегенде сеніңкіремейтінім рас. Кішкене ғұмырында соншалықты мол еңбекті қалай ғана сыйдырған десеңші?..»- деп жазды Ш.Айтматов.

Шоқтығы биік қазақ ғалымының ағартушылық ойлары, ғылыми зерттеулері мен жаңалықтары бүгінгі жаһандану заманындағы Қазақстанның әлемдік өркениеттік үрдістерді жаңғыртудағы үлесімен жалғас жатыр. Шоқанның 175 жылдық мерейтойы еліміздің Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуімен тұспа-тұс келді. Биылғы жыл бүкіл жұртымыз үшін ұлы ғалым, этнограф, фольклоршы, саяхатшы және ағартушы Шоқан Уәлихановтың туғанына 175 жыл толуымен есте қалады.

Классик жазушымыз Ғабит Мүсірепов «Шоқаны бар ел – шоқтығы биік ел!»- деген болатын. Бұл барша қазақстандықтардың мерейін өсіретін баға ретінде отандық ғылымның әлемге танылуына септік жасайды.

2. Шоқанның өмір жолдары:

Шоқан (Мұхаммедқанафия) Шыңғысұлы Уәлиханов – қазақ халқының XIX ғасырдың екінші бөлегіндегі талантты ғалым ұлдарының бірі. Шоқан Уәлиханов – Еуропа мәдениетін мол игеріп, неміс, француз, орыс тілдерін, әдебиетін терең таныған жан. Өз халқы ғана емес, көрші қырғыздың, Қашқардың, Қытайдың, Жоңғарияның мәдениеті, әдебиеті, тарихы, философиясы, жағрафиясы жайлы құнды еңбектер

жазып қалдырған, алғаш қазақ әдебиеті теориясы, ауыз әдебиеті жайында жазған зерттеулері – бүгінгі күнге дейін бағасын жоймаған мұра.

Шоқан Уәлиханов қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде 1835 жылы дүниеге келді. Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың арғы заты сұлтандардан тарайды. Арғы атасы – бүкіл қазақтың басын қосқан, аты аңызға айналған Абылай болатын.

Абылай ханның ұлы (Шоқанның туған атасы) қайтыс болғаннан кейін хан шаңырағы, хандық билік Уәлидің кіші әйелі – Айғанымда қалған. Жасында Шоқан әжесі Айғанымның ықпалында болған. Әжесі бала күнінен «Шоқаным» деп еркелетіп айтуымен «Шоқан» деп аталып кеткен.

Айғаным – парасатты, терең ойлы әрі көреген, өзінің заманына қарай білімді болған әйел. Айғаным орысша оқып, білім алудың маңызын терең түсінген. 1827 жылы ол өзінің баласы Шыңғысты – Шоқанның әкесін Сібірдің линиялық казактарының әскери училищесіне оқуға түсіреді.

Ұшқан ұя. Ұлы ғалымның балалық шағы Құсмұрында, кейін Сырымбетте өтеді. Шоқанды орта есейтеді, оған себеп болған қазақтың бай ауыз әдебиеті еді. Осы бай мұраны жаттап өскен баланың зердесі ғана өсіп қоймай, өзі де бірге жетіледі. Жас шағында-ақ Шоқан зерек те, зейінді болады. Шоқан көп әңгімені әжесі Айғанымнан естіп өседі. Сондықтан да Айғаным бейнесі Шоқан есінде мәңгілік қалады, аяулы әже, қамқор қария есті ұлды Алаштың сұлу әлемі - әдебиет әлеміне әкеліп қосады. Ауыл мектебінде мұсылманша хат таныған Шоқан кейін орыс мектебінде, 1847-1853 жылдары Омбыдағы кадет корпусында оқиды. Бұнда саяси-әскери сабақтармен бірге батыс, орыс әдебиеттері, философия, математика негіздері, шетел тілдері оқытылатын. Орыс тілін білмейтін дала ұлы бірден оны меңгеріп кетеді

3. Шоқанның ғылыми қызметі:

а) *«Шоқан – саяхатшы»* тобы сөйлейді.

Шоқан – Қазақстаннан шыққан тұңғыш саяхатшы. Қазақстанды, Шығыс Түркістанды, Орта Азияны зерттеген ойшыл, кемеңгер ғалым. 1855 жылы ол генерал Гасфорттың сапарына қатысып, Жетісу, Тарбағатай, Орталық Қазақстан, Іле Алатауын аралайды. 1856 жылы Ыстықкөлдің топографиялық суретін түсіреді. Кей сапарға Семенов Тянь-Шаньскиймен бірге барады. 1856 жылы күзде Құлжаға қайтып, Қытаймен сауда байланысын жақсартып, екі ел арасында келіссөз жүргізеді. 1857 жылы Уәлихановтың Алатау қырғыздарына барған сапары Қашқар экспедициясына дайындық іспетті болады. ХІХ ғасырдың ІІ жартысында ғылымда Қашқария жөнінде ешқандай мәлімет жоқ еді. Патша өкіметі Қашқария туралы мәлімет келуі үшін шығыс тілін жақсы білетін, ержүрек те батыл Шоқанды жібереді. Ол 1858-1859 жылдары Қашқарияда болып, әлемге «Алты шатырдың немесе Қытайдың Нанлу провинциясының Шығыстағы Алты қаланың жағдайы туралы» деген атақты еңбегін жазды. Сол сапардан әкелген құты Дрезден көрмесіне қойылды. Қашқария мәліметтері Шоқанның дүние жүзі география ғылымына қосқан зор жаңалығы еді. 1856-1861 жылдары Шоқан Петербургте болып, қиын да қызықты өмірді бастан кешіреді. Ол мұнда орыстың озық ойлы интеллегенциясымен араласады.

ә) *«Шоқан – әдебиетші, зерттеуші ғалым»* тобы сөйлейді:

Шоқан – әдебиет зерттеуші, очеркист-жазушы. Очерк деген не? Очерк – қысқа көлемді көркем шығарма. Ғылыми зерттеу еңбек пен әдеби шығарма арасындағы туынды. Кейіпкерлері көркем әдебиеттегідей ойдан шығарылған емес, өмірде болған немесе бар адам. Шоқан 1854 жылы экспедиция құрамымен Қазақстан, Жетісу, Жоңғария,

Гарбағатай, Алакөл өңірін аралайды. Қашқария, Ыстықкөл жаққа сапармен барады. Сонда ол «Жоңғария очерктері», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Ыстықкөл сапарының күнделіктері», «Қазақ халық поэзиясының түрлері» деген бірнеше еңбек жазады. Бұл еңбектерінде жергілікті халық тарихы, әдебиеті, әдет-ғұрпы зерттеледі. Барған жерінің табиғаты мен ел тұрмысын Шоқан жазушының шеберлігімен суреттейді. Шоқан әдебиетші ғалым ретіндегі қадамын ауыз әдебиеті ескерткіштерін жинап, жазып алудан бастайды. Ол жазып алған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Көкше», «Едіге» секілді жырлар орыс ғалымдарының назарын аударып, төңкеріске дейін баспадан шығады. Осы топтағы шығармасының көрнектісі – «Абылай туралы жыр». Ғалым «Тарихи аңыз-әңгімелер» еңбегінде ХҮІІІ ғасырдағы батырлар туралы қызықты деректер келтіреді. Мұнда сол дәуірдің көрнекті қайраткерлері Абылай, Бөгенбай, Жәнібек, Елшібек, Малайсары сияқты тарихи тұлғаларға қатысты жайлар сөз болады. Шоқанның әдебиет саласындағы еңбектері ХІХ ғасырдағы әлемдік озық ескерткіштері қатарына қосылады.

б) «Шоқан – суретші» тобы сөйлейді:

Бүкіл саналы ғұмырында Шоқан шығыстанушы, жалпы өнер зерттеушісі ретінде көрінуі кездейсоқтық емес. Ол өзінің қысқа ғұмырында сурет, сәулет, мүсін, сән және қолөнерге айырықша маңыз берген. Осы салалар бойынша Шоқан еңбектерін зерттеп, академик Ә.Марғұлан оның сурет жазбаларын мынадай 7 топқа жіктеді:

1. Шоқанның жас кезінде салған суреттері;
2. Ыстықкөл экспедициясы суреттері;
3. Құлжа суреттері;
4. Қазақстан мен Қырғызстан мәдени және археологиялық ескерткіштерінің суреттері;

5. Қашқар экспедициясы суреттері;

6. Қазақтардың, қырғыздардың тұрмысы мен салтына қатысты суреттер;

7. Замандастарының портреттері.

Ә. Марғұлан «Шоқанның суретшілік өнері жеті жастан оянған» деген пікір айтады. Ал Шоқанның студент кезіндегі досы Потанин «Шоқан бір ауыз сөз орысша білмейтін кезінде-ақ қарындашпен сурет салуды ұнатқан» дейді. Зерттеулерге сүйенсек, Шоқанның 150-ден астам суреттері сақталған. Соның ірілері- «Алатау қырғыздары», «Қашқарлық келіншек», «Тезек төре», «Мырзалар», «Салт аттылар», «Қытай мырзаларын Құлжада қабылдау», «Қалмақ Зайсаны», «Бұғы руының жоғары манабы», «Боранбай». Шоқан барған жерлерінде табиғат сұлулығын зерттеген. Мүсін өнерінен таңбалы тастары, сәулет өнерінен «Алаша хан мазары», «Қырғыз моласы», т.б. еңбектері бар.

в) «Шоқан және музыка» тобы сөйлейді:

Музыка зерттеуші ғалымдар мен музыка қайраткерлері Шоқан өмір сүрген кезеңінің қазақ халқы, музыка, мәдениетінің гүлдену шағы дейді. Шоқан нота таныған, орыс, Батыс Еуропа, Қазақстан және Орта Азия музыка өнерімен толық таныс болған. Өмірінің соңына дейін ән мен жырдың ортасында жүрген. Шоқанның «Қазақ музыканттары» суретті туындысының жұмбақтылығы басым. Мұнда XIX ғасырдың орта шенінде өмір сүрген алты бірдей музыка шеберлерінің суреттері салынған. Олар: Біржан сал, Ақан сері, Мұса, Тәттімбет, Қартқожа және Ханқожа Уәлиханов. Сонымен қатар 14 күйдің тізбесі бар. «Тәңір би», «Суға кетті Ер Қотан», «Балбырауын», «Ала байрақ», «Қызыл қайың», «Қапыда өткен қарбалас», «Ханқожаның күйі». Ханқожаның сыбызғы мен домбырада ойнаған күйлері Шоқанды сан рет жан рахатына бөлейтін. Шоқанның әкесі Ханқожа әндерін айырықша бағалап, «Бақыт- менікі, өнер- Ханқожанікі»

деген қанатты сөздер қалдырған.

Шоқан қобыз аспабының ойналуы өте күрделі, тартымды да әсерлі аспап деп жоғары бағалайды. Әрі қобыз сүйемелімен айтылатын көне жырлардың қалып бара жатқанына, ата дәстүрдің тұлдырсыз қала бастағанына қынжылады.

2) «Шоқан – этнограф» тобы сөйлейді.

Шоқан барған елдерін жан-жақты зерттеп, оның саяси және экономикалық құрылымымен жақсы танысып, ол жерлерді ерте замандардан бері мекендеп келе жатқан халықтың тарихы мен этнографиясы жөнінде көп материалдар жинақтаған. Этнография – халықтардың шығуын, мәдени-тұрмыстық ерекшелігін зерттейтін ғылым. Мысалы: Қашқарияны зерттеуде «Алты шатырдың немесе Қытайдың Нан-Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жағдайы туралы» еңбегінде ол Шығыс Түркістан тарихы, этнографиясы, әлеуметтік құрылысы жөнінде толық мағлұмат береді. «Қырғыздың ата-тегі», «Оңтүстік тайпаларының тарихы» еңбектерінде Батыс Қытай, қырғыз, қазақ халықтарының бастан өткізген тарихи кезеңдері мен мәдениеті жан-жақты талданады. Ғалым Орта Азия халықтарының тілін, көне мұраларын зерттеген. Петербургте болған жылдары ол ғылыми жұмыстарын одан әрі жалғастырады. Ағылшын, неміс, француз тілдерін жетік меңгерген. Шоқан осы тілдердегі картаны зерттейді. 1861 жылы белгілі ғалым болып танылған соң, ауруға шалдығып, елге келеді. Бірақ ағайын-туыспен келіспей, Омбыға барып, сот реформасымен айналысады. 1864 жылы генерал Черняевтің экспедициясына қатысып, оларға наразы болып, Верный, одан әрі албан руының аға сұлтаны Тезек ауылына барады. Сонда тұрып, Тезек төренің қарындасына үйленеді.

Бұрыңғы өкпе ауруынан 1865 жылдың 10 сәуірінде 30-ға жетпеген шағында қайтыс болады. Оның сүйегі Алтынемел тауының баурайындағы Көшентоған деген жерге қойылады.

Шоқан өлімі қазақ халқына және оның орыс достарына тым ауыр тиді. Орыстың географиялық қоғамы басып шығарған (1904) Шоқан шығармаларына жазған алғы сөзінде академик Н.И.Веселовский: «Шоқан Уәлиханов Шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдары оны ерекше құбылыс деп түгел мойындап, түркі халқының тағдыры туралы одан маңызы зор, ұлы жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің үмітімізді үзіп кетті», - деп жазды.

Шоқан – терең энциклопедиялық білімі бар, өз заманында ғылымда бірқатар мәселелерді жаңаша көтерген ғалым.

4. Шоқанның еңбектерінен үзінділер оқылады:

- а) «Киіз үй»;
- ә) «Ыстықкөл сапарының күнделіктері»
- б) «Достоевскийдің Шоқанға жазған хаттары»
- в) «Егіншілік туралы»

5. Шоқан бейнесі көркем әдебиет шығармаларында:

а) С.Бегалин. «Шоқан асулары» повесінен үзінді:

Үзіндіні оқып, сөйлесу:

- Шоқан Уәлиханов жайында не білдіңдер?
- Шоқан Мысықпен қай жерде кездесті?
- Мысық жасаған мүсіндерді Шоқан қалай бағалады?
- Шоқанның қайырымдылығын, уәдеге беріктігін қандай істерінен білуге болады?

ә) Ә.Марғұлан . «Шоқан»:

- Ә.Марғұлан өз шығармасында Шоқанның өскен ортасы туралы не дейді?

- Шоқанның Ыстықкөл мен Тянь-Шаньға сапары.
- Шоқанның «Манас» эпосын зерттеуі туралы не айтылған?

б) С.Мұқанов. «Шоқан Уәлиханов» (пьеса)

- Бұл пьеса сахнада нешінші жылы қойылған?

- Ұлы ағартушының тұлғасы қалай көрсетілген?
- Шоқанның аса ірі тұлға болғанын неден байқаймыз?
- Шоқаннан басқа қандай тарихи адамдардың бейнесі берілген?

в) «Балдәурендіктердің» Шоқан туралы өлеңдері:

1. «Шоқан ата рухына»

Ғасырлардың толқындары...

Сылқым әуез құбылады заманмен,

Қатал өмір салар ащы тезіне.

Дархан қазақ өр жолында аман ең,

Сұм тағдырға қайдан қалдың кезіге?

Жазира-нұр жүректермен тіл қатып,

Өтті-ау қанша заман-ағым сұрапыл.

Ғасырлардың жартасынан құзар-шың

Сізді оқып, Шоқан ата, ұнаттым.

Аққан жұлдыз. Қысқа ғұмыр... қысқа ән...

Дүниенің қызығынан тыс қалған.

Себелеген өр халқының бағына,

Сізді, ата, ақ жауынға ұқсатам.

Шоқан ата...

Ақ арманы ақ сағым боп ағарған,

Жүрек толы даналық пен ақ арман.

Шынар кеуде бар әлемді сыйғызып,

Бүгін, міне, мұрағатың дін аман.

Іңкәр әлем сыры менен жыры көп,

Құпияң да шарықтауда құрылып.

Неге өмір тар келеді данаға,

Даналарға кімдер жатыр құнығып?!

2. «Шоқан атама»

Өмірдің кілтін аштың жарық көзбен,

Қазақтың тілін байлап жүйрік сөзбен.

Құштарлығың білімге ерте оянып.

Өмірге қарадың ғой жаңа көзбен.

Көтердің мәртебесін қазақ елдің,
Бұл өмірдің қазақ атты пендесі едің.
Ғылымның айдынына терең бойлап,
Жаманның жамандығын ерте көрдің.

Асуың бар Азия деп белес атқан,
Еуропаға танытар даңқың жатқан.
Қысқа өмір беріпсің бұл пендеге,
Неге мұнша қатал ең, уа, Жаратқан.

Білмеймін, қалай кеттің бұл өмірден,
Орын алдың қазақтың дәл төрінен.
Мақтан етер бар қазағым өзіңді,
Соның бірі – мына пенде – өзім, мен.

Шара ауызша «**Шоқан – ұлы ғалым**» сөзжұмбағы арқылы қорытындылады.

1. Шоқанның әкесінің аты кім?
2. Шоқанның білім алған қаласы?
3. Шоқанның туған өлкесі?
4. Шоқанның арғы атасы?
5. Қазақтың тұңғыш ғалымы?
6. «Аққан жұлдыз» романының авторы?
7. Шоқанның атасы?
8. Зерттеген лиро-эпостық поэмасы?
9. Шоқанның әжесі?
10. 1858-1859 жылғы сапары?
11. Шоқанның қайтыс болған жері?
12. 1857 жылғы сапары?
13. Ыстықкөл сапарында зерттеген поэмасы?



Әмина БАЛТАБЕКОВА,
Астана қаласындағы
№62 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЗДІК ҚОРЫ МОЛ СУРЕТШІ

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімдік** – Әбілхан Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беру, оның ерекше талантты суретші екенін таныту, оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, лексикалық сөздік қорын байыту; **дамытушылық** – оқушылардың тіл байлығын арттыру, суретшінің биік тұлғасы, бүкіл саналы өмірін туған елдің болашағына арнаған, туған халқына, оның бейнелеу өнеріне сіңірген еңбегін танып білу; **тәрбиелік** – Әбілхан Қастеевтің өмірі мен шығармашылығын түсіндіру барысында оқушылардың туған еліне, халқына, Отанына деген сүйіспеншілігін ояту. Бейнелеу өнеріне деген ынтасын арттыру, қызығушылығын ояту, өнер құдіретін сезінуге, өнерді құрметтеуге және әсемдікті сүюге тәрбиелеу.

Түрі: аралас, іздену сабағы. **Әдістері:** сұрақ-жауап, іздену әдістері, баяндау, түсіндіру, өз ойын әңгімелеп беру.

Оқыту технологиясы: деңгейлеп, саралап тапсырмалар беру, дамыта оқу технологиясы. **Көрнекілігі:** Қастеевтің портреті, жекелеген суреттер, кәртішкелер. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, бейнелеу өнері, қазақ әдебиеті, ағылшын тілі.

Сабақтың барысы:

1. Әнұранды айту.

2. Ұйымдастыру кезеңі. Кезекші рапорты.

3. Сабақтың мақсатын түсіндіру.

4. Үй тапсырмасын сұрау.

5. Жаңа сөздермен таныстыру.

6. Жаңа сабақ түсіндіру.

7. Мәтінді мәнерлеп оқу, аудару.

8. Суретпен жұмыс жүргізу. Ойын түрін өткізу.

9. Жазбаша жұмыс түрлерін өткізу.

10. Тест. Жекелеген кәртiшкелер бойынша жұмыс өткізу.

11. Үйге тапсырма беру.

12. Мақал-мәтелдер айту.

13. Сабаққа қорытынды жасау.

14. Сабаққа баға қою.

Үйге берілген тапсырма: Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы. *Сұрақтар:*

1. Мұражай қай жылы құрылды? Мұражай 1935 жылы құрылды.

2. Мұражай қорындағы шығармалар қандай елдерге көрсетілді?

Мұражай қорындағы шығармалар республикалық көрмелерде және АҚШ, Жапония, Канада, Бельгия, Венгрия, Польша, Германия, т.б. сияқты бір қатар шетелдерде де көрсетілді.

3. Ә.Қастеевтің өнер мұражайының орналасқан жерін анықтап көрсетiндер, сызба бойынша. 94-бет. Мәтiндердi оқытып, аудару, өз түсiнгендерiн әңгiмелету. Диалог, монолог ретiнде сұрау. Үйге берiлген 6-тапсырма. Сұрау. Үйге тапсырма өнер туралы мақал-мәтел жаттап келу берiлген.

Өнер туралы мақал-мәтелдердi сұрау.


«Қол өнерi – кiлемде, сөз өнерi – өлеңде».

«Өнер алды – қызыл тiл».

«Өнердi үйрен де, жирен»

«Ақыл көпке жеткiзер, өнер көкке жеткiзер».

Өнер – сан тарау. Өнердің түрлерін атандар.



«Өнер – бітпес байлық, таусылмас қазына».

Өнер – адам бойындағы қабілеттің ең бір биік көрінісі.
(Оқушылар өз пікірін айтып, ой түйеді).

Сөздік:

айыру – разделить;

айырылу – лишиться;

табиғат аясында – на лоне природы;

аңқу – пахнуть;

топырақ – почва;

жусан – полынь;

жуа – дикий лук;

жұпар – аромат;

саралау – выбирать;

мүйіз – рога.

Жаңа сабақ түсіндіру. Әбілхан Қастеев. Әбілхан Қастеев қазіргі Алматы, бұрынғы Талдықорған облысы, Панфилов ауданы, Межін ауылында туған. Әкесінен ерте айырылып,

сегіз жасында табиғат аясында сиыр бақты. Табиғат – адам баласының анасы. Дала бозторғайының үні, тау самалының қоңыр желі, жұпары аңқыған жусаны ойға ой қосады, сананы сәулелендіреді. Сол кезден бастап «Көзінде айнасы бар бала» атанған Әбілхан тамашасы аусылмайтын табиғаттың сан түрлі бояуын санап, түрлі ағаш атауын, жан-жануардың, өсімдік, тіпті, топырақтың түр-түрін түсін саралап өсті. Сондықтан болар, сурет әліппесін үйреткен Н.Г.Хлудовтың: «Бұл өнерді қайдан, кімнен үйренді?» - деген сұрағына:

«Таудың бұлағынан,
 Қойдың құлағынан,
 Апамның киізінен,
 Ешкінің мүйізінен», - деп жауап берді.

Өмірі мен шығармашылығының елеулі кезеңдері:

1904 жыл	1954-1956 жылдары
1912-1928 жылдары	1958 жыл
1929 жыл	1967 жыл
1937 жыл	1968 жыл
1942-1944 жылдары	1969-1971 жылдары
1945 жыл	1937 жыл
	1984 жыл

96-бет, 2-жаттығуды ауызша орындау.

2. Суретке қарап, мына сұрақтарға жауап беріндер:

1. Суретте нелер бейнеленген?
2. Суреттен қандай әсер алдыңдар?
3. Жазушының пікірі осы суретте айқын берілген бе?
4. Суретшінің Н.Г.Хлудовқа айтқан ойына қосыласыңдар ма?

Дәлелдендер.

97-бет. Тест. Жазбаша орындау.

- | | |
|-----------------------------------|-------------|
| 1. Мұғалім маған сурет салуды ... | 1. таусылды |
| 2. Үйде нан ... | 2. саралады |
| 3. Оқушылар әр өсімдікті ... | 3. қосты |

4. Інім бір санды екінші санға ...

4. сәулелендірді

5. Күн үйдің ішін ...

5. үйретті

Сөзжасам 96-бет. Оқу, аудару, сөйлем құрау.

Сәуле	Қосу	Саражол	Үйрену
Сәулелендіру	Қосар	Саражол	Үйрету
Сәулемсің	Қосты	Саралау	Үйреткен
Сәулесі	Қосамыз	Саралама	Үйрете ме?
	Қостық	Саралайтын	Үйренбеді
	Қоспа	Саралап болдық	Үйренген
	Қоса ма?	Сараланды	Үйреткізу
	Қоссақ		Үйреншікті
	Қосуға болады		

1-топ аударады.

2-топ сөйлем құрайды.

Үй тапсырмасы: 95-бет, мәтінді әңгімелеу.

96-бет, 2-жаттығу, суретке қарап әңгіме жазып келу.

Сабақты қорыту: - Сонымен, балалар, ең алғашқы қазақ суретшісі Әбілхан Қастеев жайында сендер кеңірек біліп таныстыңдар. Қастеев аталарың еңбек сүйгіш, өнер адамы болғанын сендер өте жақсы білесіңдер, ал енді қазір сабағымыздың соңында кім еңбек, өнер жайында мақал-мәтелдер айтады. *Оқушылар мақал-мәтел айтады.*

- Ә.Қастеевтің өнер мұражайы жайында сендер алған толық білімдерінді көрсеттіңдер, сендерге рахмет. Мәтінді толық жақсы игеріпсіңдер, осылай күннен-күнге сабаққа деген ынта, жігерлерің арта берсін! Сабақ аяқталды, мақсатына жеттік.



Шынар БАҚТЫГЕРЕЕВА,
Атырау облысының
Құрманғазы ауданындағы
М.Әуезов атындағы
орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ФОНЕТИКА ТАРАУЫН ҚАЙТАЛАУ

Сабақтың мақсаты: білімдік – оқушылардың фонетика тарауы бойынша алған білімдерін бекіту, тексеру, теориялық білімдерін тиянақтау, практикамен ұштасу; **дамытушылығы** – оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін арттыратынымен сатылай кешенді және математикалық тәсілмен талдауда шапшаңдық танытуға үйрету; **тәрбиелік** – өз заманының озық ойлы, кең өрісті шығармашыл, мәдениетті азаматын тәрбиелеу.

Түрі: нәтиже сабақ. **Әдісі:** «Миға шабуыл», сынақ жұмысы, сатылай кешенді және математикалық тәсілмен талдаулар, «Полиглот» ойыны, жолдық тұжырымдама. **Техникалық құралдар:** интерактивті тақта, компьютер, мультимедиялық проектор, А. Жорабаеваның орындауындағы «Астана» әні, А. Еңсеповтың «Балалық» күйі. **Көрнекілігі:** Н.Ә.Назарбаевтың портреті, «Астананың» көрікті жерлерінің суреттері, слайдтар.

Сабақтың барысы: Эпиграф: *«Қазақ тілі – өте әдемі, көркем тіл, сондықтан тілді білмеу мүмкін емес».*

Н.Ә.Назарбаев.

1. Ұйымдастыру сәті: *«Шаттық шеңбері»* жаттығуы.
Бірінші оқушыға, өзім: - Сәлеметсіз бе, Саша? Мен саған сәттілік тілеймін... «Қосылып екенен ағаш – орман,
Ынтымақ – бұзылмайтын қорған» деген ата-бабамыз,

осындай тату- бірлікте сабағымызды бастаймыз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақ тілі – өте әдемі, көркем тіл, сондықтан бұл тілді білмеу мүмкін емес» деген, сол себепті біздің республикамызда өмір сүріп отырған өзге ұлт өкілдері қазақ тілін білуге міндетті екен. Олай болса, бүгінгі сабағымызда біздің мемлекеттік тілді қаншалықты үйреніп, меңгеріп келе жатқанымызды фонетика тарауы бойынша нәтиже сабағында көрсете аламыз. Сендерге үйге тапсырмаға фонетика тарауын пысықтап келу тапсырылған болатын.

Ендеше сендерге сұрақ:

2. Үй тапсырмасы: «Мизга шабуыл».

1. Фонетика ғылымы нені зерттейді?
2. Буын дегеніміз не?
3. Үндестік заңы дегеніміз не?
4. Орфография қай тілден енген сөз?

- Оқушылар, бүгінгі сабағымыз бірнеше кезеңнен тұрады.

Әр кезеңді күнделікті сабағымызда қолданып жүрген бағытымыз бойынша бағалау парағымен өздеріңді бағалап отырасыздар.

I кезең. Мәтінмен жұмыс.

«Астана» мәтінін оқып, танысу.

2. Сөздік жұмысы:

рәміздер тәріздес – считается как символ;

көз алдымызға елестейді – представляем себе;

аты әлемге әйгілі – известно всему миру, т.б.

а) Жаңа сөздерді мәтінен тауып оқы.

ә) сөз тіркестерімен сөйлем құра: көз алдымызға елестейді, аты әлемге әйгілі тарихи оқиғалар.

б) мәтінді мәнерлеп, қатесіз оқу.

- Оқушылар, жаңа сөздермен таныстыңыздар, енді аударма жұмысы, мәтінді орыс тіліне сөзбе- сөз аудару тапсырылады.

3. Аударма жұмысы.

Сөзбе-сөз аудару.

Тапсырма:

1. Мәтіндегі асты сызылған сөздерді талда.

2. Әйгілі, үлкен, қала сөздеріне фонетика бойынша математикалық талдау жаса.

3. Әлемге, жердің, Астана сөздеріне фонетикалық талдау жаса.

Сабағымыздың келесі кезеңі.

II кезең. «Өнерлі өрге озар».

Бұл кезең – оқушы шығармашылығы.

- Оқушылар жаңа «Астана» туралы мәтінмен таныстыңыздар, ару қала – Астананың 10 жылдық мерейтойы атап өтілді.

Ендеше қазақ халқының ақын-жазушылары, сазгерлері Астананың тойына байланысты көптеген өлеңдер, шығармалар жазды. Сендердің де араларыңда Астана қаласының 10 жылдық мерейтойына арнап өлең, шығармалар жазған оқушылар бар. Қазір Саша «Ел тұғыры – Елорда» тақырыбында жазған шығармасын оқып береді. Рахмет, Саша шығармашылығың әрі қарай шыңдала берсін.

Қазір, Алена өзінің шығарған «Ару қалам- Астанам» атты өлеңін мәнерлеп оқып береді. Жақында Алена осы өлеңімен облыстық «Менің шығармашылығымдағы- мәртебелі тіл» тақырыбында өткен сырттай байқауға қатысып, өлеңі облыстық жинаққа енді, сонымен қатар Алена өзінің жаңа туындысы «Менің анам» деген өлеңімен Қазақ радиосының республикалық «Қылқалам» сырттай байқауына қатысты.

Рахмет, Алена, алға қарай да сәттілік тілейміз.

III кезең: «Білгенге – маржан», «Полиглот» ойыны.

- Өте жақсы, ал енді келесі тапсырма «жеті, жұрттың» сөздеріне сатылай кешенді талдау тапсырылады.

IV кезең: «Ойлан, тап!»

1. «**Аудан**» сөзіне 5 жолды тұжырымдама құрастыр.

1. Зат есім: **Аудан**

2. Сын есім: **Әсем, таза**

3. Етістік: **тойлады, салынды, айналды**

4. 4 сөзді сөйлем: **Ауданымыздың сексен жылдығын тойлады.**

5. Синоним: **Аймақ**

2. *Фото сурет бойынша сөйлем құрастыр.*

V кезең.

«Отты үрлеген жагады

Шындықты іздеген табады»

Сынақ жұмысы. Фонетика тарауы бойынша сынақ сұрақтарына жауап беру. Компьютермен жұмыс.

3. Қорытынды: ҚР «Тіл туралы» заңында Елбасымыз Қазақстанның барлық азаматтары қазақ тілін жете білуге, меңгеруге міндетті екенін айтқан болса, бүгінгі сабағымызда сіздер қазақ тілін қаншалықты меңгергендіктеріңізді, білімдеріңізді көрсете алдыңыздар. Алға қарай да, «Қазақстанның болашағы – мемлекеттік тілінде» деген ұғымды ұстана отырып, білімімізді жетілдіріп, шындай түсеміз. Бұл әрқашан естеріңізде болсын.

4. Бағалау.

- Енді, оқушылар, бағалау парағы бойынша бүгінгі сабақта жинаған ұпай сандарын есептей қойыңыздар.

Бағалау нормасы:

20- 25: «5»

18- 20: «4»

12- 18: «3»



ОЙ ДАМЫТҚАН ОТБАСЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – «Менің отбасым» тақырыбы бойынша білімдерін пысықтау және тереңдету, өз ойын қазақ тілінде неғұрлым жетік, еркін білдіруге дағдыландыру. Отбасылық бюджет туралы білу, кіріс, шығысты есептей алу; **дамытушылық** – ауызекі сөйлеу және ойлау, есептеу қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – отбасына деген сүйіспеншілік, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, отбасылық қаражат туралы білу, ой дамыту.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, сұрақ-жауап, жеке, жұптық жұмыс, мәтінмен жұмыс, есептеу, ойлау, ізденіс әдістері.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, кәртiшкелер, отбасылық фотосуреттер, сызбалар.

Пәнаралық байланыс: математика, орыс тілі.

Түрі: аралас сабақ.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, кезекшімен сұхбат.

II. Тақырып бойынша («Менің отбасым») қайталау.

«Топтау» стратегиясын қолданып сызба жасау.



Әр оқушы сызба бойынша өз отбасы туралы айта білуге және қатесіз жаза білуге дағдылану керек.

2. Сұрақ-жауап арқылы тілдесу.

Экраннан сөйлесу сұрақтары көрсетіледі. Оқушылар жауап береді, жаттығады, өзара сөйлеседі.

Мысалы:

Сенің атаң мен әжең қайда тұрады?

Сен жазда оларға барасың ба?

Сен әжеңнің туған күніне не сыйлайсың?

Сен ата-әжеңнің нешінші немересісің?

(Сұрақтардың бірнеше нұсқаларын дайындап қою керек)

III. Жаңа сабақ. а) сөздік жұмысы (экранның көрсетіледі)

пәтерақы – квартирная плата;

жинақ кассасы – сберегательная касса;

жол қаражаты – расходы на дорогу;

түрлі жағдайлар – разные случаи;

кіріс – доход;

шығыс – расход;

пайыз – процент.

ә) мәтінмен жұмыс

(Оқушылар мәтін мазмұнын экраннан оқып, өз отбасының кіріс, шығысын баяндап жазады, жаттығады, сыныптастарына айтып береді)

Біздің отбасымыздың айлық кірісі – 80000 теңге. Азық-түлікке – 20000 теңге жұмсаймыз. Жарыққа, газға, телефонға – 7000 теңге жұмсаймыз. Отбасы кірісінің 20%-ына киім-кешек сатып аламыз. Жол қаражаты және түрлі жағдайларға 15%-ын жұмсаймыз. Артық ақша қалса жинақ кассасына саламыз.

IV. Іс-әрекеттік кезең.

Интерактивті тақта арқылы сұрақтарға жауап бер. Ойла, есепте.

Артық қаражат жинауға ақша қала ма?

Егер қалса, қанша қалады?

Ол ақшаны қайда саласыз?

Керек сөздер: жинақ кассасына, депозитке, қалады, қалмайды.

V. «Ой толғау». Оқушымен жеке жұмыс.



VI. Сөздерді орын тәртібімен орналастырып, сөйлем құра.

Кассадан, жалақыны, алады, әкем.

Сіз, ба, жалақыны, аласыз, карточкамен, ?

Депозитке, қаражат, артық, болса, саламын.

Жол қаражатына, кетеді, ақша, аз.

Қорытындылау: Рефлексия.Бағалау.Үй тапсырмасы:

Түбіртек толтыру (қазақша)

Сұхбатқа дайындалу.

- Сенің отбасың үлкен бе?

- Отбасыңда қанша жан бар?

- Азық-түлікке қанша қаржы жұмсайсыңдар?

- Күнделікті шығынға қанша ақша жұмсайсыңдар?

- Электр жарығына қанша ақша төлейсіңдер?

(өз бетіңше осыған ұқсас диалог дайындап кел).



МАҚАЛ – СӨЗДІҢ МӘЙЕГІ

- Ер сүрінбей ел танымас,
Ат сүрінбей жер танымас.
- Шын ер жеңсе – тасымас,
Жеңілсе – жасымас.

(Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. А., 1959 ж., 24-бет.)

СӨЙЛЕМ ТАЛДАУДАҒЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

(7-сынып)

Мақсаты: білімділік – сөздік қорын байыту, спорт тақырыбын бекіту. Ағылшын тілімен байланыстыру; **дамытушылық** – дүниетану мен өрісін кеңейту; ойлау қабілетін дамыту, сөйлем талдауға дағдыландыру; **тәрбиелік** – өмірге деген сүйісшпеншілік, құштарлық сезімдерін ояту, салауатты өмір салтын тәрбиелеу. **Түрі:** интеграциялық сабақ

I. Мұғалім: 1. Уа, спорт!

Сергектікті сенен алып келеміз,

Ширақ біздің жанымыз бен денеміз.

Сенде – әділдік, сенде – шындық, тазалық,

Сенде – атақ, сенде – даңқ, ғажайып!

Сенде – арман, сенде – шабыт, толғаныс,

Сенде – ізгілік, құрмет және ар-намыс!

II. Сөздік жұмысы ағылшын тілінде

Ағылшын пәнінің мұғалімі:

Многие спортивные термины и название английского происхождения. Слово спорт (англ. Sport, сокращение от первоначального англ. Disport – «игра», «развлечение»)

Match the words in English and in Kazakh:

Roller-skating;

Рөлікпен сырғанау;

<i>Skiing;</i>	<i>Суда жүзу;</i>
<i>Swimming;</i>	<i>Велоспорт;</i>
<i>Go in for sport;</i>	<i>Шаңғымен сырғанау;</i>
<i>Cycling;</i>	<i>Шаңғы тебу;</i>
<i>Skating;</i>	<i>Спортпен шұғылдану;</i>
<i>Win.</i>	<i>Жеңу.</i>

III. Балалар, «Спорт» сөзін немен байланыстырасындар, көз алдыңа не елестейді?

Ту, олимпиада, алау, жеңіс, спортшылар, жанкүйерлер, ұлттық ойындар, жаттықтырушы, жеңімпаз, алтын медаль, күміс, қола, ұран, т.б.

Group these activities into winter and summer sports.

winter sports

summer sports

Volleyball, skating, surfing, baseball, Diving, Wrestling, horse-racing, tennis, figure skating, skiing, bobsleigh, biathlon, ice hockey.

IV. Ал спорт түрі туралы қазақша айтып көрейік (волейбол, шахмат, теннис)

V. **Спорттың түрлері көп.** Бірі күшті болуға, екіншісі – жылдамдылыққа, үшіншісі – табандылыққа баулиды. Ал тағы бірі түрі ойлауға үйретеді. Ұлттық спорт ойындарын атаңдар: тоғызқұмалақ, бәйге, көкпар, қазақша күрес, арқан тарту.

Қазақтың ұлттық ойындарын ата:

Тоғызқұмалақ – бұл қазақ халқының ұлттық ойыны.

Бәйге – бұл – ат жарыс.

Аламан бәйге – алыс және өте алыс қашықтықтарға ат жарысы. Мысалы: Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» атты поэмасында Ақан сері Құлагерді осындай бәйгеге қосады. Бірақ Құлагерді Ақан серімен өштескен Батыраш үлкен сойылмен өлтіреді. Осындай қайғылы оқиғамен поэма аяқталады.

VI. **Қазақстан мерейін өсірген спорт.** - Иә, бұған дәлел – биыл қыста өткен 7-ші Қысқы Азия ойындары. Бұл

ойынның алауы Әл-Кувейтте тұтанды. Бұл – Қазақстан үшін
абырой, мақтаныш. Тек Азида Қазақстанды жеңіске әкелді
деуге болмайды, спорт тарихынан мен мына деректерді
айтқым келеді, мына есімдерді қалай ұмытамыз?! Олар:
Мұңайтбасов Қажымұқан – қазақтың ұлы палуаны,

Балуан Шолақ – атақты балуан, әнші, ақын. 1996 жылы
Атлантадағы ойындарда алтынға ие болған Василий Жиров.
Мұстафа Өзтүрік – белгілі спортшы, таэквандодан әлемнің
бірнеше дүркін чемпионы. 2000 жылы Сидней олимпиаданың
жеңімпаздары – Бекзат Саттарханов, Ермахан Ыбырайымов.
2004 (Афины) Бахтияр Артаев.

- Ал, балалар, сендер қандай Қазақстандық спортшылар-
ды білесіңдер?

- Серік Қонақбаев (оқушылардың дайындаған мәліметтері)
- Жақсылық Үшкемпіров (оқушылардың дайындаған мәліметтері)
- Ольга Шишигина (оқушылардың дайындаған мәліметтері)
- Аслан Тоқбаев (оқушылардың дайындаған мәліметтері)

VII. Видеодиалог на английском языке.

Listen to the students from Russia and answer the questions:

1) R. S.: hello. My name is Dasha. I can play tennis but I can't
play volleyball. Can you play volleyball?

S: hello. My name is Ruslan. I can play volleyball, but I can't
play hokkey.

2) R.S. : HELLO. My name is victor. I can swim, but I can't
play chess. Can you play chess?

S: hello. My name is Aijan. I can't play chess, but I can swim
too.

VIII. Топпен жұмыс. 1. Мақал -мәтелдерді жалғастыр.

2. Диалог құрастыру (берілген сөз, сөз тіркестерімен

диалог құрастырындар.

1. Шынықсаң – шымыр боласың.

2. Тәні саудың – жаны сау.

3. Денсаулық – зор байлық.

4. Білекті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар.

5. Кітап – білім бұлағы.

6. Өнер алды – қызыл тіл.

IX. Мәтінді пайдалана отырып, сөйлемдердің дұрыс-бұрыстығына баға беріндер.

Дұрыс

Бұрыс.


X. Спортшы жеңісі – ел намысы.

Оқушы жеңісі – білімде.

1) Сөз құрамына талдау: *Спортшылардың.*

2) Синтаксистік талдау жасаңдар: *Мен спортпен үнемі шұғылданамын.*

XI. Бос ұяшықтарға сөздер жазу керек.



XII. Уа, спорт!

Сен мәңгілік дамудасың, ұмтыласың сен алға,

Сен арқылы арман қуар адам да.

Қорытынды. Бағалау. Үйге тапсырма беру.

БУЫН ТҮРЛЕРІН ОҚЫТУ

Мақсаты: білімді жаңа мәліметтермен толықтыру арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру; **білімділік** – буын түрлерімен таныстыру, оларды бір- бірінен ажырата алуға жаттықтыру. Ауызекі сөйлеуге үйрету. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы алған білімдерін бағалау; **дамытушылық** – сауатты жазуға дағдыландыру. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту; **тәрбиелік** – қазақ тілі сабағына деген сүйіспеншілігін арттыру. Оқушыларды пән мұғалімдерін сыйлауға тәрбиелеу. **Құрал-жабдықтары, көрнекілігі:** суреттер, интерактивті тақта, слайдтар. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, баяндау, сұрақ- жауап, аударма, сөздік, ереже. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі.

Сабақтың барысы:

I. Оқыту үрдісінің маңыздылығы:

Ұйымдастыру кезеңі 1-2 мин.

1. Оқушылармен сәлемдесу.
2. Оқушыларды сабаққа бейімдеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

«Ана тілі – дана тілі» мәтінін мазмұндау. 23 бет, 4-жаттығу. Жуан дауысты дыбысы бар сөздерді бір бағанаға, жіңішке дауысты дыбысы бар сөздерді екінші бағанаға жаз.

Жуан дауысты дыбысы бар сөздер	Жіңішке дауысты дыбысы бар сөздер
Ұстаз, оқушы, балалар, оқулық, қағаз, парақ, сызғыш, қалам, баға, қоңырау, тақта, бор.	Білім, мектеп, күнделік, дәптер, үстел, өшіргіш, сегіз, кең.

Жалпы сұрақ:

- Қазақ әліпбиінде неше әріп, неше дыбыс бар?

- Қазақ әліпбиінде 42 әріп, 37 дыбыс бар?

- Дыбыстар неше топқа бөлінеді?

- Дыбыстар 2 топқа бөлінеді: дауысты, дауыссыз.

- Дауысты дыбыстарды кім атайды?

- Дауысты дыбыстар: а, ә, е, ө, и, о, ұ, ү, ы, і, э, я,

ю, (у)

- Қазақ тіліндегі жуан дауысты дыбыстарды кім айтады?

- Жуан дауыстылар: а, о, ұ, ы,

- Қазақ тіліндегі жіңішке дауысты дыбыстарды кім айтады?

- Жіңішке дауыстылар: ә, ө, ү, і, и, е.

- Қазақ тілінің төл дыбыстарын кім айтады?

- Қазақ тілінде орыс тілінде жоқ 9 төл дыбыс бар. Олар:


ә, ғ, қ, ң, ө, ұ, ү, һ, і.

Қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерді мысалға келтіреміз. Мысалы:

Оқушы, күнделік, кітап, қалам, мұражай, әріп, әтеш.

Оқушы сөзінде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын бар. о-қу-шы, күн-де-лік, кі-тап, қа-лам, мұ-ра-жай, ә-ріп, ә-теш.

Буын дегеніміз – сөз құрамындағы бір немесе бірнеше дыбыстардың тобы.



Ашық буын тек қана дауысты дыбыстан тұрады немесе дауыссыздан дыбыстан басталып дауысты дыбысқа

аяқталады.

Мысалы: а-ра, ба-ла, қа-ра, те-ре-зе.

Тұйық буын дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталады.

Мысалы: ас,ат, он,от.

Бітеу буын дауыссыз дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа аяқталады.

Мысалы: мек-теп, қал-пақ, бұл-бұл.

- Бүгін қандай сабақтар болады?

- Бүгін орыс тілі, қазақ тілі, математика, дене тәрбиесі болады.

- Қазақ тілі нешінші сабақ?

- Қазақ тілі үшінші сабақ .

- Қазақ тілі сабағында біз не істейміз?




Оқулықпен жұмыс 25 бет, 1-жаттығу. Мәтінді оқу.

Сөздікпен жұмыс.

Ұлттық - национальный;

Таныстық - познакомились;

Сөз тіркестерін құрастыру



Деңгейлік тапсырмаларды орындау: I-деңгей. Оқы-

лым. Жазылым. Тыңдалым.

а. Мәтінді бөлімдерге бөліп оқу.

Мәтінді тізбектей оқып, аудару.

ә. Оқулық бойынша сұрақтарға жауап беру.

б. Мәтіннен кім?, не? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді табу.

Кім?	Не?

в. Кім?, не? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді буынға бөлу.

Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.
Кіп- кішкентай ағаштар
Үп- үлкен боп өседі.

II деңгей. а). Пирамида бойынша сөзден сөз тіркесін, сөйлемдер құрастыр.

Бес.	Қазақ.
Бес алдым.	-----
Мен бес алдым.	-----
Бүгін мен бес алдым.	-----
Бүгін мен қазақ тілінен бес алдым.	-----

ә). 4-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқу.

III деңгей. 2-жаттығу. Айтылым. Қазақ тілі сабағында не істейсің? Әңгімеле.

I деңгей. 5-жаттығу, 27-бет. **II деңгей.** Өлеңді жаттау 26-бет. **III деңгей.** «Қазақ тілі сабағы» туралы әңгіме құрастыру.

ТІЛ БАЙЛЫҒЫ – ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІНДЕ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімдік – оқушылардың сөздік қорын молайту, өткенді пысықтау, жаңа сабақ арқылы жыл мезгілдері тақырыбынан алған білімдерін тиянақтау; дамытушылық – ойлау қабілетін, тіл байлығын, есте сақтау қабілетін дамыту; тәрбиелік – ойын түрлері арқылы оқушыларды жылдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Көрнекілігі:** суреттер, таблицалар, ақын суреті, сұрақтар жазылған кеспе қағаздар. **Әдісі:** әңгімелесу, түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап, ойындар.

Сабақтың барысы: а) Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіздер ме, балалар.
- Бүгін сыныпта кім кезекші?
- Сыныпта кім жоқ?
- Үйге қандай тапсырма берілді?
- Үйге «Жыл мезгілдерін» қайталау.

б) Үй тапсырмасын тексеру:

- Оқушылар!

Бір жылда неше мезгіл бар?

- Бір жылда төрт мезгіл бар.

Ол қандай мезгілдер?

- Ол – қыс, көктем, жаз, күз.

Қазір қай мезгіл?

- Қазір көктем айы.

Көктем айларын ата?

- **Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр.**

- Дұрыс айттыңдар. Ал көктемде ауа райында қандай өзгерістер болады?

- **Көктемде күн жылиды, қар ериді, жер көктейді.**

- Ал енді жаз айларын атаңдаршы?

- **Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз.**

- Жазда ауа райында қандай өзгерістер болады?

- **Жазда ыстық күндер көп болады, жаңбыр жауады, жидек піседі.**

- Күзде ауа райы қандай болады?

- **Күзде күн салқындайды, суық жел соғады; ағаштардың жапырақтары сарғаяды, түседі, жаңбыр жиі жауады.**

- Сонымен, балалар, біз жыл мезгілдері көктем, жаз, күз айларын қайталадық.

Бүгінгі өтетін жаңа сабағымыз – «Қыс айы».

Ұшан теңіз қалың қар

Жерді басып жабады.

Мұздай демі бет қарып,

Аяз аузын ашады.

- Бұл қай кезде болады?

- Қыста ауа райында қандай құбылыстар болады, кім айтады?

- **Қыста күн суық болады, қар жауады, мұз қатады, боран соғады.**

- Енді, балалар, «Қыс» туралы кім өлең жатқа айтады?

- Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр мылқау танымас тірі жанды.

Үсті-басы – ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай)

- Бұл өлеңді кім жазды?

- **Абай Құнанбайұлы.**

- Абай Құнанбайұлы кім?

- Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының ұлы ақыны.
- Ал «Қыс» туралы жұмбақтар мен жаңылтпаштарды кім біледі?

1. Қыста ғана болады

Ұстасаң – колың тоңады. *(Қар)*.

2. Табаныма байладым

Қос таяқпен айдадым. *(Шаңғы)*.

Жаңбыр жауып келеді қар аралас,

Бір топ кемпір келеді шал аралас.

Қыста боран борар, қар борар,

Қыздар, шәлі орамал оранар.

- Енді «Қыс» туралы мақал-мәтелдерді кім жатқа айтады?

Қыс келеді қырынан,

Қамыңды ойла бұрыннан.

Қарға қарқылдаса, қысты шақырады,

Қаз қаңқылдаса, жазды шақырады.

Қыс – арбаңды, жаз – шананды сайла.

- Сонымен бірге «Қыс» айында Қазақстан Республикасы

қандай бүкілхалықтық мерекелерді тойлайды?

1 қаңтар – Еуропа күнтізбегі бойынша Жаңа жыл мерекесі. **16 желтоқсан** – Тәуелсіздік күні.

Қыста жаңа жыл мейрамын қалай тойлаймыз?

- Жаңа жыл мерекесінде әр отбасында Жаңа жыл шыршасы безендіріліп, туған-туысқандар, дос-жарандар бір-біріне жаңа жыл сыйлығын сыйлап, өткен жылға рақметін айтып, Жаңа жыл бақыт, табыс, құт-береке, молшылық, денсаулық әкелсін деген тілектер айтады.

- **Енді ән шырқайық.** Жаңа жыл шыршасына арналған «Шырша жыры» әнін айтамыз.

- Оқушылар! Мына суретке назар аударайық (111-бет).

- Суретті жақсылап қараңдар, кісілерге ат қойыңдар, содан соң қазақша әңгімелеп беріңдер.

- Суретте қыс мезгілі бейнеленген. Адамдар жылы киінген. Болат аға қар күреп жүр. Ержан мен Марат қардан

аққала жасады. Серік қармен ойнап жүр.

- Балалар! 112-беттегі «Қасқыр қысты қалай өткізеді?» деген мәтінде қыста жануарлардың қалай өмір сүретінін білуге болады. Мәтінді оқымас бұрын ең алдымен мәтінге байланысты жаңа сөздерге көңіл аударайық.

1. Сөздік жұмысы:

сұр қасқыр – серый волк;

аштық – голод;

жылқы – лошадь.

Енді, оқулықтарыңды ашыңдар. Мәтінді оқып, қазақшадан орысшаға аударамыз.

- Сонымен, балалар, сабақтың басында айтып кеткендей, қыс аяқталысымен қандай мезгіл келеді?

- **Көктем келеді.**

- Көктемде қандай мейрамдарды тойлаймыз?

- 8 наурыз – Әйелдер мерекесі және 22 наурыз – Наурыз мерекесі.

- 22 наурыз қандай мейрам?

- **Наурыз – халық мейрамы.**

- Ол қалай өтеді?

- **Наурыз мейрамы көңілді өтеді.**

- Наурызда не болады?

- **Ән айтылады, адамдар әдемі киім киеді, түрлі ұлттық ойындар өткізіледі, көже пісіріледі.**

- Наурыз көжеге неше тағам түрі салынады?

- **Наурыз көжеге 7 тағам түрі салынады.**

- Олар қандай тағамдар?

- **Олар: су, сүт, ет, дән, ұн, тұз, май.**

- Неге осы 7 тағам қосылып пісіріледі?

- **Бұл өмірге ең керекті – 7 тағам. Басқа тамақсыз адам өмір сүре алады, ал бұларсыз өмір сүре алмайды.**

- Енді екі топқа бөлініп, бірнеше ойындар ойнайық.

- Балалар! Біз зат есімнің септік жалғауларын және етістік-

ті өттік. Келесі ойындар осы тақырыптарға байланысты
«Кім көп біледі?» Ойынның шарты – жазылған етістіктің
әрбір әрпінен басталатын етістікті табу.

К	Ө	Р	Б	О	Л	Ж	А	З
Е	Р	Е	А	Т	А	А	Т	Ы
Л		Н	Р	Ы	Қ	Т		Т
		Ж		Р	Т			
		І				Ы		
						Р		

«Септеу эстафетасы». Тақтаға екі топтан екі оқушы
шығып, берілген зат есімді септейді. Қайсысы бұрын
аяқтаса, қатесіз орындаса, жеңімпаз болады, Септіктердің
орыны ауысып кетпеуі керек және жалғаулары дұрыс жалғануы
керек.

Қыс, қар, ақпан, қаңтар зат есімдерін септейміз.

6. Тест жұмысы. 7. Бағалау.

Сабақтағы белсенділігін ескере отырып оқушыны бағалау.

8. Үйге тапсырма. «Қыс» деген тақырыпқа шығарма
жазып келу.



Анар ДАИРОВА,
Көкшетау қаласындағы
№8 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖАҢА СӨЗДІ ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларды үй
жануарларымен және олардың төлдерін дұрыс айтуға

үйрету. Көптік жалғауларын бекіту; **дамытушылық** – жаңа сөздерді меңгерту, дыбыстарды дұрыс айтуын жетілдіру, таным белсенділігін арттыру; **тәрбиелік** – балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту және олар туралы сөйлеп, айтуға үйрету.


Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** көрсету, түсінік беру, жаңылтпаш айту, ойын жаттықтыру, сұрақ-жауап, жұмбақ, сөзжұмбақ шешу, мақал-мәтел айту. **Көрнекілігі:** интерактивті тақтада көрсетілген слайдтар, көптік жалғаулары, жұлдызшалар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіздер ме, балалар!
- Көңіл-күйлерің қалай?
- Сен қай қалада тұрасың?
- Сен қай көшеде тұрасың?
- Сен қай мектепте оқисың?
- Сен нешінші сыныпта оқисың?
- Сенің жасың нешеде?

II. Ой қозғау.



III. Жаңылтпаш.

*Қарға, қарға, қарғалар,
Қар үстінде жорғалар.
Қар үстінде жем көрсе,
Екі шоқып, бір қарар.*

IV. Жұмбақ шешу.

1. Адамға серік,

Күзетке берік. (Ит)

2. Кезікті бір жануар,

Үстінде екі тауы бар. (Түйе)

V. Жаңа сабақ. Сонымен бүгінгі сабақтың тақырыбы қалай деп ойлайсыңдар?

- Балалар, бүгінгі өтетін тақырыбымыз – Үй жануарлары.

Осы тақырыппен толығырақ танысу үшін, ең алдымен, жаңа сөздермен танысайық. Ал сабақ барысында сабаққа жақсы қатысқан оқушыларға жұлдызшалар таратам. Сол бойынша сабақ соңында баға қоямын.

VI. Жаңа сөздер:

Үй жануарлары – домашние животные;

Төл – детеныш;

Сиыр – корова; Бұзау – теленок;

Жылқы – лошадь; Құлын – жеребенок;

Түйе – верблюд; Бота – верблюженок;

Ешкі – коза; Лақ – козленок;

Шошқа – свинья; Торай – поросенок;

Ит – собака; Күшік – щенок;

Мысық – кошка; Марғау – котенок.

Сөздерді қайталап, тән дыбыстарды табу.

A) Сұрақтарға жауап беру:

- Берілген жануарларды неліктен үй жануарлары деп атаймыз? Олардың пайдасы бар ма? Үй жануарлары немен қоректенеді?

VII. Фонетикалық жұмыс:

- Маң- маң- маң басқан,

- Шудаларың шаң басқан.

- Шөре-шөре-шөре лағым,

- Тентек болма, шырағым,

- Ақ-ақ-ақ, секеңдейді лақ.

- Берілген тақпақты қайталап оқытып, оның ішінен тән

дыбыстабы табу.

А) Дәптермен жұмыс.

- Балалар, үй жануарларына не жатады, кәнекей, тақтадан көшіріп дәптерге жазайық.

Жылқы, сиыр, ешкі, мысық, түйе, ит.

VIII. Интерактивтік тақтада берілген суреттерге қарап, көптік жалғауларын жалғап, көшіріп жазу.

Түйе + лер

Ит + тер

Мысық + тар

Жылқы + лар

Сиыр + лар

Ешкі + лер

Қой + лар

IX. Жекелей жұмыс: «Мен енесін айтамын, сен төлін ата».

Түйе – бота

Қой – қозы

Сиыр – бұзау

Жылқы – құлын

Ешкі – лақ

Шошқа – торай

Ит – күшік

Мысық – марғау

Сергіту сәті: Бала, бала, балақан

Кәне, қайсы алақан?

Саусақтарың әйбат

Былай, былай ойнап.

Топ, топ, топ басайық,

Жалаудан күн жасайық.

Жаса, жаса, жарқын күн,

Жаса, жаса, алтын күн!

X. Бекіту: А) Енді, балалар, мынадай сөзжұмбақты шешейік.

- Көлік ретінде қандай жануарды қолданады?

- Ешкінің төлі не?

- *Жеребенок* сөзінің аудармасы қалай?

- Көктемнің алғашқы айы қалай аталады?

- Сиырдың төлі не?

- *Поросенок* сөзінің аудармасы қалай?

- Балалар, ортада қандай сөз шықты?

				ж	ы	л	қ	ы
			л	а	қ			
қ	ұ	л	ы	н				
		н	а	у	р	ы	з	
	б	ұ	з	а	у			
		т	о	р	а	й		

Б) Балалар, сендер үй жануарлары туралы қандай мақалдар білесіңдер?

Мал өсірсең, қой өсір,

Өнімі оның көл-көсір.

Түйе – байлық, қой – мырзалық, жылқы – сәндік.

Жақсы ат жанға серік.

Ер қанаты – ат.

XI. Қорытынды: -Балалар, бүгін сендермен біз үй жануарларымен таныстық. Ал, енді, осы шарбақта қандай үй жануарлары тұрады? Мен сендерге орыс тілінде жануарларды атаймын, ал сендер маған қазақшасын атайсыңдар.

Корова, лошадь, коза, овца.

- Үй жануарларын не істеуіміз керек?

- Оларды қалай күтуіміз керек?

- Бүгін сабақта не үйрендік?

- Не білдік?

XII. Үйге тапсырма беру:140-бетті оқу, жаңа сөздерді жаттау.

- Балалар, үйде бүгінгі өткен сабақтағы жаңа сөздерді жаттайсыңдар.

XIII. Бағалау: жұлдызшалар санына қарай бағалау.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС – СУРЕТ КӨРМЕСІНДЕ

Мақсаты: 1. Оқушыларға сурет көрмесі бойынша толық мағлұмат беру; 2. Сөздік қорын дамыту. Ой өрісін арттыру. Өз беттерімен жұмыс жасай беруге дағдыландыру; 3. Әсемдікке, әдемілікке баулу.

Түрі: ойын сабақ, аралас. **Әдісі:** сұрақ-жауап, диалог, әңгіме, топпен жұмыс. **Көрнекіліктері:** мультимедиялық тақта. **Пәнаралық байланыс:** бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:
2. Үй тапсырмасын тексеру:
Қала тақырыбы бойынша.

Сұрақтар:

- Сендер қайда тұрасыңдар?
- Қалада нелер бар?

Әңгіме немесе диалог.

- а/ «Біздің қала»;
- ә/ «Театрда».


3. Қорытынды.

- Осының бәрі қайда болады?

4. Тақырыпқа шығу.

Көрменің түрі көп. Біздің танысатынымыз – сурет көрмесі. Сурет көрмесінде түрлі сурет болады. Табиғатты бейнелейтін суретшілерді «пейзаж салатын суретшілер» деп атайды.

Көрменің



8. Мәтінмен жұмыс:

1. Мәтінді дауыстап оқу.
2. Сұрақтарға жауап беру.
 - Қалада қандай көрме бар?
 - Оқушылар қайда барды?
 - Көрмеге қандай жұмыстар қойылған?
 - Экскурсовод сұрақтарына кім жауап берді?
 - Көрме балаларға ұнады ма?

9. «Баяндама» ойыны

1. Мәтін оқылды.
2. Мазмұны бойынша балалар сурет салады.
3. Суретке ат қояды.

10. Бекіту кезеңі:

Сабақта қандай тақырыппен таныстық?

Қандай жаңа сөздермен таныстық?

Сабақта бүгін не істедік?

11. Қорытынды кезеңі:

Бағалау.

Үйге тапсырма беру /диалог құрастыру,сөздерді жаттау/.



МАҚАЛ – СӨЗДІҢ МӘЙЕГІ

- Айбынды салтын ел бұзбас,
Адамдық антын ер бұзбас.
- Жауға жалынба,
Досқа тарылма.

(Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. А., 1959 ж., 40-бет.)

ЗАТ ЕСІМ ЖӘНЕ ҚЫС КЕЛБЕТІ

Сабақтың мақсаты: зат есімнен өткенді қайталау арқылы оқушының теориялық білімін практикамен ұштастыру; жүйелі ойлауға, ойын тиянақты, әсерлі жеткізу арқылы шығармашылық ізденістерін дамыта түсу; оқушыларға берілген мысалдар арқылы ақыл-ой, адамгершілік, ізеттілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Түрі: бекіту сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, деңгейлеп, саралап оқыту, іздендіру, жобалау. **Формасы:** топпен, жеке оқушымен. **Көрнекілігі:** слайд, интерактивтік тақта, көрініс, тапсырмалар. **Пәнаралық байланыс:** музыка, бейнелеу өнері, әдебиет.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Білімді жан-жақты тексеру.

3. Үй тапсырмасы.

4. Шығармашылық жұмыстар.

Сынып оқушыларын түгелдеп, сабаққа деген ынтасын байқау. Сыныпты топқа бөлу, ат қою. Тіл кеңістігін қалыптастыруға сұрақтар қою:

- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыста қандай өзгерістер болады?
- Қыс айларын ата?
- Қыста қандай мерекелер болады?
- Бүгін қаңтардың нешесі?

• Аптаның қай күні?

II. Білімді жан-жақты тексеру:

Зат есім дегеніміз не?

Зат есім қандай сұрақтарға жауап береді?

Зат есім құрамына қарай нешеге бөлінеді?


Мысал келтір.

Зат есім тұлғасына қарай нешеге бөлінеді?

Зат есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді?

Жалпылай немесе жекелей атауына қарай нешеге бөлінеді?

Кестені толтыр.



III. Үй тапсырмасын тексеру.

«Қаңтар» тобы «Мезгіл батыр» ертегісі бойынша жоба қорғады.

«Ақпан» тобы «Қыс сәні» ертегісі бойынша жоба қорғады.

«Қаңтар» тобы мен «Ақпан» тобы перфокартаны қосу таңбасы арқылы белгілеуі.

№	Түрлері Мысалдар	Жалпы есім	Жалқы есім	Деректі зат есім	Дерексіз зат есім	Негізгі зат есім	Туынды зат есім	Дара зат есім	Күрделі зат есім
		А	Ә	Б	В	Г	Ғ	Д	Е
1	әке								
2	Мұхтар Әуезов								
3	Құлагер								
4	қайғы								
5	достық								
6	Жамбыл көшесі								
7	домбыра								
8	қойшы								
9	өнер								
10	саудагер								
11	шешен								
12	тіршілік								
13	Қарағанды								
14	жігіттер								
15	қызылордалық								

№	Түрлері Мысалдар	Жалпы есім	Жалқы есім	Деректі зат есім	Дерексіз зат есім	Негізгі зат есім	Туынды зат есім	Дара зат есім	Күрделі зат есім
		А	Ә	Б	В	Г	Ғ	Д	Е
1	жаңбыр								
2	Алматы қаласы								
3	дәріхана								
4	халық								
5	Бірлік ауылы								
6	Біржан сал								
7	ақыл								
8	жапырақ								
9	арман								
10	шекарашы								
11	күрек								
12	білім								
13	кемпіркосақ								
14	мәдениет үйі								
15	әке-шеше								

IV. Шығармашылық жұмыстар.

Дара және күрделі зат есімге мысал келтір. Бағанды толтыр.

<i>Дара зат есім</i>	<i>Күрделі зат есім</i>

Жалпы есімді бір бағанға, жалқы есімді екінші бағанға көшіріп жазыңдар.

Мен қысқы демалыста Көкшетауға бардым. Көкшетау жерінде талай атақты кісілер туған.

Мысалы: Ақан сері, Біржан сал, Сәкен Сейфуллин. Мен ата-анаммен бірге “Оқжетпес”, “Жұмбақ тас” тауларын тамашаладым.

<i>Жалпы есім</i>	<i>Жалқы есім</i>

Оқулықтан деңгейлік тапсырмаларды орындау.

Сюжетті суретке қарап сурет мазмұнына лайық шағын әңгіме құрастыру (зат есімдерді қолдану).





V. Сабақты қорытындылау.

Не білдік?

Нені үйренгілерің келеді?

VI. Бағалау:

Сұраймын, жауап бер.

Ойла, ойлан, ойландыр.

Шығармашылық жұмыс .

Сергіту сәті: «Ойлан, тап» ойыны.

VII. Үйге тапсырма:

III деңгей. 1-тапсырма.

II деңгей. Өздері оқыған көркем әдебиеттен сан есімі бар бес сөйлем жазып келу.

I деңгей. Сан есімге байланысты жиырма бес сұрақтан тұратын тест құрастыру.



СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫНДА – БАЛҚАШ КӨЛІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға Балқаш көлі туралы мағлұмат беру, көлдің экологиялық жағдайына тоқтала отырып, оның мәселесін ашу; **дамытушылық:** сұрақ-жауап арқылы оқушылардың тілін дамыту, сөйлеу дағдысын жетілдіру; **тәрбиелік** – туған жердің табиғатын аялауға үйрету, Отанға деген патриоттық сезімдерін ашу.

Көрнекілігі: ҚР картасы, Балқаш көлінің картасы, үлестірме қағаздар, кесте, мәтін, суреттер. **Түрі:** дәстүрлі емес, пресс-конференция сабағы. **Типі:** жаңа сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, әңгімелеу.

Пәнаралық байланыс: география, биология.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

а) Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу.

ә) Сабаққа деген дайындығын тексеру.

б) Сабақтың мақсатымен таныстыру.

2. Жаңа сабақ.

Тақтада жаңа сөздер ілулі тұрады:

амур балығы – амур;

қаяз – усач;

қабан – кабан;

киіктер – сайгаки;

алабұға – окунь;

құяды – впадает;

шабақ балық – чебак;

ақбалық – жерех;

табан – леиць;

жайын – сом;

бұғаз – пролив;

зардабын тигізу – несет нежелательные последствия.

Мұғалім: - Бүгінгі біздің сабақ пресс-конференция түрінде өтеді. Пресс-конференцияға қатысатын – 8-сынып оқушылары. Олардың ішінде: тілшілер, журналист, экологтар, Балқаштан келген қонақтар.

Осы кісілердің баяндамаларын тыңдап, журналист, тілшілердің сұрақтарына жауап бере отырып, біз Балқаш көлінің тағдырымен танысамыз. Бұл көлді жете білуге тырысамыз.

Ал, журналистер өздерінің жазатын мақаласының тезисін жазуға келген. Ендігі сөз, бізге Балқаштан келген қонақтар не дайындап әкелгенін тыңдап көрейік.

Балқаштан келген қонақтар баяндамасын оқиды.

Балқаш көлі.

1-қонақ: - Балқаш көлі – Каспий теңізі мен Арал теңізінен кейінгі ірі көлемді және ағынсыз су қоймасы. Көлдің ұзындығы – 614 шақырым, ені – 3,5-нан 44 шақырымға дейін жетеді. Ең терең жері 26 метрге дейін барады. Айдын көлдің аумағы 18200 шаршы шақырым болса, тоғандарының ауданы – 413300 шақырым.

2-қонақ: - Балқаштың бір ерекшелігі – оның жіңішке бұғазбен жалғасып жатқан батыс және шығыс бөліктерінің минералдарының екі түрлі болып келетіндігі. Батыс бассейні бұрын суы көп болған Іледен толығатын болғандықтан суы тұщы болады да, шығыс

Лепсі өзендері құяды.

3-қонақ: - Бұл көл төрт облысты – Алматы, Қарағанды, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарын тоғыстырып тұр. Батысында ең сусыз және тіршілік иелері өте аз кездесетін Бетпақдаламен шектеседі.

4-қонақ: - Балқаштың табиғаты өте таңқаларлық және оның қарама-қайшылықтары да аса көп. Климаты – күрт континентальды. Жазғы,көктемгі және күзгі маусымдарда ағып құйылатын су түгелге жуық буланып кетсе де,көлдің деңгейі 12 текше шақырымнан 200 текше шақырымға дейін ауысып отырады.

5-қонақ: - Көлдің фаунасын атап өтсек, сазан, Амур балығы, шабақ балық, қаяз балығы, ақбалық, табан, жайын және басқаларын атауға болады. Көлден жыл сайын 8-10 мың тонна балық ауланады. Балқаш ақбалығы мен оның алабұғасы Халықаралық Қызыл кітапқа енгізілген. Аралда өліп қалған шабақ балықтар мен Арал қаязы тек осында ғана сақталған. Оңтүстік Балқаш жағасындағы қамыс тоғай арасында, өзен жағалауларында жыл сайын мыңдаған түрлі құстар мекендейді. Солардың арасында Қазақстанның Қызыл кітабына жазылған жиырмадан астам құс түрі бар. Бұл жерде қабандар мен ондатралар, киіктер көптеп саналады.

Баяндамадан кейін тілшілер (екі тілші) қонақтарға сұрақтарын қоя бастайды.

1-тілші:

1. Балқаш көлі қайда орналасқан?

(Орталық Қазақ-станда)

2. Көл неше облысты тоғыстырып тұр? (4- Алматы, Қарағанды, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарын).

2. Көлдің ұзындығы, ені, тереңдігі қандай? (614 метр, 3,5-нан 44 шақырымға дейін метр, 26 метрге дейін метр).

3. Балқаштың ерекшелігі қандай? (батыс жағы тұщы, өйткені Іле өзені құяды, шығысы - тұзды).

2 тілші:

1. Балқаш көліне қандай өзендер құяды? (Іле, Қаратал, Ақсу, Аягөз және Лепсі)

2. Балқаштың табиғаты қандай? (табиғаты таңқаларлық, ғажайып)

3. Көлде қандай жануарлар мен балықтар бар? (сазан, амур балығы, қаяз балықтары мен қабан, ондатра, киіктер).

(Журналист осы кезде кластер түрінде тезисін құрай береді.)

Мұғалім: - Сіз мақалаңыздың тезисін жасап жатырсыз ба?

Мұғалім: - Міне, Балшқапен танысып жатырмыз. Көлдің қайда орналасқанын, Балқаштың ғажайып ерекшелігін – шығыс бөлігінің және батыс бөлігінің сулары бөлек екенін. Ал енді, Балқаштың экологиялық жағдайы қандай екен? Экологтардың пікірін тыңдап көрейік.

Эколог: *(Баяндамасын оқиды)*

Ұзақ жылдар тіршілігі тұрақты болып келген Балқаштың қалыпты жағдайы өзгере бастады. Балқаш көлінің экологиялық жағдайының нашарлау себебі — Қаратал, Лепсі, Ақсу өзендерінің мол суының Балқаш көліне жетпей, суармалы егістерге жұмсалды. Балқаш экожүйесінің одан әрі нашарлауына Іле өзені бойына салынған Қапшағай суқоймасы да әсер етеді.

Көлдің суын, күріш алқаптары пайда болып, ауыл шаруашылығында барынша пайдалануымен 1965-1990

жылдар аралығында Балқашқа құятын судың көлемі 25 пайызға азайды. Балқаш көлі соңғы жылдары 2,5 метрге жуық төмендеп отыр.

Балқаш көлі бойындағы Балқашмыс комбинаты осы аймақта тұратын тұрғындарға өз зардабын тигізіп отыр. Су мен ауа ластанып, тұрғындардың денсаулығы нашарлады және көлдегі балық саны азая бастады. Құстардың түрлері де азайып кеткен. «Қызыл кітапқа» енген аққу, бірқазан, көкқұтан, т.б. құстар қазір өте сирек кездеседі.

Мұғалім: - Рахмет баяндамаңызға. Мұнда тілшілер жағынан сұрақтар туындады.

Тілшілер:

1. Судың азаюына қандай Қапшағай суқоймасы ықпалы тиді? (**Қапшағай суқоймасы**)
2. Су деңгейі қанша метрге төмендеген? (**2,5 метрге**)
3. Балықтар неге азайды? (**су деңгейі төмендегеннен, су ластанғаннан**)

Мұғалім: Бүгінгі пресс-конференциядағы қонақтардың арқасында біз Балқаштың тағдырымен таныстық. Ендігі сөзді журналистке берейік.

Журналист: (*тақтаға шығып жазады: кластер, оқушылар дәптерлеріне жазып алады*).

Бүгінгі тақырыптың тезисі осындай: «Көл тағдыры – біздің келешегіміздің тағдыры».

Мұғалім: - Баяндамаңызға көп рахмет! Халқымыз жерді аса құрмет тұтып, оған бас иген. Біздің бұл әрекетіміз – Қазақстанның кәусары болып саналатын бірегей көлді сақтап қалу. Әрине, біздің де қолымызда болмаса да, басқа да уақытта да табиғатқа қастандық етпеуге тырысайық. Өзіміздің қоршаған ортамызды таза ұстау – өз қолымызда. Табиғатты аялайық!

Қорытынды. Бағалау.

СӨЙЛЕМ ҚҰРАУ СҰРАҒЫ – НАН ДАСТАРҚАНҒА ҚАЛАЙ КЕЛЕДІ?

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділігі – тақырып бойынша толық мәлімет беру; нан туралы түсініктерін толықтыру; сурет бойынша сөйлем құрай білу; сөздік қорын молайту; **дамытушылық** – қисынды ойлау қабілеттерін дамыту жолында жұмыс жасау; айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекетін дамыту; сауатты жазуға дағдыландыру; **тәрбиелік** – еңбек, нан қасиеті туралы тәрбиелік мәні зор әңгімелер айту; нанды қадірлей білуге үйрету; еңбекке баулу.

Сабақтан күтілетін нәтижелер: білімді меңгерту, жаңа лексиканы қолданып, мәтін мазмұнын көркем тілмен әңгімелеп беруге жетелеу.

Түрі: саяхат сабағы. **Көрнекілігі:** мамандықтар суреттері; Қазақстан картасы, нан туралы суреттер.

Нан – Отан байлығы

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Әнұранды қайталау.

- Балалар, біз бүгін саяхатқа шығамыз.

Саяхатқа дайынсыңдар ма? Ендеше автобусқа отырамыз.

I. Бірінші аялдамамыз – «Әңгімелесу төбесі».

1. Қазір жылдың қай мезгілі?

2. Қыс айлары – қай айлар?

3. Қазір қай ай?

4. Ақпанның нешесі?

5. Бүгін ауа райы қандай?

II. Саяхатымызды жалғастырамыз.

«Фонетика тауына» келіп қалдық.

Оқушыларға суреттер таратып беремін, оларды атап, қазақ тіліне тән дыбыстарды атайды.

Тапсырманы орындап таудан өттік.

III. «Мамандықтар қаласына» келдік.

Ол қалаға кіру үшін мамандықтарды атап шығу керек.

1. Аспаз не істейді?

2. Жүргізуші не істейді?

3. Кітапханашы не істейді?

4. Дәрігер не істейді?

5. Егінші не істейді?

6. Наубайшы не істейді?

7. Мамандықтар туралы өлеңдер.

IV. Жаңа сабақ. Наубайшы нан пісіреді дедік. Ал, ендеше, бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Нан дастарқанға қалай келеді?»

V. Келесі аялдамамыз – «Сөздік алқабы». Сөздерді оқу, қайталау.

шашылу – рассыпаться;

қызығу – любиться;

қай жақтан? - откуда?

нан жабу – выпекать хлеб;

диірмен – мельница;

ұн – мука;

қастерлеу – ценить;

көсілу – растянуться;

қарап тұру (көзін сап) – глядеть на него;

тарту – молотъ;

жан-жақтан – со всех сторон;

арғы тегім – предки;

жеп көру – попробовать;

байқау – заметить.

өсіру – вырастить;

Біздің Республикамыздың астықты өлкелері
(Костанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облысы).

(Картадан көрсету).

VI. Осы өлкелеріміздегі «Егістікке» келдік.

Бұл жерде елдің бәрі еңбек етуде. Мәтін бойынша жұмыс.

Нан дастарқанымызға қалай келеді? Соны білейік.

Сұрақтарға жауап беру:

1. Қашан жер жыртып, егіп егеді?

2. Егін қашан піседі?

3. Бидайды немен тасиды?

4. Қайда әкеледі?

5. Нанды қайда пісіреді?

6. Мәтін ішінен егістіктерді табу.

VII. Біз келген астықты өлкемізде «*Орфография мұражайы*» бар екен.

Мұражайдың қызметкерлері бізге мынандай тапсырмалар дайындап қойыпты.

1. Егістік деген не?

2. Егістіктің неше шағы бар?

3. Оларды ата.

тұр + мын – нақ осы шақ

тұр + а + мын – келер шақ

тұр + ды + м – өткен шақ істеу, өсіру, тарту,

VIII. «*Мақал-мәтел*» ауылы. Бұл ауылдың тұрғындары еңбек, нан туралы мақал, өлеңдер жақсы біледі екен. Біз де білеміз ғой, ендеше, айтайық.

Ас атасы – нан.

Нан болса ойнап күлеміз.

Нан барда еркін жүреміз.

Нан туралы өлең.

Оқушы: О, адамдар, айтарым бар,
Нанды баспаңдар!

Онда жан толқытар дастан бар.

Өтініп сұраймын:

Ана бол, дана бол, бала бол

Нанды баспаңдар!

Оқушы: - Ол биіктен төгілген
Мөп-мөлдір
Зәмзәм суынан өседі.

Нан - өмір,

Нанға «пірім» деп.

Нанға «жырым» деп

Табынам.

Даланың арынан,

Даланың таңынан,

Даланың жанынан,

Даланың қанынан

Өседі.

Оқушы: - Бәріміз де жейтұғын
Ең алдымен нан керек.
Көтеруге ел туын
Қуат керек, әл керек.

Оқушы: - Нанды шашуға, жерге тастауға, басуға,
рәсуа етуге болмайды. Нан - дәм басы, онсыз өмір жоқ.
Сондықтан да дастарқанға алдымен нан қойылады.
Нанды төңгеріп қоюға болмайды. Нан – қасиетті дәм.
Нанмен ойнама!

Оқушы: - Тағамның ішінде нанның жөні бөлек. Нан -
деген өмір. Оның әр түйірі - баға жетпес байлық. Өткен

ғасырдың 1930 - 1932 жылдарында болған ашаршылық.
Ол кезде талай адам бір жапырақ нанға зар болып
қырылған. Нан деген – қазына.

**IX. Саяхатымыз аяқталып келеді. Соңғы
аялдамамыз – «Дастарқан алаңы».**

Бауырсақ туралы айту.

Диалог: **«Қайдан келдің, бауырсақ?»**

Дастарқанға шашылып,

Жатты аппақ бауырсақ.

Бауырсаққа қызығып,

Қарап тұрып көзін сап:

- Қайдан келдің, бауырсақ?-

Деп сұрады қуыршақ.

- Дүкеннен келдім нан сатқан, –

Деді оған бауырсақ.

- Дүкенге келдің қай жақтан?

- Наубайдан келдім нан жапқан.

- Наубайға келдің қай жақтан?

- Диірменнен келдім ұн тартқан.

- Диірменге келдің қай жақтан?

- Даладан келдім жан-жақтан.

Жер-анам менің көсілген,

Диқандар мені өсірген.

Арғы тегім – ақ бидай,

Тәттімін, жеп көр,

Жесең өзің байқарсың,

Рақметіңді айтарсың.

- Осымен, балалар, біздің саяхатымыз аяқталды.

Саяхат сендерге ұнады ма? Саяхат кезінде не білдіңдер?

Үйге тапсырма:

Нан туралы шағын әңгіме жазу. Нан туралы өлең
жаптау. Мәтінді оқу. 96-бет, 1 тапсырма.

Оқушыларды бағалау.

ЕТІСТІКТІҢ БОЛЫМСЫЗ ТҮРІ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: өтілген тақырыптарды қалай меңгергенін тексеру, етістіктің болымсыз түрінің жасалу жолдарын түсіндіру, тапсырмалар арқылы бекіту; қазақ тілінде оқу, жазу, сөйлеу дағдысын, ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру; оқушыларды әдептілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздендіру, деңгейлік тапсырмалар, топтық жұмыс, қайталау. **Көрнекілік:** оқулық, сандықтың суреті, фишкалар, бала суреті.

Сабақ барысы.

I. Бағыт беру кезеңі:

Оқушылардың сабаққа дайындығы тексеріледі.

II. Іске асыру бағыты:

а) Дәптермен жұмыс.

- Әйгерім, сен кітабыңды сызба, таза ұста. Таңертең жаттығу жасауды ұмытпа. Алма, сен бүгін киноға барма, үйде әжеңді күт. Ол бүгін сабаққа келген жоқ. Санат бізге келген емес.

ә) Оқушыларға етістіктің болымсыз түрінің жасалу жолдары түсіндіріледі.

б) Топпен жұмыс.

I топ

-Ма, -ме.

-Ба, - бе.

II топ

жоқ, емес.

-Па, - пе.

в) Кітаппен жұмыс.

г) Грамматика бойынша білімдерін тексеру (әр оқушы сандықшадан алған кәртiшке бойынша жауап береді).

III. Бекіту:

а) Сабақта алған білімдері «Пайдалы кеңес» ойыны арқылы тексеріледі.

- Сабақта сөйлеме.

- Үзілісте жүгірме, т.б.

ә) Мақал-мәтелдер (құрастыру, оқу, аудару, мағынасын түсіндіру).

- батарсың, сумен, ойнама.

- таспа, бар болсаң, саспа, жоқ болсаң.

- жанарсың, ойнама отпен.

- болма, атаңның баласы, бол, адамның баласы.

б) Поэзия минуты (әр топқа өлең таратылып, 2-3 минут жеке, жұппен, топпен оқылады, әр оқушы өз ойын жеткізеді, болымсыздық етістік теріліп жазылады).

Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар

Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,

Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.

Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,

Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме,

Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме,

Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,

Сонан тапқан- шын асыл, тастай көрме.

IV. Қорытынды.

V. Бағалау.

Сейдин БИЗАКОВ.
доктор филологических наук,
профессор.

СЛОВА ДУШЕВНОЙ РАСПОЛОЖЕННОСТИ

В языке любого народа есть слова душевной расположенности, вытекающие из его национального бытия. Такие слова говорятся в связи с особенностями характера человека, его отношения к жизни, окружающей среде, работе, атмосфере сложившейся в доме и быту и происходящему из них эмоциональному настрою.

Казахский язык очень богат на СДР. В связи с СДР мы замечаем особенности человеческой речи, воспитания, нрава, человеческих отношений, состояние общественных и бытовых отношений, а также эмоционально–экспрессивного настроения. СДР, дошедшие до нас из глубины веков, как зеркало народного бытия и менталитета, воспитывает подрастающее поколение в любви к добру, благородству, духовности.

К такого рода словам душевной расположенности относятся приветствие, прощание, благословение, пожелание, похвала, благодарность, здравница, поклонение, культ, тоска, поздравление, просьба о прощении, соболезнование, радость, веселье, шутка, просьба, мольба, приобщение к радости, поддержка, жалость, сочувствие. К негативным проявлениям душевной расположенности относятся проклятие, ругань, матерщина, ужас, сожаление, порицание, обида,

насмешка, горечь, печаль, возмущение, гнев, боль, плач, стыд, стеснение.

Кешірім өтіну – Просьба о прощении – одно из позитивных слов душевной расположенности. Наш народ через позитивные слова душевной расположенности стремился высказать такие качества, способствующие позитивному душевному настрою как вежливость, воспитанность, благородство, справедливость, скромность, мудрость, а также такие ценности занимающие прочное место в казахской традиции, как высокая мера человечности и этикет уважения. К таким СДР относится просьба о прощении.

При просьбе о прощении произносятся следующие слова: кешіріңіз – извините, ғафу етіңіз – помилосердствуйте, кешірім өтінем – прошу прощения, айып етпеңіз – не считите за дерзость, айыпқа бұйырмаңыз – не считите за проступок, айыптымын – оступился, кінәлімін – виноват, қателесіппін – ошибся, жаңылысыппын – просчитался, абайламаппын – не продумал, мүмкін болса – если можно, қажет деп тапсаңыз – если считаете нужным, керек деп ойласаңыз – если полагаете, что так надо, сізден рұқсат болса – с Вашего

разрешения, рұқсат етсеңіз – если разрешите, мақұл көрсеңіз – если одобрите, лайық деп қарасаңыз – если сочтете соответствующим, лайық деп қарсы болмасаңыз – если одоблив, не будете против, қарсы болмасаңыз – если не возражаете, ренжімесеңіз – если не обидитесь, мархабат етіңіз – пожалуйста, еркіңіз білсін – как хотите, қалауыңыз болсын – если вы так хотите, қалауыңыз білсін – если хотите, құдай үшін ренжи көрмеңіз – ради бога, не обижайтесь, көңіліңізге алмаңыз – не примите близко к сердцу, ренжімеңіз – не обижайтесь,

абыржымаңыз – не расстраивайтесь, өкінбеңіз – не сожалейте, уайымдамаңыз – не переживайте, ашу шақырмаңыз – не гневайтесь, ашуға жеңдірмеңіз – не давайте воли гневу, дүрдараз болмаңыз – не враждуйте, дүрдараздық ете көрмеңіз – не настраивайтесь враждебно, қапаланбаңыз – не печальтесь, жүрекке жақын алмаңыз – не примите близко к сердцу.

Кешіре гөр – прости, пожалуйста;

Менің кінәм жоқ – я не виноват;

Өтінем – прошу;

Титтей де кінәлі емеспін – ничуть не виноват;

Өтініп сұраймын – очень прошу;

Сіз өкпелеп қалдыңыз ба?

Кінәлімін – Я виноват.

Сізге бөгет жасағанымға өте өкінемін – очень жалею, что вам помешал;

Ашуланбаңыз – не сердитесь;

Өкпелемеңіз – не обижайтесь;

Күттіріп тұрғанымға гафу етіңіз. – извините, что я заставил вас ждать;

Қапалаңбаңыз (Қапа болмаңыз) – не сердитесь;

Кешіріңіз, келе алмадым. – простите, я не мог прийти.

Звандай+алмадым. – я не мог позвонить.

Кешігіп қалдым. – опоздал;

Сөзіңді бөлгеніме гафу ет – извини, что я тебя перебил;

Күте алмадым – я не мог ждать;

Кешірім сұрауым керек – я должен просить прощения;

Өтінем, ренжімеңізіші – не обижайтесь, пожалуйста;

Ұят – ай! – какой позор;

Бұл маған ұнамайды – это мне не нравится;

Ұят болды-ау! – какой стыд!;

Олай етуге болмайды – так нельзя;

Масқара – ай! – какой позор!;

Мені дұрыс түсініңіз – вы поймите меня правильно;

Не деген масқара! – какой позор!;

Бұл шындық емес! – это неправда!;

Ештеңе бүлінген жоқ – ничего не случилось;

Жалған – ложь;

Өтірік – вранье;

Не деген ақымақтық! – какая глупость!

1-жаттығу. Прочтите и запомните диалоги.

1. – Ғафу етіңіз, кіруге рұқсат па?

– Сәлеметсіз бе, Бейбіт!

– Сәлеметсіз бе! Ғафу етіңіз, сіз мені танысыз ба?

– Иә, сіз журналиссіз. Біздің институтқа келгенсіз.

– Кешіріңіз, атыңыз кім еді?

– Менің атым – Жеңіс. Мен мұғаліммін.

– Орысша сөйлейсіз бе?

– Орысша жақсы түсінемін, бірақ нашар сөйлеймін.

– Өтінем, мына мәтінді орысшалаңызшы (Пожа-луйста, этот текст переведите на русский язык).

Мазаңызды алғаным ренжімеуіңізді өтінем (Прошу вас извинить за беспокойство).

– Оқасы жоқ.

– Уақытыңызды алғаным үшін айыпқа бұйырмаңыз (Не обессудьте за то, что я занимаю у вас время).

– Ешнәрсе етпейді (Түк етпейді) (Ничего).

2. – Кешіріңіз, мені танысыз ба?

– Иә, сізді танымын, мұғалімсіз. Жолдасым сізді біледі.

– Сөзіңізді бөлгеніме ренжімеңіз (Извините, что я вас перебиваю).

– Жолдасыңыз кім болып істеуші еді?
– Ол – жұмысшы. Зауытта істейді. Қалада тұрады.
Үйі Мақатаев көшесінде. Ұлты – неміс. Үш тілде
сөйлейді. Ана тілі – неміс тілі. Қазақша, орысша еркін
сөйлейді.

істейді – работает;

еркін – свободно;

тұрады – живет;

ұлт – национальность;

біледі – знает;

сөйлейді – говорит.

3. – Неге кешіктіңіз?

– Кешіріңіз, үлгермедім?

– Кеше сабаққа неге келмедіңіз? Бұлай етуге
болмайды.

– Ғафу етіңіз, кеше бізде мәжіліс болды.

кешіктіңіз – опоздали;

үлгермедім – не успел;

болмайды – нельзя;

мәжіліс – совещание.



МАҚАЛ – СӨЗДІҢ МӘЙЕГІ

- Ел ебелек емес,
Ер көбелек емес.
- Ел ұлсыз болмас,
Жер гүлсіз болмас.
- Ел көркі – мал,
Өзен көркі – тал.

(Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. А., 1959 ж., 43,
44-беттер.)

Лейла САДЕНОВА,
Қарағанды қаласындағы
№74 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – тәуелсіздік күніне арналған мерекелік іс-шара қазақ тілінің мемлекеттік тіл екендігін, оның тілі мен өнері, салт-дәстүрі, білімі екенін ұғындыру; **дамытушылық** – қазақ тілін оқыта отырып, ойлау қабілеттерін арттыру, білімдерін тереңдету, орталарынан үздік, алғыр көшбасшыны анықтау; **тәрбиелік** – тәуелсіздік туын жоғары ұстауға, тіл байлығын қадірлеуге, жүйелі сөйлеуге, ойды жеткізе білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: тәуелсіздік күніне арналған қабырға газеттері, слайдтар, тапсырма-сұрақтар. **Әдісі:** жарыс, талдау, қорғау. **Түрі:** сыныптан тыс сабақ.

Сайыстың өту барысы:

Мұғалім өлең оқиды.

- Құрметті жарысқа қатысушы оқушылар, көрермендер, әділ қазы алқасы! Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл толу құрметіне арналған сайысымызға қош келдіңіздер!

Көп жылдар аңсап, қол жеткен тәуелсіз, егеменді еліміздің көк байрағы әрқашан төбемізде желбіреп тұра берсін! Сайысымызды бастауға рұқсат беріңіздер! Бүгінгі сайыс – «XXI ғасыр көшбасшысы» тақырыбы, 6 бөлімнен тұрады. Сайысқа 7-8 сынып оқушылары қатысады. Сайыс мынадай бөлімнен тұрады:

1. «Бәйге»-10 ұпай
2. «Жеті пән»-20 ұпай
3. «Жанды сұрақтар»-1 ұпай
4. «Сөз қумақ»-10 ұпай
5. «Жорға»-10 ұпай
6. «Полиглот»-20-30 ұпайлар беріледі.

1-тур: «Бәйге». Сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасы қай жылы Тәуелсіздік алды?

2. Елтаңбаның ортасында не бар ?

3. Тұңғыш Президент кім?

4. Қыран құс қайда, қай жерде орналасқан?

5. Елтаңбаның авторы кім?

6. Тудың сол жағында не бар?

7. «Жеті жарғы» заң жобасы қай ханның тұсында жазылды?

8. Әнұранның сөзін жазған кімдер?

9. Қазақтың әйгілі үш биі кімдер?

10. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі қай қалада орналасқан?

11. «Абай жолы» романының авторы кім?

12. Қобыздың атасы кім?

13. “Алтын адам” ескерткіші табылған қала?

14. Қазақтың тұңғыш ғарышкері?

15. Желтоқсан оқиғасының қаһарманы кімдер?

16. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қашан қабылданды?

17. Тудың авторы кім?

2-тур: «Полиглот». Мақал-мәтелдерді жалғастыру.

....үшін отқа түс, күймейсің

Отан –басталады.

Туған жердей болмас.

Отансыз адам – ормансыз

Ақыл азбайды,

..... тозбайды.

3-тур: «Жеті пән».

1. қазақ тілі
2. қазақ әдебиеті
3. тарих
4. ән-күй
5. география
6. биология
7. бейнелеу

4-тур: «Жанды сұрақтар».

5-тур: «Сөз қумақ».

Желтоқсан сөзінен сөздер құрастыру

6-тур: «Жорға».

Сұрақтарға 1 минут ішінде жауап беру.

Қорытындылау: 1. Әділ қазылар сөзі;

2. Мұғалімнің қорытынды сөзі:

- Әр уақытта жеңімпаз атанып жүріңдер, сәттілік тілеймін!

XXI ғасырдың көшбасшылары, өсіп, өркендеп, тәуелсіз еліміздің көк туын желбіретіп, әлемге таныта беріңдер!

Назарларыңызға рахмет! Мерекелеріңіз құтты болсын!



МАҚАЛ – СӨЗДІҢ МӘЙЕГІ

- Қарағайға қарап тал өсер,
Қатарына қарап бала өсер.
- Тасты бассаң кетілер,
Сазды бассаң жетілер.

(Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. А., 1959 ж.)

Құралай САТУБАЛДИНА,
Қостанай облысының
Лисаков қаласындағы
№6 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ДАЯРЛЫҚ ТОБЫ ЖӘНЕ ШАҒЫН ОРТАДА БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ОЙЫН БАҒДАРЛАМАСЫ

Тақырып 1. Зейінін дамыту.

1-ойын: “Ұқыпты бол”.

Мақсаты: Есту қабілетін қалыптастыру.

Ойын тәртібі: Балалар топта еркін тұрады. Балалардың ара қашықтығы 0,5 м болуы керек. Балалар сап түзеп жүреді (кім қалай істей алады) Топтарға бөлінеді.

Топтар	Қимылдар
“Қояндар”	Балалар қояндар тәрізді секіреді.
“Аттар”	Балалар аттар тәрізді тұяғымен жерді тепкілейді.
“Құстар”	Балалар құстар тәрізді қанаттарын қағады.
“Тырна”	Балалар бір аяқпен тұрады.
“Бақа”	Балалар бақа тәрізді отырып секіреді.
“Иттер”	Балалар қолдарын бүгіп, иттер тәрізді үреді.
“Тауықтар”	Балалар жем іздеген тәрізді жүреді және қытқылдайды.
“Сиырлар”	Балалар сиырлар тәрізді тұрып мөңірейді.

2-ойын: “Шапалақты есті”.

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.

Ойын тәртібі: Балалар топта еркін жүреді немесе дөңгеленіп жүреді. Жүргізуші шапалақтаған кезде балалар айтылған күйде

тұрады. Ойын алдында балалар неше рет шапалақтағанда қандай қимыл істеу керек екенін жаттап алуы керек. Балалар еркін жүру үшін үлкен бөлмеде және кілем үстінде өткізгені дұрыс.

Шапалақ саны	Балалар тұрысы
1	Тырна бала бір аяғын көтеріп тұрады.
2	Бақа қолдарын аяқтарының ортасына қойып секіреді.
3	Балалар жай жүреді.

3-ойын: “Каньон” (25 минут).

Мақсаты: Еркіндік зейінін дамыту.

Ойын тәртібі: Ф.Бургмюллердің “Кавалькада” музыкасы ойнап тұрады (немесе жақсы тактыдағы басқа музыка) Шеңберде балалар бірінің артынан бірі тұрады. Бірінші тактыға бірінші бала көтереді. Екіншіге – екінші бала, үшіншіге – үшінші бала, т.с.с. Барлық балалар оң қолын көтергенде, сонымен қатар олар кезекпен сол қолдарын көтере бастайды. Барлық балалар сол қолдарын көтере бастайды. Барлық балалар сол қолын көтеріп болған соң, олар қайтадан бірінен соң бірі қолын көрсетуді бастайды.

4-ойын: “Есінеушілер” (25 минут).

Мақсаты: зейінін дамыту.

Ойын тәртібі: Балалалар қол ұстасып бірінің артынан бірі жүреді. Жүргізушінің белгісі бойынша, (тоқта!) тоқтап, төрт рет шапалақ ұрып, 180 градусқа бұрылып және кейін қарай қозғалуды бастайды. Бағыт әр белгі сайын өзгереді. Егер бала шатасып немесе қателессе, ол ойыннан шығып, бөлмедегі орындыққа отырады. Ойында 2-3 бала қалған кезде ойын тоқтатылуы мүмкін. Олар жеңімпаздар болып табылып, оларға қол шапалақталады.

5-ойын: “Алфавит әріптері” (әріп танытын балалар үшін 25 минут)

Мақсаты: Зейінін дамыту.

Ойын тәртібі: Әр балаға алфавиттегі белгілі бір әріп таңылады (бекітіледі). Бастаушы әріпті айтқан кезде, әріп бекітілген бала бір шапалақ соғады.

6-ойын: “Жазу машинкасы” (әріп танытын балалар үшін 25 минут)

Мақсаты: Зейінін дамыту.

Ойын тәртібі: 5-ші ойындағы секілді әр балаға әріп таңылады, бекітіледі. Күрделі сөздерде Й, Ы әріптері жиі кездеспейтіндіктен, оларды берудің қажеті жоқ.

Бастаушы сөзді дауыстап, оны тақтаға бормен жазады. Көрсетілген сөзде әріптері тұрған балалар кезекпен алақандарымен шапалақтайды.. (бір шапалақтан). Сөз жазылып болғаннан кейін, барлық балалар алақанымен шапалақтайды.

Ойын сөздері: кірпі, үй, әке, ана, цирк, жібек, кесе, қаша, қол, қасық, су, бұқа, елтаңба, арай, түс, ара, орындық.

Ойынға ескерту: әр бала ойынға қатысуы үшін сөздерді таңдауы қажет.

Тақырып-2. Есте сақтау қабілетін дамыту.

7-ойын: “Менімен бірге қайтала” (25 минут)

Мақсаты: Естіп есте сақтау қабілетін дамыту.

Ойын тәртібі:

1-нұсқа. Бастаушы үстел басында отырады, балалар оның жан-жағынан қоршап тұр. Бастаушы үстелді қарындаштың бір ұшымен белгілі бір ырғақпен тоқылдатады. Ырғақ барысы қысқа және таза болуы шарт. Балалардың біреуі (қалауы бойынша) ырғақты қайталайды. Содан соң балалардан бастаушы: “Ильяс дұрыс қайталады ма?” – деп сұрайды. Егер балалардың біреуі дұрыс емес деп есептесе, ол өзінің жобасын ұсынады. (ырғақты қайталайды)

2-нұсқа. Бастаушы фортепьянода әнді қысқа ырғақта ойнайды. Бір балаға ырғақты қарандашпен үстелде ойнап беру ұсынылады. Әрі қарай 1 нұсқадағы сияқты.

Ескерту: Бастаушы ойнамай, музыка ырғағымен балалар әнінен бір мәтінді салып беруіне болады.

8-ойын: “Өз орныңды есте сақта” (25 минут).

Мақсаты: Естіп есте сақтау қабілетін дамыту.

Ойын тәртібі: Залда әр бала “өз орнын” сақтайды Мысалы: бір балада бұл орын – бұрыш, басқада – орындық, үшіншісінде – есік әйнегі, төртіншіде – зал ортасы, т.с.с. Содан соң барлық балалар

жүргізуші жанына топталып, команданы күтеді. Бастаушының “орындарыңа” әмірі бойынша орындарына қарай жүгіреді.

Ескерту: Бастаушы әмірін кез келген ырғақты әуенмен ауыстыруға болады.

9-ойын: “Рұхсат етілмеген қимыл” (25 минут)

Мақсаты: Еркіндікті дамыту.

Ойын тәртібі: Көңілді әуен ойнап тұрады. Балалар жарты шеңберге тұрады, ортасында – жүргізуші. Жүргізуші бірнеше қимылдарды көрсетеді, сол көрсеткен қимылдың біреуін қайталауға болмайды. Балалар барлық қимылдарды қайталайды, рұхсат берілмегеннен басқасын. Кім қателесе, сол жүргізуші болады.

10-ойын: “Доппен ойын” (25 минут).

Мақсаты: Өзін - өзі бақылауды қадағалау

Ойын тәртібі: Балалар көңілді әуенге билейді. Балалардың біреуінде доп болады. Ол допты лақтырғанда бір баланың атын айтады. Аты аталған бала жүгіріп допты ұстап алады. Ол ойланып, тағы басқа баланың атын айтып, допты лақтырады. Кім өзінің атын естімей қалса, ол ойыннан шығып, көрермен болып отырады.

Ескерту: Бала аттарының қайталанбауын бақылауы керек. Барлық бала ойынға қатысуы керек.

11-ойын: «Өз қалпыңды сақта» (25 минут)

Ойын мақсаты: Есту – тыңдау назарын (ықыласын) дамыту.

Ойын тәртібі: Әр бала «өз орнында» тұрады. Барлық балалар бастаушының әмірі бойынша белгілі бір қалыпты ұстауы қажет. (қалауы бойынша) Бастаушы балаларды айналып шығып, бір қалыпты ұстаған балаларға оны ауыстыруын ұсынады.

Содан соң көңілді әуен ойнайды. Әуеге балалар қозғалып билейді, жүгіреді және басқа (1 – 1,5 минут). Әуен кіл тоқтап, балалар ойыншының басында үйренген қалыптарына – өз орындарына жүгіруі қажет.

12-ойын: «Тыңда және орында» (25 минут)

Ойын мақсаты: Есте сақтауды және назарды (ықыласын)

дамыту.

Ойын тәртібі: Бастаушы көрсетпей, бірнеше әрекеттерді атайды. Бұл тапсырманы қайталауға 1-2 мәрте рұқсат беріледі. Бастаушымен айтылған ретте балалар бұл әрекеттерді өздерінің қозғалыстарында қайталауы қажет.

1-тапсырма. Басты оңға бұру, басты тіке бұру, басты төмен түсіру, басты тіке бұру.

2-тапсырма. Оң қолды жоғары көтеру, сол қолды жоғары көтеру, екі қолды төмен түсіру.

3-тапсырма. Солға (90 градусқа) бұрылу, отыру, тұру.

4-тапсырма. Оң аяқты көтеру, сол аяқпен тұру, оң аяқты қою.

13-ойын: «Бұзылған телефон» (25 минут).

Ойын мақсаты: Алғырлықты және назарды (ықыласын) дамыту.

Ойын тәртібі: Балалар арасынан қалауы бойынша бір жүргізуші шығады. Содан барлық балалар оған арқасымен тұрады және сығаламайды. Бала құпия түрде кез келген бір балаға келіп, оған белгілі бір қалыпты көрсетеді. (оны ол өзі ойлап шығарады) Содан кейін жүргізуші артқа бұрылып, шетке шығып тұрады, қалыпты көрсеткен бала, басқа бір қатысушыны таңдап алып және оған өзі көрген сол қалыпты көрсетеді... т.с.с. Бүкіл балаларға қалып көрсетіліп болғаннан кейін, олар шеңбер жасап бір-біріне қарап тұрады. Жүргізуші өзінің қалпын көрсеткеннен кейін балалар арасында ойынды соңғы аяқтаған бала қалпын көрсетеді. Бірінші және соңғы қалыптар теңестіріледі.

Ескерту: Қалыптар әр түрлі болуы қажет, егер балалар өз қалыптарының әр түрлі болуынан ұялса, оларға солай болуы керектігін түсіндіру қажет, “бұзылған телефон” жайлы айтып беріңіз.

14-ойын: «Осы қалыптар» (25 минут)

Ойын мақсаты: бақылау қабілетін және назарды (ықыласын) дамыту.

Ойын тәртібі: Балалар қалауы бойынша топтан 5 бала шығады.

Олардың біреуі - жүргізуші. Басқа балалар орындыққа отырады, олар – көрермендер. Таңдап алынған 5 баланың төртеуі жүргізушіге өз қалыптарын көрсетеді. Ол үстелдерді айналып, балалардың қалпын есте сақтап қалады. Содан кейін балалар залға кетеді және орындыққа отырады, ал жүргізуші олардың қалыптарын көрген реті бойынша қайталайды. Залдағы көрермендер қалыптар дұрыс қайталанды ма, жоқ па туралы айқайлайды. Егер қалып дұрыс көрсетілмеген жағдайда, көрермендер арасынан сахнаға бір бала шығып, қайталап көрсетеді.

15-ойын: « Тәртіпті есте сақта» (25 минут).

Ойын мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту.

Ойын тәртібі: 5-6 бала таңдап алынады. Қалғандары – көрермендер.

Таңдап алынған балалар арасынан біреуі – жүргізуші. Қалған 4-5 бала паравоз болып құралады. Жүргізуші құрылған паравозға 1 минуттай қарап тұрады, содан соң артқа бұрылып, балалардың атымен атап, паравозда тұрған ретімен санап беруі керек.

Содан кейін ойыншылар көрермендерге айналып, сахнаға басқа балалар шығады.

Ескерту: Егер балалар ойыннан шаршап, оған көңілсіздік танытса, ойында 25 минуттан артық ойнатпаңыз және басқа ойынға көшіңіз. Балалардың көңілінен шыққан ойындарды қайталауға болады. Балаларға қиындық туғызатын ойындарды бірнеше рет қайталау ұсынылады.

16-ойын: « Кім не істеді» (25 минут).

Ойын мақсаты: бақылаушылық және есте сақтау қабілетін қабылдауды дамыту.

Ойын тәртібі: Балалар тобынан 3-4 бала таңдап алынады. Таңдап алынғанның біреуі – жүргізуші. Қалған балалар – көрермендер. Таңдап алынған 2-3 бала кезекпен жүргізушіге әртүрлі әрекеттерді көрсетеді. Ол қарап және есінде сақтайды. Содан соң ол оларды көрген тәртіптік реті бойынша қайталайды.

Ескерту: Мүмкіндігінше, ойынды фонограммамен өткізген

дұрыс. (көңілді әуенмен)

17-ойын: «Суретші» (25 минут).

Ойын мақсаты: бақылаушылық және есте сақтау қабілетін қабылдау мүмкіндіктерін дамыту.

Ойын тәртібі: Балалар тобынан 2 бала таңдап алынады. Қалған балалар – көрермендер. Таңдап алынған баланың біреуі – суретші (қалауы бойынша), екіншісі – оған өзінің портретіне тапсырыс береді. Суретші ұқыпты түрде өзінің тапсырыс берушісіне қарайды (1,5 – 2 минут). Содан соң ол артқа бұрылып, есте сақтауы бойынша бірінші баланың түрін суреттейді.

Ескерту:

1. Егер суретші баяу қимылдаса, оған: «Ақеркенің шаштары қандай?», «Оның көздері қандай?» Ол қандай киімдер киген?» - деген сұрақтар қоюға болады. т.с.с.

2. Балалар намысына тиетін көзқарастарды айтуға тыйым салынады.

3. Мұғалім: - «Қане, Ақерке қандай сұлу ?» деген балалардың сыртқы әдеміліктерін көрсетуі керек.

18-ойын: «Айналар» (25 минут).

Ойын мақсаты: бақылаушылық және коммуникативтік мүмкіндіктерін дамыту.

Ойын тәртібі: Балалар тобынан бір жүргізуші таңдап алынады. Ол көп айнасы бар дүкенге келді деп есептелінеді. Жүргізуші ортада тұрады, ал балалар жартылай шеңбер жасап, оның жанында тұрады (Жүргізуші және мұғалім ойнаушылардың біреуі болуға болады.) Жүргізуші қимылды көрсетеді, ал «айналар» сол қимылды сол сәтте-ақ қайталайды.

Жүргізуші сан түрлі қимыл көрсетуіне болады.

Ескерту: Жүргізуші рөлінде барлық балалар болуы қажет.

19-ойын: «Барлаушылар» (25 минут).

Ойын мақсаты: бақылаушылық, есте сақтау, коммуникативтік және ұйымдастыру қабілетін дамыту.

Ойын тәртібі.

1-нұсқа. Балалар тобынан «Барлаушы» және «Командир» тандап алынады. Қалғандары – «Жасақ». Бөлмеде орындықтар ебедейсіз жағдайда орналасқан. «Барлаушы» орындықтар арасымен жан-жақтан өтеді, «Командир» «Барлаушы» әрекеттерін бақылап тұр. Содан кейін ол «Жасақты» «Барлаушы» көрсеткен жолмен өткізеді. Содан кейін екінші «Барлаушы» жаңа жол салады және басқа «Командир» оны қайталайды, т.с.с.

2-нұсқа. Жалпы ойын тағы сол сияқты өткізіледі, бірақ «Командир» «Жасақты» «Барлаушы» өз жолын аяқтаған жермен жүргізеді және «Барлаушы» шыққан жерге апарады.

3-нұсқа. Өзін өзі бақылауды және еркін қозғалыстарды дамыту.

20-ойын: «Жалауша» (25 минут).

Ойын мақсаты: гипербелсенділіктен өту, өзін өзі бақылауды дамыту.

Ойын тәртібі: Әуен ойнап тұр (*дұрысы марштық*) және балалар әуенге қозғалуда (маршпен немесе еркін қозғалыста) бастаушы әмірі (*жалауша немесе қолын көтергенде*) бойынша барлық балалар бастаушы берген әмірдегі қалыпта тоқтап, қатып қалулары керек (*5 – 7 секунд*). Әуен ойнауы жалғаса береді. Содан кейін бастаушы әмірі бойынша қайтадан қозғала бастайды.

21-ойын: «Тыйым салынған нөмір» (25 минут)

Ойын мақсаты: өзін өзі бақылауды, өзіндік тәртіпті, сонымен қатар санау қабілетін күшейтуді дамыту.

Ойын тәртібі. Белгілі бір сан тандап алынады, мысалы – 4. Сағат белгісі бойынша балалар шеңберге тұрып кезекпен 1,2,3... санайды. Кезек төртінші балаға келгенде ол санды айтпайды, шапалақпен алақанын 4 рет соғады. Тыйым салынған ретінде 4,7,11,14,15,18,21,23, 25 сандары алынады. (25-ке дейін санаған жағдайда.)

22-ойын: «Тоқта» (25 минут).

Ойын мақсаты: Өзін өзі бақылауды және еркін қозғалыстарды дамыту.

Ойын тәртібі. Марштық әуен ойнап тұр. Балалар маршпен қозғалып тұр. Кенеттен әуен үзіліп қалады, бірақ балалар маршпен қозғалуды жалғастыра береді. 1 – 1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады, ал балалар қозғалады, содан кейін 3 – 4 минуттан кейін әуеннің кенеттен тоқтап қалуы қайталанады, балалар маршпен қозғалып тұр, т.с.с.

23-ойын: «Қатып қал» (25 минут).

Ойын мақсаты: Еркін қозғалыстарды дамыту.

Ойын тәртібі. Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады, балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1 – 1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады.

24-ойын: «Сиқырлы сөз» (25 минут).

Ойын мақсаты: Еркіндікті, өзін өзі бақылауды және назарды дамыту.

Ойын тәртібі.

1-нұсқа. Балалар және бастаушы шеңберге тұрады. Бастаушы әр түрлі қозғалыстар көрсететіндігін түсіндіреді, ал балалар бастаушының пожалуыста деген сөзінен кейін ол қозғалыстарды қайталауы қажет. Егер бұл сөзді бастаушы айтпаса, балалар қозғалыссыз қалады.

Ескерту: 1 – 5 қозғалыстан кейін бастаушы сиқырлы сөзді белгісіз тәртіпте қайталайды.

2-нұсқа. Ойын тәртібі 1 нұсқадағы сияқты еш өзгеріссіз, бірақ кім қателессе, сол ортаға шығып нөмір орындауы керек (ән айтып беруі керек, өлең оқу, жаңа ойын ойлап табу және басқа)

Ескерту: Егер балалардың ішінде балалар ойыннан бас тартып жатса, оны мәжбүрлеудің қажеті жоқ, ойынды жалғастыра беріңіз.



Әлия КӘКІМҚЫЗЫ,
Д.Серікбаев атындағы
Шығыс Қазақстан мемлекеттік
техникалық университетінің
оқытушысы.

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге көмектесетін бағдарлама. [3]

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екендігін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя салыстыру, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікті ұстап зерттеу, оларды жеңіл синтетикалық ойларға қарсы қоя салыстыру, оларға сеніммен қарайтын белгілі бір жүйелілікке түсіріп қолдану.

Сын тұрғысынан ойлау – идеялармен бар мүмкіндікті шығармашылықпен қарап, жақындастыратын концепциялар мен ақпараттарды қайтадан түйіндеп тұжырымдайтын құбылыс.

Сын тұрғысынан ойлаудың негізгі мәні:

1. Жаңа ситуацияда қолдана алатын ұтымды және ұзақ мерзімдік оқу негізінен ақпараттар мен идеялар туралы қолма-қол ой, пікір айту. Егер де оқу белсенділікпен үйреніп, талданса және берілген ақпараттардың соңында, оның өз тәжірибесінің, білімінің бір бөлігі ретінде айта қалсақ – бұл іс-әрекет өте жақсы жасалынады.

2. Егер оқушы ойлау іс-әрекетінде үнемі тұрақты стратегияны қолданып отырса, онда оның білімі даму деңгейіне жетеді.

3. Оқушының жаңа үйренгенін нағыз өмірде қолдану мүмкіндігі болса, онда оның үйренуі мен сын тұрғысынан ойлау дәрежесі

өседі.

4. Шәкірттің білім деңгейі өседі, ол оны өзінің байырғы білімі мен жаңа ақпаратты сабақтастыруға мүмкіндік жасалынса.

5. Мұғалім ой мен тәжірибенің әр түрлілігін және мәнін түсінсе, сонда ғана сын тұрғысынан ойлау мен жазу іс-әрекеті болады.

Орыс аудиторияларындағы шәкірттердің сөз байлығын дамытуда, оларды қазақша сауатты жазып, дұрыс сөйлей білуге үйретуде, ең алдымен, мынадай талаптар атқарылуы керек.

Әрбір сөзді тұрақты түрде естерінде сақтаулары керек.

Оқушыға үйрететін сөздің көпшілігі күнделікті өмірде кездесіп отыратын сөз болуы керек.

Әрбір үйретілген сөз қайталанып отыруы шарт.

Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру арқылы дұрыс сөйлеуге үйретуіміз керек.[1]

Оқушы бірлесіп үйренуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауда, ортақ мәселелерді талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында, жаңалықтар ашу барысында жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды кесте арқылы көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады. Бірлесіп жұмыс жасағанда мына жайттарды еске ұстау қажет: сыйластық; жауапкершілік; топқа бөлгендегі әр тектілікті ұмытпау; топтың барлық мүшелерінің кезекпен сөйлеу дағдысын үйрету; тікелей сөйлеуде әлеуметтік қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; мұғалімдердің, оқушылардың топ ішінде сөйлеуін бақылау және қажет кезде кірісіп сөйлеп кету; топта ұтымды жұмыс істеу.

Осындай топта бірлесіп жұмыс істеп үйренген оқушылардың білімдері нәтижелі болады, шыңдалады.

Бірлесіп жұмыс жасауда қол жеткізуге болатын жетістіктер: оқушының, ең алдымен, есте ұстау қабілетінің жоғарылауы; жиі-жиі ой талқысын жасау және терең түсінікпен ойлаудың дамуы арқылы оқушыны сөйлету; сабақта өз бетімен бақылаусыз отырғаннан гөрі оқушылардың жұмыс басты болуы; бір нәрсеге үйрету мәнді түрде қызығушылығының оянуы; бірлесіп жұмыс жасау кезінде топ мүшелерінің ұлтына, жынысына, қабілетіне,

элеуметтік жағдайына қарамай олардың бір-біріне дұрыс көзқараспен қарап, ойларын түсінеді.

Оқушылар жұмыс жасау барысында бір-біріне көмектесіп, ойларын ортаға салады, ынталарына күш-қуат бере отырып, өздерінің білім алуын көтермелейді, оқуға, жазуға, тындауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктер беретін ортада оқушы өз пікірлерін еркін жеткізуіне жағдайлар жасайды. [2]

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының философиясын түсініп, әдістерін тиімді пайдаланған кезде мынандай жетістіктерге жетуге болады:

1. Мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады.
2. Оқушылар өз бетінше ізденуге үйренеді.
3. Сұрақ қойып, сұрақтарға жауап беруге машықтанады.
4. Тақырыпқа деген жан-жақты түсінігін аңғара отырып, ынтасын одан әрі дамытуға мүмкіндік жасалады.
5. Ой идеясының ішкі астарына үңілуге, өзекті мәселеге терең барлауға бағыт беріледі.
6. Ақпаратты саралауға, жүйелі жүргізуге дағдыланады.
7. Оқушылардың шығармашылық белсенділіктері және сын тұрғысынан ойлау әрекеттері бағаланады.
8. Сын тұрғысынан ойлай отырып, өзіндік белсенділіктің болуы да білімге құлшынысты, жаңалықты ашуға, ізденуге, қиындыққа төзуге үйретеді.

Сын тұрғысынан ойлаудың әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. [4]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде». №1/2004 ж. «Ой қозғау – ынталандырудағы танымдық тәсілдің бірі».
2. З.Рахметова «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы». «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде». №1/2004 ж.
3. Қазақ әдебиеті энциклопедиясы А., «Білім», 1993.
4. Ш.Алтаева. «Сыни ойлау – шындалған ойлау». Қазақ тілі мен әдебиеті. №7/2003.

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 20.12.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1400. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№12, 2011 ж., 144 бет, Алматы.